

**«Павлодар қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім**



**Павлодар облысында 2025 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндер**

**Знаменательные и памятные даты
Павлодарской области на 2025 год**

**Павлодар
2024**

**«Павлодар қадасының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім**



*Павлодар облысында 2025 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндер*

*Знаменательные и памятные даты
Павлодарской области на 2025 год*

Павлодар

2024

Павлодар облысында 2025 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер
- Павлодар, 2024. – 83 б.

Құрастырған: Ахметова Г. Қ.
Редактор: Бораналинова А. К.
Тоқатова Ж. М.

АЛҒЫ СӨЗ

Сіздің қолыңызда күнтізбенің кезекті басылымы. Жыл сайын ОҚК-ның ақпараттық-библиографиялық бөлімі «Павлодар облысында 2025 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» / «Знаменательные и памятные даты Павлодарской области на 2025 год» ұсыным көрсеткішін шығарады.

Күнтізбе дәстүрлерінің бірі – кезекті жылдың басты тақырыбын белгілеу. Аталмыш басылымға арналған осындай тақырыптар:

- Жеңіс күнінің 80 жылдығы, осыған байланысты күнтізбеге Кеңес Одағының Батырлары - біздің жерлестеріміздің мерейтойлық даталары енгізілді - **М. Қайырбаев, И. И. Кривенко** (100 жыл), **И. Г. Ледовский, С. И. Маковский, И. А. Скляр** (100 жыл), Даңқ орденінің толық иегері **В. Т. Христенко** (100 жыл);

- екі халықтың даңқты перзенттері – біздің жерлесіміз **Г. Н. Потанин** мен қазақ ғалымы **Ш. Ш. Уәлихановтың** 190 жылдықтары сияқты даталар да аталып өтіледі;

- мәдени өмірде көрнекті өнер шеберлері аталып өтіледі - **А. Қ. Шанин** (120 жыл), **К. А. Струнина** (110 жыл), **Қ. Ә. Әбусейітов** (100 жыл), **Ш. Қ. Әбілев** (75 жыл) және т.б.;

- күнтізбеге білім мен ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан біздің жерлестеріміздің мерейтойлық даталары кірді – тарих ғылымдарының докторы **Е. Б. Бекмаханов** (110 жыл), биология ғылымдарының докторы **Т. А. Прозорова** (85 жыл), кітапханашы **Л. М. Грезина** (95 жыл), тарих ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы **Б. А. Куватов** (85 жыл), журналист, өлкетанушы **В. С. Молотов** (110 жыл);

- облыстың әдеби өмірінде жазушылар мен әдебиеттанушылар, ақындар мен жазушылар ұсынылды: **Ж. М. Байжанов** (190 жыл), **И. Байзақов** (125 жыл), **Қ. Исабаев** (100 жыл), **Р. Тоқтаров** (90 жыл), **Вс. В. Иванов** (130 жыл), ғалым-әдебиеттанушы **Т. К. Ақшолақов** (110 жыл), ақын **К. Боранбаев** (110 жыл), **Е. Ерботин** (85 жыл); Мерейтойлық даталарды атап өтетіндер:

- **А. П. Чехов** атындағы Павлодар облыстық драма театры - 80 жыл (1945);

- **П. Васильев** атындағы әдеби бірлестік - 70 жыл (1955);

- Павлодар индустриалды институты (қазір Торайғыров университет) - 65 жыл (1960);

- Павлодар облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы - 30 жыл (1995);

- **Бұқар жырау** атындағы әдебиет және өнер мұражайы - 35 лет (1990);

- **Ж. Аймауытов** атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық-драма театры - 35 жыл (1990).

Басылымның басты мақсаты: кәсіби мамандар мен оқырмандардың барлық санатына, білімнің барлық салалары бойынша, қоғамдық және саяси өмір, қоғамдық ғылымдар мен кітапханалық іс бойынша барынша нақты сараланған ақпарат ұсыну. Оның көмегімен кітапханаларда, мектептерде, клубтар мен өзге де мәдениет мекемелерінде түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлау ыңғайлы болады.

«Күнтізбе...» отандық және әлем тарихын еске алуға мүмкіндік береді, қазақстандық және әлемге танымал әдебиет, өнер, ғылым мен техниканың ірі қайраткерлері туралы баяндайды.

Көрсеткіш материалдары бірнеше бөлімде жүйеленген. Олардың тізімі көрсеткіш мазмұнында берілген.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін «Күнтізбе...» «Күнтізбеде берілген павлодарлық есімдер алфавиттік көрсеткішімен» қамтылған.

Әрбір материалдың басында белгілі тұлғаның туғанынан бері өткен немесе сол не басқа оқиғамен байланысты атаулы күннің жыл саны көрсетілген. Даталар мен қажетті мәліметтерді анықтау үшін анықтамалық-библиографиялық аппарат пен Орталық қалалық кітапхананың кітап қоры пайдаланылды.

«Күнтізбе...» Орталық қалалық кітапхананың сайтында орналастырылған, бұл оның мазмұнына барлық пайдаланушылардың шұғыл жүгінуіне мүмкіндік береді. Құрастырушылар оқырмандардан көрсеткіш туралы өз ұсыныстары мен тілектерін білдіруді сұрайды.

Электрондық мекенжай: cbs.ibo@mail.ru

Біздің мекенжай: cbspvl.kz

Павлодар қ. С.Торайғыров көш., 44 / 1

Павлодар қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі

Ақпараттық-библиографиялық бөлімі

Тел.: 53-38-80

2025 жылға Павлодар облысының аталып өтілетін және еске алынатын күндері

Қаңтар

- 1 қаңтар Кеңес Одағының Батыры **М. Қ. Қайырбаевтың** туғанына 100 жыл (1925-1996)
- 1 қаңтар суретші **Қ. Қ. Нұркеновтің** туғанына 75 жыл (1950)
- 3 қаңтар Павлодар облысының зағип және көзі нашар көретін азаматтарына арналған арнайы кітапхананың ашылғанына 55 жыл (1970)
- 4 қаңтар ғалым-әдебиетші, журналист **Т. Ақшолақовтың** туғанына 110 жыл (1915-2010)
- 6 қаңтар актер, режиссер, драматург **А. Шаниннің** туғанына 120 жыл (1905-1986)
- 7 қаңтар ауыл шаруашылығының үздігі, Социалистік Еңбек Ері **М. Омаровтың** туғанына 120 жыл (1905-1983)
- 13 қаңтар жазушы, журналист **Р. Тоқтаровтың** туғанына 90 жыл (1935-2000)
- 13 қаңтар облыстық коммерциялық телеарна (**КТК**) каналының алғашқы рет жарыққа шыққанына 35 жыл (1990)
- 15 қаңтар **«Космос» кинотеатры** пайдалануға тапсырылғанына 60 жыл (1965) (қазіргі «Қ. Әбусейітов атындағы мәдени-сауық орталығы»)
- 26 қаңтар ғалым-тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы **Б. А. Куватовтың** туғанына 85 жыл (1940-1997)
- 28 қаңтар филология ғылымының кандидаты **О. Қ. Жармакиннің** туғанына 90 жыл (1935)
- 31 қаңтар **Успенка** және **Железинка** аудандарының құрылғанына 90 жыл (1935)

Ақпан

- 4 ақпан ақын, журналист **В. Куприннің** туғанына 75 жас (1950)
- 10 ақпан ақын **Т. Гариповтың** туғанына 70 жас (1955)
- 12 ақпан актер, ҚазКСР-ң Еңбек сіңірген әртісі **Н. М. Атахановтың** туғанына 120 жыл (1905-1974)
- 15 ақпан ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор **Е. Б. Бекмахановтың** туғанына 110 жыл (1915-1966)
- 20 ақпан ғалым, техника ғылымдарының докторы **Ф. К. Бойконың** туғанына 105 жыл (1920-2007)
- 23 ақпан социологиялық ғылымдар докторы, профессор **В. П. Шеломенцеваның** туғанына 80 жас (1945)
- 24 ақпан жазушы **Вс. В. Ивановтың** туғанына 130 жыл (1895-1963)
- 24 ақпан Қазақстанның құрметті журналисі, ұстаз, Еңбек ардагері **Ж. Қ. Бижанның** туғанына 85 жыл (1940-2021)
- 25 ақпан қоғам қайраткері, Павлодар облысының Құрметті азаматы **Н.П. Шабраттың** туғанына 85 жас (1940)
- 25 ақпан **«Айреник» («Родина»)** армян этно-мәдени орталығының құрылғанына 30 жыл (1995)

Наурыз

- 2 наурыз Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Полония» ПОП төрағасы **В.З. Свинцицкийдің** туғанына 70 жас (1955)
- 4 наурыз ғалым-дәрігер, профессор **П.І. Кәкенованің** туғанына 90 жас (1935)
- 5 наурыз ақын, аудармашы, журналист **С. Қ. Сатыбалдиннің** туғанына 75 жас (1950)
- 12 наурыз мұрағатшы және өлкетанушы **Л. В. Шевелеваның** туғанына 80 жас (1945)
- 13 наурыз инженер-металлург, қоғам қайраткері, Павлодар қаласының құрметті азаматы **А. Н. Жазиннің** туғанына 90 жыл (1935-2020)
- 15 наурыз ғалым, экономика ғылымдарының докторы **Б.А. Вахламовтың** туғанына 95 жыл (1925-2000)
- 16 наурыз **Павлодар өзен портының** құрылғанына 60 жыл (1965)
- 22 наурыз фото-суретші, ҚР, РФ Суретшілер Одағының мүшесі **Е. Ниязовтың** туғанына 85 жыл (1940-2009)
- 23 наурыз ғалым-экономист, экономика ғылымдарының докторы **Т.Ә. Әбдіразақовтың** туғанына 105 жыл (1920-2015)
- 23 наурыз мәдениет қызметкері, кітапханашы **Л.М. Грезинаның** туғанына 95 жыл (1930-1993)

- 25 наурыз ғалым-биолог, биология ғылымдарының докторы **Қ. У. Базарбековтің** туғанына 85 жыл (1940-2022)
- 28 наурыз ҚазССР-інің Еңбек сіңірген дәрігері **А.Д. Антонованың** туғанына 115 жыл (1910-1976)
- 28 наурыз ғалым-биолог, биология ғылымдарының докторы **Ж.Қ. Шаймардановтың** туғанына 70 жас (1955)
- 29 наурыз ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **Қ.Ж. Құрмановтың** туғанына 95 жыл (1930-2020)

Сәуір

- 6 сәуір Павлодар облысында **Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясының** құрылғанына 30 жыл (1995)
- 8 сәуір актер, әнші, ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген әртісі **Қ. Байырманұлының** туғанына 120 жыл (1905-1986)
- 12 сәуір Даңқ орденінің толық иегері **В.Т. Христенконың** туғанына 100 жыл (1925-2010)
- 14 сәуір ақын **Э. Вагановтың** туғанына 100 жыл (1925-2005)
- 16 сәуір суретші **Н. П. Бекетовтың** туғанына 70 жыл (1955)
- 20 сәуір қоғам қайраткері **Қ. Жармакиннің** туғанына 120 жыл (1905-1995)
- 20 сәуір журналист және жазушы **С. А. Горбуновтың** туғанына 75 жыл (1950)
- 23 сәуір әнші, ҚР Еңбек сіңірген әртісі **Ш. Қ. Әбілевітің** туғанына 75 жыл (1950)
- 23 сәуір **Павлодар облыстық радиосының** алғашқы рет республикалы эфирге шыққанына 60 жыл (1965)
- сәуір **Чуваш қоғамдық-мәдени орталығының** құрылғанына 30 жыл (1995)

Мамыр

- 5 мамыр журналист және жазушы **В.С. Молотовтың** туғанына 110 жыл (1915-2008)
- 6 мамыр фотожурналист, өлкетанушы, ҚР кинематографиясының мүшесі **Ж. М. Сейтеновтің** туғанына 70 жас (1955)
- 6 мамыр Павлодар қаласының құрметті азаматы, фин және Ұлы Отан соғысының ардагері **Г.И. Сарычевтің** туғанына 110 жыл (1915-2002)
- 6 мамыр халық әншісі, әнші-композитор **Майра Шамсутдинованың** туғанына 135 жыл (1890-1927)
- 9 мамыр Павлодар қаласында **Даңқ ескерткішінің** ашылғанына 50 жыл (1975)
- 10 мамыр техника ғылымдарының кандидаты, ҚР Еңбек сіңірген қызметкері, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **А. А. Әлкеневтің** туғанына 90 жыл (1935-2019)
- 13 мамыр қоғам және мемлекет қайраткері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты **Қ. Қ. Әшімбетовтің** туғанына 90 жыл (1935-1993)
- 16 мамыр ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген әртісі, актриса **Н.М. Запрудневаның** туғанына 85 жас (1940)
- 17 мамыр архитектор, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **И. Д. Рязанцевтің** туғанына 95 жыл (1930-2012)
- 17 мамыр «Возрождение» неміс қоғамының құрылғанына 35 жыл (1990)
- 19 мамыр педагог, ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген мұғалімі **Н.Е. Алексеевтің** туғанына 140 жыл (1885-1970)
- 20 мамыр ҚР-ның Еңбек сіңірген әртісі, актриса **Р. І. Тәжібаеваның** туғанына 70 жас (1955)
- мамыр «Беларусь» мәдени орталығының құрылғанына 25 жыл (2000)

Маусым

- 5 маусым Кеңес Одағының Батыры, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **И.И. Кривенконың** туғанына 100 жыл (1925-2001)
- 6 маусым ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген геологы, өлкетанушы, **С.М. Мурзалевтің** туғанына 110 жыл (1915-1985)
- 7 маусым ақын **Ю.А. Мостовойдың** туғанына 80 жас (1945)
- 15 маусым Кеңес Одағының Батыры **И.Г. Ледовскийдің** туғанына 105 жыл (1920-1988)
- 22 маусым скульптор **И.И. Виноградовтың** туғанына 100 жыл (1925-1996)
- 26 маусым актер **В.Н. Кульбачконың** туғанына 85 жыл туғанына (1940-2011)

Шілде

- 5 шілде жазушы, аудармашы, Жазушылар Одағының мүшесі **А. Жақсыбаевтың** туғанына 85 жас (1940)
- 12 шілде суретші **П.Г. Величконың** туғанына 95 жыл (1930-2009)
- 15 шілде ақын **Қ. Боранбаевтың** туғанына 110 жыл (1915-1978)
- 15 шілде ҚазССР-нің футболдан Еңбек сіңірген жаттықтырушысы **В.Г. Веретновтың** туғанына 80 жыл (1935-1999)
- 15 шілде Ж. Аймауытов атындағы қазақ театрының актері **С.Н. Бекболатовтың** туғанына 70 жыл (1955-2020)
- 25 шілде ғалым-филолог, филология ғылымдарының докторы **Ш.Қ. Сәтбаеваның** туғанына 95 жыл (1930-2002)

Тамыз

- 7 тамыз график-суретші **З.А. Соболеваның** туғанына 90 жас (1935)
- 12 тамыз Баянауыл паркіне «**Баянауыл мемлекеттік ұлттық паркі**» статусы берілгеніне 40 жыл (1985)
- 15 тамыз ақын -драматург, журналист **А. Теміржановтың** туғанына 115 жыл (1910-1962)
- 16 тамыз педагог, Қаз КСР-ң Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері **Д.А. Қапашевтың** туғанына 100 жыл (1925-2011)
- 23 тамыз Павлодар қаласында **Орталық телевидениенің** трансляция бере бастағанына 55 жыл (1970)
- 25 тамыз жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері **Қ. Исабаевтың** туғанына 100 жыл (1925-2015)
- 29 тамыз ақын **А. Каркавиннің** туғанына 75 жас (1950)

Қыркүйек

- 2 қыркүйек Қаз КСР-ң Еңбек сіңірген дәрігері, Ұлы Отан соғысының ардагері **К.Н. Петуховтың** туғанына 120 жыл (1905-1995)
- 7 қыркүйек ғалым, философия ғылымдарының докторы, Ұлы Отан соғысының ардагері **Ж. Жандосовтың** туғанына 110 жыл (1915-2005)
- 10 қыркүйек Кеңес Одағының Батыры **И.А. Склярловтың** туғанына 105 жыл (1920-1992)
- 14 қыркүйек журналист-жазушы **М.Қ. Дәуренбековтің** туғанына 90 жыл (1935-2011)
- 15 қыркүйек ғалым, физика-математика ғылымдарының кандидаты, өлкетанушы **Ж.М. Мардановтың** туғанына 80 жыл (1945-2001)
- 17 қыркүйек Ж. Аймауытов атындағы қазақ театрының актері **Б. Қ. Оқасовтың** туғанына 50 жыл (1975-2018)
- 19 қыркүйек ғалым-педагог **Қ.М. Арынғазиннің** туғанына 90 жас (1935)
- 19 қыркүйек **А. Чехов атындағы облыстық драма театрының** құрылғанына 80 жыл (1945)
- 20 қыркүйек **Павлодар индустриалды институтының** (қазір Торайғыров университет) құрылғанына 65 жыл (1960)
- 22 қыркүйек ғалым-биолог, биология ғылымдарының докторы **Т.А. Прозорованың** туғанына 85 жас (1940)
- 29 қыркүйек ақын **В. Г. Бутовтың** туғанына 85 жас (1940)

Қазан

- 3 қазан ақын-импровизатор, композитор **И. Байзақовтың** туғанына 125 жыл (1900-1946)
- 4 қазан орыс саяхатшысы, этнограф және географ **Г.Н. Потаниннің** туғанына 190 жыл (1835-1920)
- 13 қазан жазушы, журналист **Е. Ерботиннің** туғанына 85 жыл (1940-1992)
- 16 қазан Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, режиссер **Е. Қ. Тәленовтың** туғанына 80 жыл (1945-2020)
- 18 қазан ақын-импровизатор **Ж.М. Байжановтың** туғанына 190 жыл (1835-1929)
- 18 қазан Павлодар өңірін зерттеуші, тарихшы және археограф **Г.Ф. Миллердің** туғанына 320 жыл (1705-1783)
- 18 қазан Павлодар қаласында трамвай көлігінің алғаш рет жүргеніне 60 жыл (1965)
- 20 қазан құрметті теміржолшы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **Т. Қоңырбаевтың** туғанына 110 жыл (1915-1983)

- 25 қазан актер және режиссер **Ж. Әбілтаевтың** туғанына 115 жыл (1910-1982)
- 25 қазан ғалым-дәрігер, медицина ғылымының докторы **Ә.Р. Шөкиннің** туғанына 100 жыл (1925-1996)
- 25 қазан Қаз КСР-ң Еңбек сіңірген құрылысшысы, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **А.В. Андроновтың** туғанына 100 жыл (1925-1999)
- 25 қазан өлкетанушы, тарихшы **И.Б. Ислямұлының** туғанына 65 жас (1955)
- 26 қазан **П. Васильев атындағы әдеби бірлестік** жиынының ашылғанына 70 жыл толды (1955)

Қараша

- 3 қараша Қаз КСР-нің Еңбек сіңірген әртісі, актриса **К.А. Струнинаның** туғанына 110 жыл (1915-1980)
- 4 қараша ғалым, техника ғылымдарының докторы **В.О. Волошиннің** туғанына 90 жыл (1935-2004)
- 7 қараша **Павлодар телеарна орталығының** жұмыс жасай бастағанына 60 жыл (1965)
- 14 қараша журналист, өлкетанушы **К.С. Тюриннің** туғанына 95 жыл (1930-1987)
- 15 қараша ғалым-дәрігер, медицина ғылымының докторы, профессор, Ұлы Отан соғысының ардагері **Х.Д. Мақажановтың** туғанына 110 жыл (1915-1987)
- 17 қараша құрылысшы-инженер, шаруақор және әкімшілік қызметкер **М.М. Серғазиннің** туғанына 80 жыл (1945-2012)
- 27 қараша Кеңес Одағының Батыры **С. Маковскийдің** туғанына 105 жыл (1920-2000)
- қараша педагог, ауыл мектебін ұйымдастырушы **Ғ.С. Баяндиннің** туғанына 125 жыл (1900-1970)
- қараша **Екібастұз шыны жасау зауытының** іске қосылғанына 80 жыл (1945)
- қараша Павлодар қаласында алғашқы **балалар** ауруханасының ашылғанына 105 жыл (1920)

Желтоқсан

- 5 желтоқсан ғалым-педагог, педагогика ғылымының докторы **И.Б. Мадиннің** туғанына 110 жыл (1915-2001)
- 6 желтоқсан кинорежиссер, актер және музыкант, ҚазКСР-інің Еңбек сіңірген әртісі **Қ.Ә. Әбусейітовтің** туғанына 100 жыл (1925-2002)
- 6 желтоқсан актер, сахна ардагері **С. Тәжібаевтің** туғанына 75 жыл (1950-2021)
- 7 желтоқсан **Ж. Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театрының** құрылғанына 35 жыл (1990)
- 17 желтоқсан ақын **Ж. Нұркеновтің** туғанына 85 жыл (1940-1997)
- 24 желтоқсан ғалым-педагог **М.Х. Балтабаевтың** туғанына 85 жыл (1940-2007)
- 25 желтоқсан ғалым-тарихшы, журналист **Қ.Н. Бекхожиннің** туғанына 115 жыл (1910-1979)
- 27 желтоқсан ғалым, техника ғылымдарының докторы **Ә.С. Сағыновтың** туғанына 110 жыл (1915-2006)
- 28 желтоқсан ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген мұғалімі **Р.А. Молдабекованың** туғанына 100 жыл (1925-1996)
- 28 желтоқсан журналист, өлкетанушы **А.Б. Бәделханның** туғанына 95 жыл (1930-2009)
- 28 желтоқсан ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген әртісі, актер **М.Г. Бушуевтің** туғанына 125 жыл (1900-1969)
- желтоқсан «Татар-башқұрт этно-мәдени бірлестігінің» құрылғанына 35 жыл (1990)

Күні мен айы белгіленбеген Павлодар облысының 2025 жылға арналған еске алынатын және аталып өтілетін күндер тізімі

- Ақын **Қобылан Бөрібайұлының** туғанына 265 жыл (1760-1840)
- Халық ақыны **Көтеш Райымбекұлының** туғанына 280 жыл (1745-1818)
- Жазушы, аудармашы және журналист **Қ. Б. Тайшықовтың** туғанына 125 жыл (1900-1937)
- Ақын, қоғам қайраткері **С. Шормановтың** туғанына 175 жыл (1850-1927)
- Халық әншісі, домбырашы **Б. Ержановтың** туғанына 165 жыл (1860-1938)
- Педагог, қоғам қайраткері **А. А. Барлыбаевтың** туғанына 145 жыл (1880-1937)
- Ақын **С. Әмірәмзәұлының** туғанына 165 жыл (1860-1923)
- Ағартушы **Қ. М. Ертісбаевтың** туғанына 155 жыл (1870-1931)

Педагог, ағартушы, халық ағарту ісін ұйымдастырушы **Т. Нуркиннің** туғанына 140 жыл (1885-1937)

Ақын-импровизатор **Момын Әшірбековтың** туғанына 135 жыл (1890-1973)

Ақын-импровизатор **Ж. Жолдиновтың** туғанына 130 жыл (1895-1983)

Ағартушы, Қаз КСР-і Еңбек сіңірген мұғалімі **Х. Шаяхметовтың** туғанына 130 жыл (1895-1979)

Кенес Одағының Батыры **И. И. Корневтің** туғанына 125 жыл (1900-1945)

Педагог, ауыл мектебінің ұйымдастырушысы, Ұлы Отан соғысының қатысушысы

Г. С. Баяндиннің туғанына 125 жыл (1900-1970)

Павлодар қаласы **№ 7 орта мектебінің** ашылғанына 120 жыл (1905)

КазКСР-ң Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Д. И. Подберезныйдың** туғанына 100 жыл (1925-1972)

Павлодар медицина колледжінің ашылғанына 90 жыл (1935)

Жалпыодақтық кәрейлер ассоциациясы филиалының ашылғанына 35 жыл (1990)

«Павлодар облысында 2025 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбесіне берілген қысқаша анықтамалар мен әдебиеттер тізімі

1 қаңтар

Махмет Қайырбайұлы Қайырбаевтың
туғанына 100 жыл (1925-1996)



Махмет Қайырбаев 1925 жылы 1 қаңтарда Павлодар облысы Бесқарағай ауданының Семиярка селосында туған.

Соғысқа дейін Семияр орта мектебінде мұғалім болып, жоғары білім алуды арман еткен. Соғыс басталып, 17 жасында әскери комиссариатқа барды. 1942 жылы тамызда Қызыл Әскер қатарына шақырылып, 1943 жылы бірден әскери-артиллерия училищесіне оқуға жіберілді. Сол жылдың сәуір айында соғысқа аттанады. Бас командование резервіндегі 17 дербес танкіге қарсы жойғыш-артиллерия бригадасы құрамында әр түрлі майдандарда соғысты.

1944 жылдың 19 тамызы күні 712-танкіге қарсы жойғыш-артиллерия полкінің батарея командирі, аға лейтенант М. Қайырбаев пен оның он бес жауынгері үшін мәңгі өшпес даңққа бөлену жолы басталды. Бұл оқиға Литва жерінде Шауляй қаласында болды. Қаза болған командирдің басшылығын өз қолына алып, жаудың 7 шабуылын тоқтатуды ұйымдастырды. Батарея жаудың үш танкісін жойып, бір батальонға жуық фашистерді жойды. Неміс танкілері үшін Шауляйға өтер жол жабылды. 1945 жылы 29 наурызда осы ерлігі үшін Кеңес Одағының Жарлығымен аға лейтенант М. Қайырбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

М. Қайырбаев 1945 жылы Ф. Дзержинский атындағы артиллерия Академиясының тыңдаушысы болып есептеледі, алайда 1945 жылдың 22 қазанында Степной әскери округіне батарея командирі лауазымына тағайындалады. 1946 жылы денсаулығына байланысты Кеңес Әскерінің қатарынан босатылады.

Соғыстан кейін Успен, Ермаков, Краснокутск аудандарында мемлекеттік қызметте болды. 1966-1976 жж. - Павлодар облыстық партия комитетінің 2-хатшысы, 1976-1982 жж. - Павлодар облыстық атқару комитетінің төрағасы.

Павлодар қалалық халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің 1985 жылғы 18 сәуірдегі шешімімен Махмет Қайырбайұлы Қайырбаевқа «Павлодар қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Павлодар қаласындағы бір көшеге Қайырбаев есімі берілген. Жеңіс алаңында бюст, тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылған.

I - II дәрежелі Отан соғысы, Александр Невский, 3 мәрте Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы және медальдары: «Ержүректілігі үшін» және «Германиядағы өткен соғыстағы Жеңіс үшін» ордендерімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Қайырбаев Махмет // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 427 б.

Баймұратов Б. Ер есімі - ел есінде: [Павлодар қаласындағы «Шаңырақ» ұлттық орталығында Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевтың 85 жылдығына арналған еске алу шарасы болды] // Сарыарқа самалы. – 2010. – 6 ақпан. - 4 б.

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. – 2010. – 6 мамыр. - 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. – 2010. – 8 мамыр. – 6 - 8 б.

Сахаба Т. Жиырмасында Батыр атанған: [Облыс орталығындағы Әскері Даңқ музейінің алдында М. Қайырбайұлының зеңбірегі сақталған] // Сарыарқа самалы. – 2013. – 9 мамыр. – 7 б.

Қайырбаев М. Қазақтың қайсар ұлы: Кеңес Одағының Батыры Махмет Қайырбаевтың туғанына 90 жыл // Сарыарқа самалы. – 2014. – 25 желтоқсан. – 16 - 17 б.

Хашымқызы Қ. Ерлік - елге мұра.: [Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Ер есімі - ел есінде» деген атпен акция өтті] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 10 қаңтар. – 3 б.

Бықай Ф. Сағыныш: [Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевтың жары Сәбирамен әңгіме] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 15 қаңтар. – 6 б.

Хашымқызы Қ. Қазақтың қайсар ұлы: Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевтың туғанына 90 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 15 қаңтар. – 2 б.

Батырды еске алды: [Павлодар қаласындағы «Рақым» аула клубында бокстан Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевты еске алуға арналған турнир ұйымдастырылды] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 20 қаңтар. – 10 б.

Хашымқызы Қ. Ерлікке - құрмет!: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевтың соғыс жылдарындағы ерлігі және соғыстан кейінгі өмірі жайында сыр шертетін кітаптың тұсауы кесілді] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 9 шілде. – 12 б.

Омаров М. Ол күндердің өшпес даңқы: [Совет Одағының Батыры М. Қайырбаевтың баласы М. Қайырбаевтың «Высота Махмета Каирбаева - Биография Героя Советского Союза в страницах истории» кітабы туралы] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 18 сәуір. – 6 б.

Сахаба Т. Батырдың зеңбірегі: [Павлодар қаласындағы Әскері Даңқ музейінің ауласында жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры М. Қайырбаевтың зеңбірегі сақтаулы тұр] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 10 мамыр. – 14 б.

Хонж А. Жәдігерлер сөйлейді: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде Ұлы Отан соғысына қатысқан бірқатар жауынгерлердің естеліктері бар] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 12 мамыр. – 12 б.

Түгелбай Г. Қайсар Қайырбаев: [Даңқты жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының Батыры Махмет Қайырбаев жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 25 қаңтар. – 10 б.

Ер есімі - ел есінде: [«Ерлікке – тағзым» жобасы аясында Кеңес Одағының Батыры Махмет Қайырбаевтың 95 жылдық мерейтойына байланысты "Әскері Даңқ" музейінде кеш өтті] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 28 қаңтар. – 7 б.

Ерсұлтан ерледі!: [Облыс орталығында қазақ күресінен ересектер арасында Кеңес Одағының Батыры Махмет Қайырбаевты еске алуға арналған турнир өтті] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 22 ақпан. – 12 б.

Кеңес Одағының Батырлары: [Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Павлодар өңірінен шыққан Кеңес Одағының Батырлары мен «Даңқ» орденінің толық иегерлері туралы мәліметтер] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 7 мамыр. – 5 - 8 б.


Жайықбаев Н. Батыр туралы бағалы жинақ: Махмет Қайырбаев туралы жаңа еңбек // Сарыарқа самалы. – 2020. – 18 маусым. – 16 - 17 б.

Жайықбаев Нұрбол. Батырлармен бауырластық: [Көрнекті ақын, жазушы, көркем аудармашы Қ. Ыдырысовтың шығармашылығындағы соғыс тақырыбы жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2023. – 4 мамыр. – 16 б.

Жайықбаев Нұрбол. Батырлармен бауырластық: [Ақын Қ. Ыдырысовтың Кеңес Одағының Батырлары мен соғыс ардагерлерімен достық қарым-қатынасы туралы] // Egemem Qazaqstan. – 2023. – 9 мамыр. – 6 б.

1 қаңтар

Қарасай Қабдрашұлы Нұркеновтің туғанына 75 жас (1950)



Суретші, дизайнер Қарасай Қабдрашұлы Нұркенов Павлодар облысы Қашыр ауданы Байғұнус ауылында дүниеге келген. Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген. Оның ұстаздары М. Г. Калимов, В. П. Поляков.

1991 жылдан бастап Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі. 1979 жылдан Павлодар облыстық көркемсурет шеберханасында жұмыс істеді. Облыстық және республикалық көрмелерге қатысушы. Кескіндеме жұмыстарында табиғат пен адамның біртұтас эмоционалды жағдайын жеткізуге тырысады, оларды символдық семантикалық жалпылаумен толтырады: «Сүт», «Екібастұз ГРЭС-1», «Алтыоба жайлауында», «Қаракөл көлінің жағасында», «Түн», «Ертіс жайылмасында», «Күз», «Баян ауылының маңында», «Ескі ағаш». Суретшінің жұмыстары Павлодар облыстық көркемсурет мұражайында және түрлі елдердің жеке коллекцияларында бар.

Әдебиеттер:

Нұркенов Қарасай Қабдрашұлы: [Суретшілер одағының мүшесі] // Найзатас. – 2013. – № 6. – 118 - 121 б.

Тауқызы С. Азаттықтың алтын арқауы: [ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қарасай Нұркенов] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 16 желтоқсан. – 16 б.

4 қаңтар

Төлеутай Қазіұлы Ақшолақовтың туғанына 110 жыл (1915-2010)



Ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Төлеутай Қазіұлы Ақшолақов Павлодар облысы Баянауыл ауданында (Қызылтау) туған. 1939-1958 жж. - мектепте мұғалімі, директор, 1948-1951 жж. - Павлодар облысы оқу бөлімінің меңгерушісі, 1958-1962 жж. - «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының тұңғыш редакторы, «Қазақстан мұғалімі» газетінің бас редакторы, 1962-1965 жж. - «Мектеп» баспасының директоры, 1965-1995 жж. - Қазақ педагогикалық ғылыми зерттеу институты (қазіргі Қазақ білім академиясы) директорының орынбасары, бөлім меңгерушісі, аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті. 22 басылымын көрген 9-шы сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының негізгі авторларының бірі. Қазақ әдебиеті пәні бойынша көптеген әдістемелік оқу құралдары мен зерттеулердің, монографиялардың, 200-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы. Әдебиеттанушы-ғалым Е. Ысмайыловпен бірге 1939 жылы «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясын жазып шығарды. Ағылшын драматургы Шекспирдің «Гамлетін», грузин жазушысы Лео Ключелидің «Гвади Бичва», венгр жазушысы Томаш Ацеланың «Знаменосцы» романдарын және т.б. орыс, шет ел жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Халық композиторы, ақын Естай өмірін жан-жақты зерттеді. Т. Ақшолақов ауыз әдебиеті мұраларын жинаушы ретінде де белгілі. Ү. Алтынсарин атындағы медаль (1965), тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының (2000) иегері. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі. Қызыл жұлдыз, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Ақшолақов Төлеутай Қазіұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 29 б.

Ақшолақов Төлеутай Қазіұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 147 б.

Профессор Төлеутай Ақшолақов: «Мен бақытты жанмын»: [ҚР Білім беру ісінің үздігі, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының лауреаты, белгілі педагог, профессор, көрнекті ғалым Т. Ақшолақов туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2005. – 4 -10 ақпан. – 7 б.

Аллаберген Қ. Ұстаздардың ұстазы: Белгілі ғалым Ақшолақовтың туғанына - 100 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 25 сәуір. – 6 б.

Қайыров Е. Ақшолақов ұмыт қалмаса екен...: [Ұстаз Т. Ақшолақов жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2019. – 31 қаңтар. – 15 б.

Жұматаева Е. Ерен еңбектің иесі: [Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, ғалым, профессор әрі жазушы Т. Қ. Ақшолақов жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 11 ақпан. – 5 б.

Шодыр Н. «Жұмыр жердегі бір ғұмыр»: Төлеутай Ақшолақовтың туғанына - 105 жыл // Н. Шодыр // Сарыарқа самалы. – 2020. – 18 ақпан. – 4 б.

6 қаңтар

Атығай Құрманбайұлы Шаниннің туғанына 120 жыл (1905-1986)



Баянауыл ауданының қазіргі Южный ауылында 1905 жылы дүниеге келді. Атығай бала кезінен әкесінің айтқан жырларына, шешендік сөздеріне, ауыз әдебиетінің асыл да нәрлі нұсқаларына, халқымыздың інжумаржандай нақыл сөздеріне ерекше зейін қойып ер жетеді. Білім нәрін ауылынан бастаған ол оқуын әрі қарай Семейдегі ауыл шаруашылығы техникумда жалғастырады. Семейде оқыған жылдары ағасының режиссерлігімен «Ес-аймақ» драмалық группасы қойған спектакльдерді, соның ішінде Жұмат жазған «Арқалық батырды» да көреді. Бұдан соң Алматы театрының әртістері, оның ішінде Қ. Байсейітов, Қ. Жандарбеков, К. Байсейітова сынды тарландармен танысуы оның бойындағы өнерге деген құштарлығын арттырады.

Бойдағы туа біткен талант пен асқақ арман жетелеген Атығай Мәскеу кинематография институтының режиссура факультетіне түсіп, екі курсын бітіргесін отбасы жағдайына байланысты кері қайтады. Елге оралған ол 1932-1934 жж. аралығында Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы жұмысшы жастар театрында актер әрі драматург, ал 1934-1938 жж. Павлодар театрының көркемдік жетекшісі әрі газет қызметкері болып істейді. 1938-1943 жж. Қарағанды драма театрында актер әрі екінші режиссер болып тағайындалып, театр сахнасында көптеген белді рөлдерде ойнап, бірқатар спектакльдерді сахналап, халықтың шынайы ықыласына бөленеді.

1943-1956 жж. дейін Қарқаралы колхоз-совхоз театрының режиссері болып қызмет атқарады. 1956 жылы театрдың жабылғанына қарамастан, мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі әрі драма үйірмесінің жетекшісі болып қызмет істейді.

Атығай Шанин басқарған жылдары халық театры сексеннен астам спектакльді сахналайды. Солардың ішінде «Қыз Жібек», «Тергеу аяқ талды», «Қызыл сұңқарлар», «Шұға», «Біздің Ғани», «Өзіме де сол керек», «Айман-Шолпан», «Қамар сұлу» спектакльдері бар.

1967 жылы Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері деген құрметті атағы берілді. Өн-би ансамблін ашуды қолға алады. 1969 жылы «Салтанат» өн-би ансамблі құрылады. 1970 жылы Қарағандының «Кеншілер» Мәдениет сарайында өткен облыстық байқауда «Салтанат» ансамблі бас жүлдені жеңіп алады.

1986 жылы қайтыс болды, Қарқаралыда жерленген. Халық алдында қалтықсыз қызмет атқарып келе жатқан Қарқаралы халық театрында 2003 жылы Қазақ КСР-ң еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Атығай Шаниннің есімі берілді.

Әдебиеттер:

Шанин Атығай Құрманбайұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 725 - 726 б.

Іалиев І. Режиссер. Актер. Драматург: [Атығай Шанин туралы] // Сарыарқа самалы. – 2005. – 7 маусым. – 4 - 5 б.

Шайхимова М. Өнердегі өмір: Атақты жерлесіміз, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, режиссер, актер әрі драматург Шанин Атығай Құрманбайұлының туғанына 105 жыл толып отыр // Сарыарқа самалы. – 2010. – 16 наурыз. – 3 б.

Шайхимова М. Арманы асқақ асыл ер: Режиссер, актер, драматург, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Атығай Құрманбайұлы Шаниннің туғанына 110 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 15 қаңтар. – 12 б.

Хашымқызы Қ. Театрдың тарланы: Атығай Шаниннің туғанына 110 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 27 қаңтар. – 16 б.

7 қаңтар

Мәмәйіт Омаровтың туғанына 120 жыл (1905-1983)



Ауыл шаруашылығының озаты, Социалистік Еңбек Ері Мәмәйіт Омаров Павлодар ауданында дүниеге келген. 1922-1932 жж. Тобылжан тұз өндірісінде тұз бөлуші, 1937-1938 жж. Шақат кеңшарында жұмысшысы, 1937-1947 жж. Потанин кеңшарында бөлімше меңгерушісі және Ақсу ауданында Жолқұдық кеңшарында директордың орынбасары, Бесқарағай кеңшарында және 1977-1972 жж. Ақсу кеңшарында директор болып жұмыс атқарған. 1950 жылы ол басқарған кеңшардың «Алтай меринос» тұқымды қой өсірумен танымал болды. 1972 жылдан бастап

еңбек сіңірген демалыста болды. Екі мәрте Ленин, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, «Орақ пен Балға» алтын медалімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Демесинов М. Өшкенінді ескерсең! : [Ұлы Отан соғысының ардагері Мәмәйт Омаров жайлы] // Sararqa samaly. – 2022. – 26 мамыр. – 16 б.

13 қаңтар

Рамазан Тоқтаровтың
туғанына 90 жыл (1935-2000)



Жазушы, журналист Рамазан Тоқтаров Павлодар қаласында туған. Қазақша орта мектеп бітіріп, Алматы шет тілдер институтына түскен. Институтты 1957 жылы бітіріп, француз тілінің маманы болып шықты.

Рамазан Тоқтаров туған қаласына оралып, 1957-1960 жж. облыстық «Қызыл ту» басылымының меңгерушісі болды. Осы басылымда өзінің шығармашылық жолын бастады. 1960-шы жылдан бастап 1966 жылға дейін «Лениншіл жас» (қ. «Жас Алаш») газетінде қызмет істеді. Кейін «Мәдениет және тұрмыс» (қ. «Парасат») журналы мен «Қазақ әдебиеті» газетінде журналистік қызмет атқарды. 1966-1976 жж. «Жазушы» басылымында аға редактор, басылым меңгерушісі болды. 1985-1989 жж. шығармашылық жұмыста. Ал, 1989 жылы «Жұлдыз» журналының бас редакторы орынбасары қызметін атқарды.

Рамазан Тоқтаровтың қазақ, орыс, француз тілдерін еркін білуі бірыңғай қазақ жазушысы болып қалыптасуына кедергі келтірмей, қайта өнімді еңбек етуіне ықпал етті. Әдебиетке алпысыншы жылы «Ертіс перзенті» атты әңгімелер жинағымен енген жазушы содан бері оннан астам роман, повестер жазды.

«Бақыт» (1965), «Ертіс мұхитқа құяды» (1968), «Тұлпардың сыны» (1975), «Жердің үлгісі» (1979), «Ғасыр наны» (1983), «Сусамыр» (1985), «Таңбалы жарғақтың құпиясы», «Жендет», «Полигон», «Ақбоз атты елес» деген атаулары тәрізді олардың тақырыптары да әр түрлі. 1999 жылы «Абайдың жұмбағы» роман жарыққа шықты. Осы романы үшін Р. Тоқтаровқа Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Рамазан Тоқтаров - қалың оқырман жұртшылыққа кеңінен танымал, қазақ прозасында роман жанрын дамытуда айтарлықтай еңбек сіңірген көрнекті қазақ жазушыларының алдыңғы қатарынан өз орнын алған.

Павлодар қаласының «Баспа үйі» қабырғасына мемориалдық тақта орнатылған (2002).

Әдебиеттер:

Тоқтаров Р. Ертіс мұхитқа құяды: роман. – Алматы: Жазушы, 1968. – 232 б.

Тоқтаров Р. А. Жердің үлгісі: роман. – Алматы: Жазушы, 1979. – 336 б.

Тоқтаров Р. А. Тұлпардың сыны: роман. – Алматы: Жазушы, 1988. – 535 б.

Тоқтаров Р. А. Таңбалы жарғақтың құпиясы: роман / сурет Р. Бертлеуов. – Алматы: Жазушы, 1990. – 608 б.

Тоқтаров Р. А. Абайдың жұмбағы: роман-хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.

Тоқтаров Р. А. Бақытты құлдың ақыры: роман. – Астана: Елорда, 2005. – 614 б.

Тоқтаров Рамазан Айыпұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 505 б.

Тоқтаров Рамазан Айыпұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2006. – 8 Т. – 419 - 420 б.

Тоқтаров Рамазан Айыпұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 689 - 690 б.

Жаңару. Бетбұрыс және жазушы: очерктер мен публицистикалық мақалалар / құраст. У. Қалижанов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 215 б.

Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 617 б.

Тарази Ә. Көркемдік құпиясы / Л. Мұсалы. – Алматы: Санат, 2000. – 239 б.

Әбдезұлы Қ. Таным көкжиег. – Алматы: Арыс, 2009. – 270 б.

Тоқтаров Р. Қанжығалы Бөгенбай: Аяқталмаған роман // Жұлдыз. – 2015. – № 1. – 63 - 74 б.

Исабаева Б. Бір кітаптың беташары: [Жазушы Рамазан Тоқтаровтың туғанына 70 жыл толуына орай «Абай жұмбағы» кітабы бойынша кітапханалық көпшілік шара] // Мектептегі кітапхана=Библиотека в школе. – 2006. – № 3 (мамыр-маусым). – 2 - 6 б.

Ысмағұлов Ж. Абай жұмбағы және оның шешімі: [Жазушы Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты шығармасы туралы] // Жұлдыз. – 2009. – № 6. – 171 - 179 б.

Қалиасқарова А. «Абайдың жұмбағы» мен «Абай жолы» романдарының үндестігі: [Жазушы Р. Тоқтаровтың роман-хамсасы «Абайдың жұмбағы» және М. Әуезовтің «Абай жолы» романы туралы әңгіме] // Найзатас. – 2015. – № 4. – 187 - 195 б.

Сахаба Т. Жұлдызы жарық қаламгер: Жазушы Рамазан Тоқтаровтың туғанына 80 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 15 қаңтар. – 17 б.

Рамазан Тоқтаровтың күнделігінен: [Мемлекеттік сыйлықтың иегері, көрнекті жазушы Р. Тоқтаровтың 80 жылына орай] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 22 қаңтар. – 16 б.

Сахаба Т. Ескірмейтін естелік: [Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жерлесіміз Р. Тоқтаровтың 80 жылына орай еске алу кеші ұйымдастырылды] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 27 қаңтар. – 5 б.

Аманжол Қ. Мұхитқа құйған Ертіс: Тарланбоз жазушы Рамазан Тоқтаров хақында бір үзік толғам // Егемен Қазақстан. – 2016. – 14 мамыр. – 15 б.

Есдәулет Ұ. Рамзай: (Естелік) // Найзатас. – 2018. – № 2. – 14 - 17 б.

Ысқақ Қ. Қимас дос - Рамазан Тоқтаров: «Келмес күндер елесі» роман- эссесінен үзінді // Найзатас. – 2018. – № 2. – 4 - 13 б.

Ысқақ Қ. Ертіс мұхитқа құяды: [Жазушы Қ. Ысқақтың «Келмес күндер елесі» роман-эссесінің бір бөлігі жерлес жазушы Р. Тоқтаровқа арналған үзінді] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 24 ақпан. – 8 - 9 б.

Съезбек Ж. "Қарымды қаламгер": [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде журналист, жазушы, Абай шығармашылығын насихаттаушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Р. Тоқтаровтың 85 жылдығына орай әдеби-музыкалық кеш өтті] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 16 қаңтар. – 20 б.

Әміренов, Ф. Тоқтаровты ұлықтау тоқтамаса дейміз...: [Жазушы Р. Тоқтаровтың 85 жылдығына орай] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 12 наурыз. – 16 б.

Әміренов Ф. Тоқтаров залы - тұнған тарих: [Дарынды балаларға арналған Абай атындағы № 10 лицей-мектебінде жазушы Рамазан Тоқтаров атындағы зал бар] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 4 маусым. – 20 б.

Әйтенов С. Білімі дария жазушы еді: [Жазушы Р. Тоқтаровтың 85 жылдығына орай] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қыркүйек. – 12 б.

Есдәулет, Ұ. "Ертіс мұхитқа құяды": [«Естелік кітабынан үзінді»: жазушы Р. Тоқтаровтың «Ертіс мұхитқа құяды» романы туралы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қыркүйек. – 11 б.

Қазақ әдебиеті аспанындағы құбылыс: Рамазан Тоқтаров (1935 - 2000) // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қыркүйек. – 11 б.

Нұрғали Р. Мазмұны бай туынды: [Жазушы Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамса туралы әңгіме] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қыркүйек. – 13 б.

Бықай Фарида. Керекуге жанымен байланған қаламгер: Жазушы Рамазан Тоқтаров туралы үзік сыр / Сұхбаттасқан Ф. Әміренов // Naizatas. – 2021. – № 3. – 58 - 65 б.

Қайратұлы Фархат. Жоқтаушысы жоқ жазушы: [Павлодарлық жазушы Р. Тоқтаров атына Павлодар қаласынан көше атын беру мәселесі] // Egemem Qazaqstan. – 2021. – 6 сәуір. – 10 б.

Рамазанқызы, Бақыт. Рамзайдың «жұмбағы»: [Жазушы Р. Тоқтаровтың қызы Б. Рамазанқызымен әңгіме] / Әңгімелескен Фархат Қайратұлы // Egemem Qazaqstan. – 2021. – 19 сәуір. – 10 б.

Сахаба Тілеуберді. Тоқтаровтың жеке кітапханасы: [С. Торайғыров атындағы облыстық әмбебап кітапханасында жерлесіміз, жазушы Р. Тоқтаровтың жеке кітапханасы ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2021. – 17 маусым. – 20 б.

Қайратұлы Фархат. «Абайдың жұмбағы» - электронды нұсқада: [С. Торайғыров атындағы облыстық әмбебап кітапханасында жерлесіміз, жазушы Р. Тоқтаровтың жеке кітапханасы ашылды және кітаптары цифрланды] // Egemem Qazaqstan. – 2021. – 24 маусым. – 13 б.

«Қаламнан туған қасиет»: [Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Қаламнан туған қасиет» атты әдеби жиын өтті] // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 8 қазан. – 14 б.

26 қаңтар

Борис Әбілмәжітұлы Куватовтың
туғанына 85 жыл (1940-1997)



Тарих ғылымдарының кандидаты, партия және қоғам қайраткері, өлкетанушы Борис Абылмәжинұлы Куватов Павлодар облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1958 жылы Павлодар педагогикалық училищесін, 1965 жылы ҚазМУ бітірген. 1958 жылы Ленин сегіз жылдық мектебінің тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі, 1965-1967 жж. Чкалов орта мектебінің меңгерушісі. 1978 жылдан бастап партия жұмысында. 1978-1986 жж. Краснокутск аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі, облыстық саяси ағарту үйінің консультанты, партияның индустриалды аудандық комитетінің хатшысы. 1986-1996 жж. доцент, тарих кафедрасының меңгерушісі, Павлодар педагогикалық институтының оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры. 1996-1997 жж. С. Торайғыров атындағы ПМУ тарих, археология және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті. 50-ден астам ғылыми жарияланымдардың, соның ішінде «Екібастұздың ғасырлық жолы» монографиясының авторы (1997). Медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Борис Әбілмәжітұлы Куватов: [Ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері Б. Ә. Куватов туралы естелік] // Sarıarqa samaly. – 2020. – 23 қаңтар. – 19 б.

28 қаңтар

Олжабай Қайыркенұлы Жармақиннің
туғанына 90 жас (1935)



Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, КСРО Ағарту ісінің үздігі Олжабай Қайыркенұлы Жармақин Павлодар облысы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Алматы педагогикалық шет тілдер институтының неміс тілі факультетін, осы институт жанындағы аспирантураны бітірген. 1956-1964 жж. Ақтоғай ауданында неміс тілі мұғалімі, мектеп директоры, аудандық комсомол комитетінің хатшысы, 1964-1992 жж. Павлодар педагогикалық институтының шет тілдері кафедрасының меңгерушісі, 1992-1997 жж. жауапты қызметкер, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы, 1997 жылдан бастап Павлодар Мемлекеттік университетінде неміс тілі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Жармақин 50-тан астам ғылыми жарияланымның, 1 монографияның авторы. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Жармақин Олжабай Қайыркенұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ә. Жақып. – Алматы, 2013. – 336 - 337 б.

Жармақин О. Қ. Бір сәт және бүкіл ғұмыр: [Ғалым, филология ғылымының кандидаты, профессор О. Қ. Жармақинмен сұхбат] / әңгімелескен Ж. Бижан // Сарыарқа самалы. – 2005. – 27 қаңтар. – 6 б.

Бижан Ж. Дара біткен дарак: [Ғалым, филология ғылымының кандидаты, профессор О. Қ. Жармақин жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 15 қаңтар. – 17 б.

Зейнулина А. Танымы терең тұлға: [Ғалым, филология ғылымының кандидаты, профессор О. Қ. Жармақин жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 29 қаңтар. – 6 б.

Сүлейменов М. Ғибратқа толы ғұмыр: [Ғалым, филология ғылымының кандидаты, профессор О. Қ. Жармақин жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 29 қаңтар. – 6 б.

12 ақпан

Нұритдин Мұхамбетқалиұлы Атахановтың
туғанына 120 жыл (1905-1974)



Актер, режиссер, Қазақстанның халық әртісі, Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Нұритдин Мұхамбетқалиұлы Атаханов Өскеменде дүниеге келген. 1919 жылы Өскемендегі бастауыш-жоғары училищені бітірген. Алдымен республиканың әділет органдарында жұмыс істеді, содан кейін өмірін театр ісіне арнады. Алматы, Қарағанды, Павлодар және Семей театрларының сахналарында жұмыс істеді. 1945-1952 жж. Павлодар біріккен орыс-қазақ драма театрында жұмыс істеп, режиссер ретінде Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат» трагедиясы бойынша спектаклін қойып, республиканың еңбек сіңірген әртісі атағын алды. 1952-1974 жж. Абай атындағы облыстық қазақ театрында еңбек етеді. Абай. (М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» трагедиясында), Кебек (Еңлік-Кебекте), Казанцев («Түнгі сарында»), Құнанбай («Абай» романы бойынша қойылымда), Амангелді (Б. Майлин мен Ғ. Мүсіреповтің «Амангелдісінде»), біріне-бірі кереғар Қодар мен Қарабай («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Науан («Ақан сері – Ақтоқтыда»), Тайман (Ә. Тәжібаевтың «Майрасында»), Сырдақ (Т. Ахтановтың «Сәулесінде»), Олжабай (Қ. Мұхамбетхановтың «Комисар Ғаббасовында»), Бекзад (Н. Хикметтің «Махаббат жайындағы аңызында»), т.б. рөлдері актердің толыққанды жұмыстары.

Атаханов Нұритдин Мұхамбетқалиұлы музыкалық қойылымдарға да қатысты. Режиссерлік жұмыспен айналасып, Әуезовтің «Айман – Шолпан» мен «Түнгі сарын», Ғ. Мүсіреповтің «Амангелді», Ф. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат», Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Қорпеш пен Баян сұлу» пьесаларын, Е. Г. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларын қойған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Атаханов Нұритдин Мұхамбетқалиұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ә. Жақып. – Алматы, 2013. – 174 - 175 б.

Бәделханұлы А. Өнерін ел таныған: [Қазақ КСР-нің халық әртісі Н. Атахановтың туғанына 100 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2005. – 11 маусым. – 4 б.

15 ақпан

Ермұқан Бекмаханұлы Бекмахановтың
туғанына 110 жыл (1915-1966)



Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ермұхан Бекмаханұлы Бекмаханов Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1937 жылы Воронеж педагогикалық институтының тарих факультетін бітіреді. Бекмахановтың қызметі мектептен, оқу-ағарту ісіне белсенді араласудан басталды. Оның тұңғыш еңбектері де тарихты оқыту әдістемесіне арналды.

1937-1940 жылдары педагогикалық ғылыми зерттеу институтының (қазіргі Білім Академиясы) ғылыми қызметкері, директоры болған. Бекмаханов соғыс жылдары Халық ағарту комиссариаты басқармасын басқарды. Сонымен қатар, 1941-1946 жж. Қазақстан КП ОК-нің лекторы болып қызмет істеді.

Үлкен ғылымға аяқ басуы 1941 жылы тұңғыш «Қазақ ССР тарихын» жазудан басталды. Бекмаханов ең күрделі тақырып – «Кенесары Қасымов көтерілісін» жазды. 1943 жылы осы тақырыптан кандидаттық диссертацияны қорғады. Көп ұзамай 1946 жылы «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40-жылдарында» тақырыбындағы қолжазбасын докторлық диссертация ретінде қорғады. 1947 жылы бұл еңбек жеке кітап болып басылып шықты.

1945 жылы Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, директор орынбасары, ал 1947-1951 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы, профессоры, кафедра меңгерушісі болды.

Ғалым алғаш рет 1944 жылы «Қазақ ССР тарихындағы» Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы тараудың авторы ретінде әділетсіз сынға ұшырады. «ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты кітабында (1947) Кенесары Қасымұлы көтерілісін (1837-1847) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси қуғын-сүргінге душар болды.

1951 жылы Бекмаханов университеттегі қызметінен, барлық ғылыми атақ-дәрежелерінен айырылып, әуелі Алматы облысы Нарынқол ауданына барып мектеп оқытушысы болып жұмыс істеді. 1952 жылы күзде ол 25 жылға «ұлтшылдық әрекеттері» үшін ГуЛАГ лагеріне айдалды.

Бірақ белгілі тарихшы А. М. Панкратова бастаған бір топ мәскеулік тарихшылар оны 1954 жылы босатып алуға қол жеткізді. 1955 жылдан бастап Қазақ университетіне жұмысқа орналасып, 1957 жылы екінші рет докторлық дәреже алу үшін диссертация қорғады. 1962 жылы оны республика Ғылым академиясы өзінің мүше-корреспонденті етіп сайлады. Бірақ таланттың ғұмыры келте болды, 1966 жылы 6 мамырда Е. Бекмаханов ауыр науқастан қайтыс болды.

Атақты тарихшы Бекмаханов тарих ғылымына қосқан үлесі зор. Қазақстанның 18-19 ғасырлардағы саяси, әлеуметтік-экономика тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғылыми еңбектер жазды. Педагогика ғылымына, мектептің оқу-тәрбие жұмысына да көп көңіл бөлді. Е. Бекмахановтың мектеп оқушыларына арналған Қазақстан тарихы оқулықтары отыз жыл бойы үзіліссіз пайдаланды.

Е. Бекмахановтың өмірі жайлы Қазақстанның белгілі тарихшылары М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, И. Қозыбаев, Л. Гуревич, Ә. Токеновтер жазған.

Әдебиеттер:

Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 415 б.

Бекмаханов Е. Б. Жеті томдық шығармалар жинағы=Собрание сочинений в семи томах. – Павлодар: ЭКО, 2005.

Бекмаханов Ермұқан // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1999. – 2 Т. – 257 б.

Бекмаханов Ермұқан // Қазақ тарихы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 139 б.

Бекмаханов Ермұқан // Тарихи тұлғалар: танымдық-көпшілік басылым; мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған / құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. – 5-ші бас. – Алматы, 2011. – 154 - 156 б.

Бекмаханов Ермұқан // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 240 б.

Ермұқан Бекмаханов туралы естеліктер / құраст. Х. Адамбекқызы. – Алматы: Білім, 2005. – 223 б.

ПМУ хабаршысы=Вестник ПГУ: С. Торайғыров атындағы ПМУ. Шығарылым 1, 2005 / бас ред. А. А. Акишев. – Павлодар: ПМУ, 2005. – 169 б. – (Гуманитарлық серия).

Қазақ елінің ғылыми тұлғалары: биобиблиографиялық көрсеткіш=Лидеры науки земли казахской: биобиблиографический указатель / құраст. Т. А. Макаренко, А. Қ. Бораналинова ж. б. – Павлодар: ГБОУ, 2006. – 185 б.

Момышұлы Б. Көптомдық шығармалар жинағы=Многотомное собрание сочинений. Т. 10: Айтылмаған ақиқат. 2-ші кітап / құраст. М. Кәтімхан. – Алматы: Өнер, 2009. – 262 б.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Т. 18: Бекмаханов Ермұхан. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. – Астана: Астана-Полиграфия, 2010. – 491 б.

Сәрсек М. Ермұхан Бекмаханов. – Астана: Фолиант, 2010. – 711 с.

Сәрсек М. Шығармалары: деректі роман-эссе. Т. 6: Ноқталанған тарихшы. – Астана: Фолиант, 2015. – 567 б.

Молдайып С. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді»: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмахановтың туғанына 90 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2005. – 24 ақпан. – 4 - 5 б.

Әміренов Е. Жазушы Медеу Сәрсек: «Е. Бекмаханов» ғұмырнамасы - он екі жылда жазылған туынды: [Баянауыл ауданының орталығында жазушы М. Сәрсекенің Астанадағы «Фолиант» баспасынан «Нар тұлға» сериялары бойынша басылып шыққан «Ермұхан Бекмаханов» ғұмырнамасының тұсаукесері өтті] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 26 ақпан. – 5 б.

Жақсығалиев Ж. Ініге ізет немесе ұлт зиялыларының тұлғалығы туралы: [Павлодар облысының қазақ зиялылары туралы] // Ақиқат. – 2015. – № 1. – 53 - 64 б.

Алибекова Т. Тарихтағы қаһарман тұлға: [Қазақ ғылымы Е. Бекмахановқа арналған танымдық сағатының сценарийі] // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – 2015. – № 3.

– 31 - 34 б.

Қадысова Р. Ермұқан Бекмаханов және елдік сана: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов жайлы] // Мәдени мұра. – 2015. – № 6. – 67 - 69 б.

Ермұхан Бекмаханов - қазақ тарихының геродоты: [тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов жайлы] // Мәдениет. – 2015. – № 9. – 2 - 8 б.

Шындықтың шырақшысы: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмахановтың туғанына 100 жыл] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 1 қаңтар. – 8 б.

Ғабдуллин М. Ардақты азамат: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов туралы естелік (1971 ж.)] // Жас Алаш. – 2015. – 12 ақпан. – 5 б.

Қазақтың тарихи жадын қайта тірілткен тұлға: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмахановтың туғанына 100 жыл] // Жас Алаш. – 2015. – 12 ақпан. – 1 б.

Қуандық Е. Дана да дара тарихшы: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмахановтың туғанына 100 жыл] // Жас Алаш. – 2015. – 12 ақпан. – 5 б.

Момышұлы, Б. Тарихшының өкініші: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов туралы естелік (1970 ж.)] // Жас Алаш. – 2015. – 12 ақпан. – 5 б.

Уәлиханов Ш-А. Ермұқан - Абылай ханның ұрпағы: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов туралы естелік (1992 ж.)] // Жас Алаш. – 2015. – 12 ақпан. – 5 б.

Тыштықов Р. Н. Тау тұлғалы тарихшы: [Тарих ғылымдарының докторы Е. Бекмаханов жайлы] // Регион.kz. – 2015. – 13 ақпан. – 14 б.

Хашымқызы Қ. Ғұлама рухы мәңгілік: Ермұхан Бекмахановтың туғанына 100 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 14 ақпан. – 8 б.

Сәрсек М. Ермұханның «соңғы шайқасы»: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов туралы] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 19 ақпан. – 9 б.

Негимов С. Ұлттық тарихтың тарланы: [Тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмаханов туралы] // Ана тілі. – 2015. – 26 ақпан - 4 наурыз (№ 8). – 1, 6 - 7 б.

Сәрсек М. Сызылған суреттің сыры: [Жазушы М. Сәрсекмен тарихшы Е. Бекмаханов туралы әңгіме] / әңгімелескен Қ. Сімәділ // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 27 ақпан - 5 наурыз (№ 8). – 1, 4 б.

Қайратұлы Б. Керекү өңіріндегі кереметтер: [Қасиетті Қазақстан ғылыми-зерттеу орталығының Павлодар өңіріне жасаған этнографиялық экспедиция барысындағы ғылыми сараптама жұмысы жайлы] // Ege men Qazaqstan. – 2020. – 2 қараша. – 17 б.

Балабаева Гауһар. Жаңа кітаптармен толықты: [Академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музей қорына екі жаңа кітап қосылды] // Сарыарқа samaly. – 2024. – 15 ақпан (№ 7). – 21 б.

Сәтбаев сәулесі: [Қаныш Сәтбаев - 125 жыл] / Дайындаған Бекзат Құлшар // Ege men Qazaqstan. – 2024. – 12 сәуір. – 2 б.

20 ақпан

Федор Константинович Бойконың туғанына 105 жыл (1920-2007)



Техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Минералдық ресурстар академиясының академигі, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Федор Константинович Бойко Павлодар облысының Рождественка ауылында дүниеге келген. 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Ленинград техникумын және Мәскеудегі Бүкілодақтық сырттай өнеркәсіп институтын бітірген.

1939-1942 жж. – механикалық өндіріс бастығының көмекшісі, Астрахань облысындағы «Басоль» Басқұншақ зауыты басқармасының бас механигінің көмекшісі. 1946-1950 жж. – Павлодар қаласындағы «Октябрь» зауытының аға инженері, бас энергетигі, бас инженері. 1951-1952 жж. – Павлодар қ. партия комитетінің бөлім меңгерушісі, 1952-1962 жж. – Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің бөлім меңгерушісі. Ол қаладағы алғашқы электр станциясын іске қосуды басқарды. Ертіс арқылы өтетін темір жол көпірі, Павлодар трактор зауыты, Ермаков ГРЭСі, Павлодар қаласындағы ТЭЦ-1 және ТЭЦ-2 құрылысының белсенді қатысушысы. 1962-1964 жж. – Павлодар индустриалды институтының проректоры. 1964-1969 жж. – доцент, Павлодар педагогикалық институтының кафедра меңгерушісі. 1969 жылы - «Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау» бөлімінің бастығы. 1976-1984 жж. - институтының ректоры және электрмен қамтамасыз ету кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқара жүріп, жатаханаларды (5 ғимарат), факультеттердің оқу-

лабораториялық корпусын, әскери кафедра, бас корпус, кітапхана, акт залын, асхана, санитарлық-сауықтандыру кешенін, тұрғын корпустарын (4 үй), Ертіс өзенінің жағасындағы демалыс үйлерін салуға баса назар аударып, басшылық жасады. Институт кешені оқу-лабораториялық құралдармен, приборлармен, жиһаздармен қамтамасыз етілді. 1984 жылдан кафедра меңгерушісі, профессор қызметтерін атқарған.

Ф. К. Бойко 200-ден астам ғылыми еңбектің, 10 монографияның, 3 жинақтың авторы, 14 өнертабысқа авторлық куәліктің иесі. Оның жетекшілігімен 4 докторлық және 23 кандидаттық диссертация қорғалды.

Ф. К. Бойконың ғылыми жаңалықтары Қазақстан мен Ресейдің жиырмадан астам металлургиялық кәсіпорындары мен химиялық өнеркәсіптерінде қолданылды. Электр энергиясын үнемдеу үшін жасалған құрылғы, атап айтқанда резонатор оның соңғы зерттемесі болды.

2-дәрежелі Отан соғысы, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, 16 медальмен, КСРО ХББК мүшесі, Қазақ ССР Жоғары Кеңес Президиумының грамотасымен, «Министрліктің ЖОО жұмысындағы озат табысы», «Қазақстан Республикасы білімінің құрметті қызметкері» атты белгілермен марапатталған. Павлодар қаласында Федор Константинович Бойконың құрметіне мемориалдық тақта орнатылған. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің электроэнергетика кафедрасының бір лабораториясына оның есімі берілді.

Әдебиеттер:

Бойко Федор Константинович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жакып. – Алматы, 2013. – 252 б.

23 ақпан

Валентина Павловна Шеломенцеваның
туғанына 80 жас (1945)



Инженер-экономист, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Валентина Павловна Шеломенцева Қытайдың Жалаңнар қаласында дүниеге келген.

1968 жылы Қарағанды политехникалық институтын, Москвада С. Орджоникидзе атындағы инженерлік-экономика институтының аспирантурасын бітірген. 1962-1964 жж. – Қарағанды қаласының өндірістік құрылыс материалдары басқармасы № 3 ағаш өңдеу комбинатының жұмысшысы. 1968-1970 жылдары ПИИ экономика кафедрасының ассистенті болып жұмыс істейді. 1971-1972 жж. – Мәскеу басқару институты ғылыми есептеу орталығының кіші ғылыми қызметкері. 1974-1975 жж. – ПИИ экономикасы кафедрасының аға оқытушысы. 1975-1976 жж. - ПИИ экономика кафедрасы меңгерушісі. 1976-1987 жылдары - «Экономика және өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру», «Экономикалық теориясы», «Экономика және құрылыс өндірісін ұйымдастыру» және «Экономика және менеджмент» кафедраларының меңгерушісі. 1993-1997 жж. – УҚПК «Экономика» директоры, «Бизнес және менеджмент» факультетінің деканы, 1997-2000 жж. – ПаУ қашықтықтан оқыту ісінің проректоры. 2000-2001 жж. - Экономика және менеджмент кафедрасының аға-ғылыми қызметкері, 2001-2003 жж. – С. Торайғыров атындағы ПМУ оқу ісінің проректоры қызметтерін атқарды. 2004 жылдан бастап "Қаржы" кафедрасының профессоры (қоса атқарушы), 2006 жылдан бастап штаттық негізде "Менеджмент" кафедрасының меңгерушісі, ИнЕУ "Бизнес және басқару" кафедрасының профессоры.

Әдебиеттер:

Шеломенцева Валентина Павловна // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жакып. – Алматы, 2013. – 737 б.

24 ақпан

Всеволод Ивановтың
туғанына 130 жыл (1895-1963)



Жазушы Всеволод Иванов Павлодар облысы Лебяжі ауданында туған.

Болашақ сөз шебері өздігінен білім алып, мұғалім болды. Отбасының күйі қайғы-қасіретке толы еді. 1919 жылы кенеттен әкесі қаза тауып, шешесі поляк әулетінен шыққан - Ирина Семеновна Савицкая қуғындалған. Аға-інілері де ерте қайтқан.

Всеволод Иванов екі жылдық шіркеу мектебінде оқыды. Кейін Павлодарға келіп, төменгі сатыдағы ауылшаруашылық училищесіне түседі. Мұнда ол физика, агрономия, география, тағы басқа пәндерден дәріс алады. Бір жылдан кейін бұл жерден біржолата кетіп, өздігінен білім алады.

Қазақстан, Сібір, Орта Азияны, Орал бойын аралап, енді Үндістанға баруды армандайды. Арманын іске асыра алмағанмен өз шығармаларында өзек етті. Болашақ жазушы 1915 жылы Қорған қаласына келеді. Мұнда баспаханаға орналасып, әріп теруші жұмысын істейді.

1915 жылы 25 желтоқсанда Қорғанның халық газетінде оның тұңғыш «Қасиетті түнде» әңгімесі жарияланды. Келесі жылдары Сібір басылымдарында жазушының жиырмадан астам әңгімесі басылады.

Всеволод Ивановтың творчестволық тағдырына М. Горький әсер етті. 1916 жылы жазушыға хат жазып, оған бірнеше әңгімесін жібереді. «Антон ата», «Ертіс бойымен» шығармаларына М. Горький жоғары баға береді. Бұл әңгімелері «Пролетар жинағына» енген.

1921 жылы М. Горькийдің ұсынысымен Петроградқа келіп, «Ағайынды Серапионовтар» әдеби бірлестігіне кіреді. Жас прозаиктің «Партизан повестері» жарық көреді. Үш кітаптан тұратын («Партизандар», «14-69 бронепоезд», «Түрлі-түсті дауылдар») шығармаларында Сібірдегі азамат соғысы, халықтың жер мен бостандық жолындағы күресі бейнеленген.

Жиырма алты жасында көркем сөздің таңдаулы шебері аталған Вс. Иванов тағы көптеген туындылар жазды. «Көгілдір құмдар», «Будданың оралуы» (1923), «Тігінші Фокиннің басынан кешірген кереметтері» (1924), «Өзім туралы әңгімелер», «Экзотикалық әңгімелер» (1925), «Иприт» романы (В. Шкловскиймен бірлесіп жазған, 1926), «Ерекше құпиясы» (1927), «Оқшау үй» (1928) және т.б. әңгімелер жинағы.

Ұлы Отан соғысы және кейінгі кезендерде бейбітшілік, соғыс, тарихи тақырыптарға арналған көптеген әңгімелер, публицистикалық мақалалар жазған. «Бородино даласында» (1943), «Максим Горькиймен кездесулер» (1947), «Берлинді аларда» (1946). «Ломоносов» пьесасын (1953), «Біз Индияға барамыз» (1960) романын жазған. Бірқатар шығармалары Европа мен шетел тілдеріне аударылды.

Всеволод Иванов - қазақ әдебиетінің жанашыры болған. Ол 1936 жылы Б. Майлин, Ғ. Мүсіреповпен бірге «Амангелді» кинофильмінің сценариін жазған. Вс. Ивановтың таланты кезінде жоғары бағаланды. Әдебиетке қосқан зор еңбегі үшін екі орден және медальмен марапатталған.

Оның құрметіне Павлодар қаласында және Лебяжье ауылында (қазіргі Аққу) көшелерге, Аққу орта мектебіне есімі беріліп, мемориалдық тақта орнатылды.

Әдебиеттер:

Иванов Всеволод Вячеславович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 365 б.

Жайықбаев Н. Жай оғындай атылған...: [Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер музейінде Ертістің Павлодар өңірінен шыққан майдангер-жазушыларға көрме ұйымдастырылды] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 7 мамыр. – 24 б.

Гладковская Л. Изденіс жолы: Жерлесіміз, жазушы Всеволод Ивановтың туғанына 120 жыл / С. Сатыбалдин // Сарыарқа самалы. – 2015. – 10 қыркүйек. – 16 - 17 б.

Сатыбалдин С. Талайсыз тағдырлар: (Көрнекті кеңес жазушысы, жерлесіміз Всеволод Ивановтың «Эдессаның қасиетті қазынасы» романындағы діни сенім көріністері) // Сарыарқа самалы. – 2016. – 29 қыркүйек. – 14 б.

Сатыбалдин С. Болмысы бөлек жазушы: [Жерлесіміз, жазушы В. Иванов жайлы] // Сарыарқа samaly. – 2020. – 20 ақпан. – 23 б.

Қайыров Е. Бір суреттің тарихы: [Ақын Жамбыл Жабаев пен жерлесіміз, жазушы, публицист В. Ивановтың суреті туралы әңгіме] // Сарыарқа samaly. – 2021. – 25 наурыз. – 11 б.

24 ақпан

Жұмасейіт Қоғабайұлы Бижанның
туғанына 85 жас (1940)



Қазақстанның Құрметті журналисі, педагог Жұмасейіт Қоғабайұлы Бижан Ақтоғай ауданы Шұға ауылында туған.

1966 жылы Қарағанды педагогикалық институтын, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Жаңаталап сегіз жылдық мектебінде мұғалім болған. 1968 жылы «Білім» қоғамында жауапты хатшы, 1970 жылы Краснокутск аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1972 жылы Краснокутск аудандық атқару комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1974 жылы Екібастұз аудандық «Вперед-Алға» газеті редакторының орынбасары.

1972-1974 жж. Краснокутск аудандық кеңестің депутаты болып сайланды.

1972-1974 жылдары Краснокутск аудандық партия комитетінің тексеру комиссиясының мүшесі, Екібастұз қалалық партия комитетінің мүшелігіне кандидат болды.

1978 жылы Алматы Жоғары партия мектебін бітірген; 1978 жылы Екібастұз АҚӨБ бастығының орынбасары, Екібастұз қаласы атқару комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1979-1997 жж. Павлодар облысы Телерадио компаниясының редакторы, аға, бас редакторы, саяси шолушысы, бас продюсері, төрағаның орынбасары, 1997 жылы Павлодар облыстық сайлау комиссиясының мүшесі; 1998 жылы облыс әкімі аппаратының бөлім кеңесшісі, 2000 жылдары облыстық тілдер басқармасының бөлім бастығы, облыстық ауыл шаруашылық департаментінде бас маман, аудармашы болды.

Павлодар мемлекеттік университетінде «Білік» газетінің редакторы, Ж. Аймауытов атындағы Этнопедагогика және білім берудің инновациялық технологиялары ҒПО ғылыми қызметкері болды.

«Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, Павлодар облысының журналистер және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, КСРО Телеарнасы және радиосының үздігі, облыс әкімі грантының иегері, С. Торайғыров атындағы алтын медальдерімен марапатталған.

Ж. Бижан – «Замандастар тағылымы», «Ардақты елім – Ақтоғай» (С. Мағзұмовпен бірге) кітаптарының, республикалық және облыстық телеарналардан берілген «Көзқарас», «Дәуір» телехабарларының авторы.

Әдебиеттер:

Бижан Жұмасейіт Қоғабайұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / Бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 248 - 249 б.

Бижан Ж. Қ. Өнерлінің өрісі кең: [Қазақстанның Құрметті журналисі, С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің профессоры Ж. Қ. Бижанмен сұхбат] / сұхбаттасқан М. Омаров // Сарыарқа самалы. – 2010. – 18 ақпан. – 6 б.

Бижан Ж. Қ. Ардагер журналист Жұмасейіт Бижан: Парасатты Президент, кеменгер Көшбасшы: [Қазақстанның Құрметті журналисі, С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің профессоры Ж. Қ. Бижанмен ҚР Тұңғыш Президентінің күніне орай сұхбат] / сұхбаттасқан А.Әбішев // Сарыарқа самалы. – 2012. – 22 қараша. – 7 б.

Жұматов А. Жаңа кітап жарық көрді: [Белгілі журналист, ПМУ профессоры Ж. Бижанның «Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар» атты жаңа оқу құралының тұсаукесері өтті]// Шаһар. – 2014. – 14 ақпан. – 5 б.

Зейнулина А. Ф. Салмақты іс, салиқалы ой иесі: ардагер журналист Жұмасейіт Бижан хақында // Saryarqa samaly. – 2020. – 20 ақпан. – 20 б.

Әміренов Ф. Жақсы адам өлмес болсайшы...: [Еңбек сіңірген журналист, КСРО телевизиясы мен радиосының үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, педагог, Қазақстанның Құрметті журналисі Ж. Қ. Бижановтың рухына] // Saryarqa samaly. – 2021. – 13 ақпан. – 10 б.

Жұмасейіт Қоғабайұлы Бижанов: [80 жасқа қараған шағында Қазақстанның Құрметті журналисі Ж. Қ. Бижанов өмірден озды] // Saryarqa samaly. – 2021. – 13 ақпан. – 10 б.

Рақымжанова Қ. Сіз туралы өткен шақта айту қиын...: [Еңбек сіңірген журналист, КСРО телевизиясы мен радиосының үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, педагог, Қазақстанның Құрметті журналисі Ж. Қ. Бижановтың рухына] // Saryarqa samaly. – 2021. – 13 ақпан. – 10 б.

Садуақасов, Ш. Өңіріміздің абзал перзенті еді...: [Қазақстанның Құрметті журналисі Ж. Қ. Бижановтың рухына] // Saryarqa samaly. – 2021. – 13 ақпан. – 10 б.

Жармакина Д. Менің алғашқы ұстазым: [Еңбек сіңірген журналист, КСРО телевизиясы мен радиосының үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, педагог, Қазақстанның Құрметті журналисі Ж. Қ. Бижановтың рухына] // Saryarqa samaly. – 2021. – 20 наурыз. – 10 б.

Қоғабайұлы Ж. Сүзеген сиыр мен тентек бала: (Бижанов Жұмасейіт Қоғабайұлының рухына) // *Saryarqa samaly.* – 2021. – 20 наурыз. – 10 б.

Қабылденова Қ. Арнайы кабинет ашылды: [Ақтоғай ауданының Абай мектебінде белгілі журналист, публицист, ғалым Ж. Бижанның кабинеті ашылды] // *Saryarqa samaly.* – 2023. – 5 қыркүйек. – 16 б.

25 ақпан

Николай Петрович Шабраттың
туғанына 85 жас (1940)



Қаз ССР-нің Өнеркәсіп саласына еңбек сіңірген қызметкері, қоғам қайраткері, Павлодар қаласының Құрметті азаматы Николай Петрович Шабрат Ақтөбе облысында дүниеге келген. 1959 жылы Шымкент техникумын, 1966 жылы – инженер-механик мамандығы бойынша Қазақ химия-технология институтын бітірген. Семейдегі силикат зауытында шебер болып істеген. Кейін Шымкент асбестцемент құрылымдары комбинатында шебер және бас механик болды. Павлодарда 1980-2013 жылдары Павлодар картон-рубероид зауытының директоры қызметінде болды. Н. П. Шабраттың жетекшілігімен қысқа мерзім ішінде зауыттағы жұмыстың өндірістік-шаруашылық қызметінде қайта құру және қалпына құру жұмыстары жүрді. Бұл Қазақстандағы осы бағыттағы жалғыз зауыт өнімдерінің шығарылымын арттырды. Зауыт қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жасауға көп көңіл бөлінді. 1983 жылы бастап зауыт үнемі қаланың Құрмет Тақтасына енді. Н. П. Шабраттың жетекшілігімен зауыт қаланың үй құрылысына және қаланың инфрақұрылымына едәуір үлес қосты. Зауыт тұрақты түрде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетті.

Н. П. Шабрат бірнеше рет облыстық мәслихат депутаттығына сайланды. Н. П. Шабраттың есімі Благовещенск соборының кіре берісіндегі мәрмәр тақтасына енгізілді. Зауыт мешіт құрылысына белсенді араласты.

Н. П. Шабрат «Құрмет Белгісі» орденімен (1986), «Құрмет» орденімен (2001), «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейлі медалімен (2001), Орыс Православ шіркеуінің әулие князь Мәскеулік Даниилдің медалімен (1999) марапатталған. ҚазССР Жоғары Төралқасының Жарлығымен Н. П. Шабратқа «ҚазССР-нің Еңбек сіңірген өндіріс қызметкері» атағы, Павлодар қаласы мәслихатының шешімімен Павлодар қаласының Құрметті азаматы атағы берілген.

Әдебиеттер:

Шабрат Николай Петрович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 722 б.

Ақпан

«Айреник» армян этно-мәдени бірлестігінің құрылғанына
30 жыл (1995)

Павлодар облыстық армян бірлестігі «Айреник» («Отан») Павлодардағы Қазақстан Халқы Ассамблеясында ұлттық-мәдени орталықтар қалыптаса бастаған кезде құрылды. «Айреник» қоғамын құру бастамасында Сержик Мартиросян, Карлен Григорян, Хачатур Калаян, Арсен Дардзян және басқа ақсақалдар тұрды. Қоғамның құрылымында басқарма, ақсақалдар кеңесі және жастар қоғамы құрылды, әдеби үйірме, би ұжымы жұмыс істейді. Құру мақсаты – аймақтағы бейбітшілік пен келісімді нығайту, армян мәдениетін, өз халқының тарихын, әдет-ғұрыптары мен салттарын жаңғырту мен сақтау. Алғашқы төрағасы Сержик Мартиросян болды, ол орталықты 8 жыл басқарды. Одан кейін қоғамды Вячеслав Иорданиян басқарды. 2006 жылы «Айреник» төрағасы Камо Бадоян. Қазіргі кезде қоғамды Э. Б. Петросян басқарады.

«Айреник» барлық қалалық, облыстық және республикалық іс-шараларға қатысады. Қоғаммен көптеген армян халқының мейрамдары мен салттары қайта жаңғырды. Бір салты – армян халқының рухани бірігу рәсімі – Хачкара, рәсім жасау жері – Благовещенск кафедралды соборы. Жастар мен ересектерге құрмет көрсету жөнінде үлкен жұмыс атқарылады.

Жыл сайын 7 сәуірде көктем мерекесі – Ана күні аталып өтіледі. 21 қыркүйекте «Айреник» облыстық қоғамының мүшелері Арменияның Тәуелсіздік күнін атап өтеді, 24 сәуірде 1915-1922 жылдары Осман империясында армян халқының арасында геноцид құрбандарын еске алады. 7 желтоқсанда – 1988 жылы Спитак апатты зілзаласының құрбандарын еске алу күні. Қоғам жұмысының басым бағыты – армян мәдениеті мен тілін насихаттау. Ұлттық жаңғыру мектебінде

алғашқы күннен бастап армян бөлімі жұмыс жасайды, онда армян тілін, тарихын және мәдениетін үйретеді. Қоғамдық бірлестік Қазақстан армяндары Ассоциациясының мүшесі болып табылады және тығыз қарым-қатынаста.

Әдебиеттер:

Аракелян С. Елдің иесіне ризамыз: [1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні] // Saryarqa samaly. – 2024. – 25 сәуір (№ 17). – 5 б.

5 наурыз

Серік Қинаятұлы Сатыбалдиннің туғанына 75 жас (1950)



Ақын, аудармашы, балалар әдебиетшісі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Аққулы ауданының Құрметті азаматы, «Ақсақалдар тағылымы» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Серік Қинаятұлы Сатыбалдин Лебяжі ауданының (қазіргі Аққулы ауданы) Қызылқоғам ауылында туған. 1967 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Ленин атындағы және Абай атындағы орталау мектептерде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып істеген. 1973 жылы Семейдің педагогикалық институтының филология факультетін қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Лебяжі аудандық «Ленин жолы» газетінің редакциясында аудармашы болып, Лебяжі аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып қызмет істеді. 1983 жылдан 2001 жылға дейін Бірінші май орталау мектебінде, Қызыләскер (қазіргі С.Сатыбалдин атындағы) орта мектептерде директор болды. 2001 жылдан 2008 жылға дейін Павлодар ауданындағы Заңғар орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, Павлодар машинажасау колледжінде қазақ тілі пәнінің оқытушысы, Ақсу қаласы әкімінің аппаратында бөлім меңгерушісі болып қызмет істеді. 2008 жылдан 2013 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Павлодар облыстық аумақтық инспекциясында бас маман – аудармашы болып істеді. Газеттерге хабарлар, суреттеме, әдебиетті мектепте оқыту әдістемесі, тіл мәселелері жөнінде публицистикалық мақалалар, әдеби шығармалар туралы рецензиялар жазып тұрды. Кейінгі бірнеше жыл бойы өлеңдер жазып, прозалық классикалық көркем әдеби шығармаларды қазақ тіліне аударып, әр түрлі тақырыптарға мақалалар мен шағын әңгімелер жазып жүр. Олар республикалық «Жұлдыз», «Жалын», «Әлем әдебиеті», «Таң Шолпан», «Балдырған», «Айгөлек», «Балбұлақ», «Бала би», «Ақ желкен», «Жыл он екі ай», «Мәдениет», «Мөлдір бұлақ», «Үркер», «Қазақстан патриоты», «Ақ Жайық», «Мәдени мұра», «Адам және өмір», «Найзатас» журналдарында, республикалық «Егемен Қазақстан», «Заң газеті», «Қазақ әдебиеті» «Ана тілі» және облыстық «Сарыарқа самалы» газеттерінде басылуда. Көрнекті кеңес жазушысы, жерлесіміз В. Ивановтың романы мен повесін аударып, оның творчествосы туралы мақалалар жазып, ивановтану ісіне мол үлес қосты.

Үнемі оқу-іздену нәтижесінде қаламы ұшталып, бес әдеби-көркем кітап шығарды. 2015 жылы «Әр жылдар жазбалары» атты кітабы шықты. 2016 жылы Павлодар облысының әкімдігі ұйымдастырған әдеби шығармалар конкурсының «Аударма әдебиет» номинациясы бойынша «Аудармалары» атты кітабы шықты. 2017 жылы «Қылмыс пен жаза», 2018 жылы «Қасиетті жұрт», 2019 жылы «Қоңырүңгір хикаясы» атты кітаптары шықты. Қаламгердің шығармаларында баланың сезімдерін түсінуге көмектесетін туындылар мол кездеседі. «Төрт таблетка», «Сабырлы сахаба», «Он екі жасар патша», «Мейірімді пілдер», «Шоқ тоғайдағы шарайна», «Шыншыл бала» және басқа да туындылары. 2019 жылы «Қоңырүңгір хикаясы» атты кітаптағы өлеңмен жазылған ертегі мен мысалдар жас оқырмандардың оқуына жеңіл әрі тәрбиелік, танымдық мәні зор.

Әдебиеттер:

Сатыбалдин С. Қ. Әр жылдар жазбалары. – Павлодар: Сытина баспаханасы, 2015. – 554 б.

Сатыбалдин С. Аудармалары: әңгімелер / ауд. С. Сатыбалдин. – Павлодар: Дом печати, 2016. – 67 б.

Сатыбалдин С. Қасиетті жұрт: мақалалар, әңгіме, тәмсілдер, аудармалар. – Павлодар: ЭКО, 2018. – 142 б.

Сатыбалдин С. Қоңырүңгір хикаясы: өлеңдер, мысалдар, аудармалар.– Павлодар: ЭКО, 2019. – 114 б.

Сатыбалдин С. Шыншыл бала: мақалалар, әңгімелер, ертегілер, өлеңдер, аудармалар. – Павлодар: ЖК «Сытин А. А.», 2023. – 157 б.

- Сатыбалдин С. Өлеңдер // Балдырған. – 2011. – № 10. – 28 б.
- Сатыбалдин, С. Исабек Ишанға: өлең // Сарыарқа самалы. – 2012. – 6 қыркүйек. – 14 б.
- Сатыбалдин С. Себеп пен салдар: Ғ. Есімнің «Ақ өлең - аққулы мекен» роман-эссесін оқығаннан кейінгі ой // Сарыарқа самалы. – 2013. – 13 тамыз. – 6 б.
- Сатыбалдин С. Қаныш ескерткіші алдында: [Ғалым Қ. Сәтбаевқа арналған өлең] // Сарыарқа самалы. – 2014. – 12 сәуір. – 4 б.
- Сатыбалдин С. «Табиғат - тіршілік тірегі»: өлеңдер // Балбұлақ. – 2015. – № 5 - 6. – 8 - 9 б.
- Сатыбалдин С. «Немерелеріме арналған жыр»: өлең // Ақ желкен. – 2016. – № 11. – 51 б.
- Сатыбалдин С. Талайсыз тағдырлар: (Көрнекті кеңес жазушысы, жерлесіміз Всеволод Ивановтың «Эдессаның қасиетті қазынасы» романындағы діни сенім көріністері) // Сарыарқа самалы. – 2016. – 29 қыркүйек. – 14 б.
- Сатыбалдин С. Қылмыс пен жаза: немесе халық фольклорының тағылымы // Егемен Қазақстан. – 2016. – 29 қазан. – 10 б.
- Сатыбалдин С. Көркем аудармаға көңіл бөлінсе екен: [Көркем аударма мәселесі] // Егемен Қазақстан. – 2016. – 10 қараша. – 5 б.
- Сатыбалдин С. Елдіктің терең тамыры: [Тәуелсіздік күніне арналған өлең] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 22 желтоқсан. – 19 б.
- Сатыбалдин С. Гераклдың ажалы және оны Олимп құдайларының қатарына қабылдау: [Ежелгі грек ғұламасы Софоклдың «Трахинянки» трагедиясының аудармасы] / ауд. С. Сатыбалдин // Үркер. – 2017. – № 2. – 26 - 30 б.
- Сатыбалдин С. Даналыққа түсінік: [Философия ғылымдарының докторы, академик, жазушы Ғ. Есімнің «Фолиант» баспасынан шыққан «Хәкім Абай» кітабы туралы] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 20 маусым. – 7 б.
- Сатыбалдин С. Түрме түземеді: [Қылмыс пен жаза] // Заң газеті. – 2017. – 25 шілде. – 8 б.
- Сатыбалдин С. Бауыздалмаған тауық: тәмсіл // Егемен Қазақстан. – 2017. – 1 қыркүйек. – 12 б.
- Сатыбалдин С. «Қоңырүңгір хикаясы»: өлеңмен жазылған ертегі // Ақ желкен. – 2018. – № 9. – 73 - 75 б.
- Сатыбалдин С. Мысал өлеңдер: өлеңдер // Ақ желкен. – 2018. – № 11. – 63 б.
- Сатыбалдин С. Оқытуда олқылық болмауы тиіс: [Білім беру жүйесіндегі ағылшын тілінде оқыту мәселесі] // Егемен Қазақстан. – 2018. – 10 қаңтар. – 6 б.
- Сатыбалдин С. Қасиетті жұрт: [Естелік] // Ана тілі. – 2018. – 16 - 28 наурыз (№ 11 - 12). – 12 б.; Sarıarqa samaly. – 2021. – 25 наурыз. – 14 б.
- Сатыбалдин С. Уақыт қадірі / С. Сатыбалдин // Ақ желкен. – 2019. – № 3. – 61 - 62 б.
- Сатыбалдин С. Уақыттың қадірін білгеннің жолы болады: [Жазушы Н.Келімбетов «Үміт үзгім келмейді» атты хикаят-монологы жайлы] // Ақ желкен. – 2019. – № 3. – 61 - 62 б.
- Сатыбалдин С. Қазыналы қарт: немесе ұлтын ұлықтаған Ульянов // Naizatas. – 2019. – № 4. – 160 - 163 б.
- Сатыбалдин С. Сауат ашу ме ктебі: өлең // Ақ желкен. – 2019. – № 7. – 46 б.
- Сатыбалдин С. Байлықтан бас тарту: [Журналист, аудармашы С. Сатыбалдиннің бір топ әңгіме, тәмсілдері] // Адам және өмір. – 2019. – № 10. – 48 - 53 б.
- Сатыбалдин С. Бір әулеттен жеті боздақ: [«Ақсақалдар тағылымы» қоғамдық бірлестігі Ұлы Отан соғысынан елге оралмаған ағайынды Дүйсенбиновтердің есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде мәселе қозғады] // Egeмен Qazaqstan. – 2019. – 24 - 30 қазан (№ 43). – 9 б.
- Сатыбалдин С. Сәлем - сөздің анасы: [Жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз З. Қабдолов жайлы әңгіме] // Ақ желкен. – 2020. – № 3. – 52 - 53 б.
- Сатыбалдин С. Болмысы бөлек жазушы: [Жерлесіміз, жазушы Всеволод Иванов жайлы] // Sarıarqa samaly. – 2020. – 20 ақпан. – 23 б.
- Сатыбалдин С. Бесік жыры: (Ана әлді) // Sarıarqa samaly. – 2020. – 5 наурыз. – 15 б.
- Сатыбалдин С. Отырдан шыққан ойшыл: [Әл-Фараби туралы толғаным] // Farabi shakirti. – 2021. – № 4. – 3 б.

- Сатыбалдин С. Ой-білімнің ордасы: [Павлодар қаласындағы кітапханаларының жұмысы туралы] // *Saryarqa samaly.* – 2021. – 1 маусым. – 6 б.
- Сатыбалдин С. Өсімдіксіз өмір жоқ: [1 маусым - Балаларды қорғау күніне арналған С. Сатыбалдиннің өлеңдері] // *Ардагер / Ветеран.* – 2021. – 3 маусым. – 5 б.
- Сатыбалдин С. Бергі тарихтың беймәлім беттері: [Жерлесіміз, жазушы С. Баязитовтың «Жарылыс» романы туралы] // *Saryarqa samaly.* – 2021. – 28 тамыз. – 9 б.
- Сатыбалдин С. Болмысынан ұстаз тұлға: [Адагер-ұстаз, Аққулы ауданының Құрметті азаматы Қабидолла Әлиұлы Әлібаев 1 ақпанда 85 жасқа толып отыр] // *Saryarqa samaly.* – 2022. – 1 ақпан. – 7 б.
- Сатыбалдин С. Тұлғадан алар тәлім мол: Мемлекет, қоғам қайраткері Д. Қонаевтың туғанына - 110 жыл // *Saryarqa samaly.* – 2022. – 7 сәуір. – 18 б.
- Сатыбалдин С. Шоқтоғайдағы шар айна: [Ертегі] // *Saryarqa samaly.* – 2022. – 15 қазан. – 6 б.
- Сатыбалдин С. Төрт таблетка: [Әңгіме] // *Ақ желкен.* – 2023. – № 2. – 48 - 49 б.
- Сатыбалдин С. Өнші мен дельфин: Ертегі // *Naizatas.* – 2023. – № 5. – 134 - 136 б.
- Сатыбалдин С. Он екі жасар патша: [Ертегі] // *Naizatas.* – 2023. – № 5. – 133 - 134 б.
- Сатыбалдин С. Өткенге өкініш: [Әңгіме] // *Naizatas.* – 2023. – № 5. – 132 - 133 б.
- Сатыбалдин С. Тоғайдағы шарайна: (Ертегі) // *Балдырған.* – 2023. – № 8. – 36 - 38 б.
- Сатыбалдин С. Ұстаз әңгімесі: [Әдебиеттанушы, ғалым Қ. Мұхаметханұлының әңгімесінен естелік] // *Saryarqa samaly.* – 2023. – 8 маусым. – 17 б.
- Сатыбалдин С. Алғашқы ұстаз: [Ұлағатты ұстаз, ағартушы С. Сатыбалдин жайлы] // *Saryarqa samaly.* – 2023. – 28 қыркүйек. – 20 - 21 б.
- Сатыбалдин С. Намысшыл Назым: [Проза] // *Saryarqa samaly.* – 2024. – 11 қаңтар (№ 2). – 18 б.
- ***
- Кассиль Л. «Бақташы мен суретші»: әңгімелер / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // *Балбұлақ.* – 2012. – № 6 - 7. – 16 - 17 б.
- Пермяк Е. «Еңбек жалыны»: ертегілер / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // *Балбұлақ.* – 2012. – № 10. – 13 б.
- Иванов В. «Сонда Мұқтар айтқан еді...» [Жазушы М. Әуезов туралы] / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // *Жұлдыз.* – 2014. – № 5. – 197 - 198 б.
- Распутин В. Француз тілі сабағы: (Әңгіме) / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // *Найзатас.* – 2014. – № 5. – 141 - 176 б.
- Бабаевский С. «Улыбин құламасы»: повесть / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // *Әлем әдебиеті.* – 2014. – № 6. – 124 - 147 б.
- Пермяк Е. «Сенімді адам»: әңгімелер / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // *Балдырған.* – 2014. – № 9. – 57 - 59 б.
- Иванов В. Будданың қайтып оралуы: проза / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // *Жалын.* – 2014. – № 11. – 53 - 74 б.
- Иванов В. «Әдуассаның қасиетті қазынасы»: роман / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // *Таң- шолпан.* – 2015. – № 5. – 146 - 190 б.; *Таң-шолпан.* – 2015. – № 6. – 156 - 190 б.
- Ленц, З. Болашағы бар жұмыс: [Проза] / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // *Жалын.* – 2015. – № 10 - 12. – 154 - 165 б.
- Паустовский К. Шақпақталған қант: [Орыс жазушысы К. Паустовскийдың "Колотый сахар" атты әңгімесі] / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // *Ақ желкен.* – 2015. – № 10. – 34 - 37 б.
- Васильев П. Аңшы Тубо / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // *Жұлдыз.* – 2015. – № 12. – 132 - 134 б.
- Сахаба Т. Ізгілікті ізетпен үйлестірген: [Қазақстан Журналистер одағының мүшесі С. Сатыбалдиннің 65 жылына орай] // *Сарыарқа самалы.* – 2015. – 3 наурыз. – 4 б.
- Гладковская Л. Ізденіс жолы: Жерлесіміз, жазушы Всеволод Ивановтың туғанына 120 жыл / С. Сатыбалдин // *Сарыарқа самалы.* – 2015. – 10 қыркүйек. – 16 - 17 б.
- Лонгфелло Г. «Геракл»: көне дүние аңыздарынан / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // *Жыл он екі ай.* – 2016. – № 1. – 51 - 57 б.

Васильев П. Чекистің әңгімесі: [Әңгіме] / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Найзатас. – 2016. – № 5. – 192 - 195 б.

Сетон- Томпсон, Э. Бинго: [Ағылшын жазушысы Э. Сетон- Томпсонның «Бинго» атты әңгімесінен үзінді] / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Ақ желкен. – 2016. – № 5. – 31 - 37 б.

Анов, Н. Абай атын асқақтатқан: [Жазушы М. Әуезов жайлы] / Н. Анов.; орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Жұлдыз. – 2016. – № 12. – 176 - 188.

Молдайып, С. Оқырман олжасы: [Ақын, аудармашы, журналист С. Қ. Сатыбалдиннің «Әр жылдар жазбалары» атты кітабы жарыққа шықты] / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2016. – 4 ақпан. – 17 б.

Анов Н. Жылы жүректі жан: Жазушы, драматург Николай Ановтың туғанына 125 жыл / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Мәдениет. – 2017. – № 1. – 56 - 58 б.

«Гераклдың ажалы және оны олимп құдайларының қатарына қабылдау»: көне грек мифтерінен / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Қазақстан патриоты. – 2017. – № 2. – 27 б.

Паустовский К. Қарт аспаз: (әңгіме) / ауд. С. Сатыбалдин // Ақ Жайық. kz. – 2017. – № 2. – 93 - 95 б.

Анов Н. Ақын Иса Байзақов / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // Найзатас. – 2017. – № 6. – 138 - 150 б.

Мертлик Р. Кир патша: балалық және жастық шағы / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // Жұлдыз. – 2017. – № 12. – 179 - 193 б.

«Қамыс жамылғы»: [Ағылшын ертегісі] / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Ақ желкен. – 2018. – № 1. – 46 - 47 б.

Лондон Д. «Киш туралы аңыз»: аңыз / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Ақ желкен. – 2018. – № 3. – 37 - 40 б.

Григорьева О. Жазушы Анастасия Цветаеваның музейі / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Мәдени мұра. – 2018. – № 4. – 48 - 49 б.

Хан қызы мен бір бұршақ: [Ертегі] / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // Saryarqa samaly. – 2019. – 9 қараша. – 7 б.

Иванов В. Елестер: [Ақын, аудармашы С. Қ. Сатыбалдиннің өмірбаяны мен В. Ивановтың ығармасының аудармасы] / орыс тілінен ауд. С. Сатыбалдин // Naizatas. – 2020. – № 2. – 135 - 149 б.

Сүтжанов С. Жерлес жазушының жазбалары: Серік Сатыбалдин шығармашылығы хақында // Naizatas. – 2020. – № 2. – 128 - 134 б.

Әлібаев Қ. Ұлағатты ұстаз-70 жаста: [Ұстаз Серік Қинаятұлы Сатыбалдин туралы] // Ардагер / Ветеран. – 2020. – 5 наурыз. - 5 б.

Әлібаев Қ. Шәкірт тәрбиелеудің шебері: [Аққулы ауданының Құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз С. Сатыбалдин 70 жасқа толады] // Saryarqa samaly. – 2020. – 5 наурыз. – 15 б.

Қабділәшім Е. Шыншыл қаламгердің шыншыл кітабы: [С. Торайғыров атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында ақын, аудармашы С. Сатыбалдиннің «Шыншыл бала» атты кітабының тұсаукесері өтті] // Naizatas. – 2023. – № 5. – 128 - 130 б.

Тұрсынбаева Ә. Ақын - елдің ардағы: [С. Баязитов атындағы балалар оқу орталығында ақын, аудармашы, журналист С. Сатыбалдиновпен өткен кездесу туралы] // Saryarqa samaly. – 2023. – 20 маусым. – 15 б.

Боранбаева А. Бала тілін тапқан ақын: [С. Баязитов атындағы балалар оқу орталығында ақын, аудармашы С. Сатыбалдиннің "Шыншыл бала" атты кітабының тұсаукесері өтті] // Saryarqa samaly. – 2023. – 14 қыркүйек. – 10 б.

12 марта

Людмила Васильевна Шевелеваның
туғанына 80 жас (1945)



Павлодар облысы мемлекеттік мұрағатының директоры, мұрағатшы, мұрағат ісінің үздігі, педагог Людмила Васильевна Шевелева Омбы облысы Черлак ауданы Елизаветинка селосында туған. 1966 жылы М. Горький атындағы Омбы мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Тапсырма бойынша Омбы облысы Таврический ауданындағы Звонаревокутск орта мектебіне жіберіліп, төрт жыл бойы

тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1970 жылы тамыз айында Павлодарға көшіп келіп, архивке жұмысқа түседі. 1976 жылы облыстық мұрағаттың директоры болып тағайындалды, бұл қызметте зейнеткерлікке шыққанға дейін еңбектенеді. Оның жетекшілігімен 1976 жылы мемлекеттік мұрағат қорларды жүйелі тақырыптық өңдеуді бастады, ерекше құнды қорлар мен істердің тізімдері жасалды, бірегей және ерекше құнды істерді есепке алу үшін журналдар ашылды, республикада алғаш рет істерді картон қораптарда сақтауға көшу басталды, «Павлодар Ертіс өңірінің әйелдері» кітапшасы жарық көрді. Л.В.

Шевелева Павлодар облысының мұрағат ісінің дамуына зор үлес қосты. Бұл - мұрағат басшылығы, ғылыми, әдістемелік, зерттеу жұмыстары. Көптеген кітаптар мен құжаттар жинақтары шығарылды. «Павлодарцы в годы Великой Отечественной войны 1941-1945», «Павлодарская область: страницы истории», «Здравоохранение Павлодарского Прииртышья в документах», «Из истории Русской Православной Церкви в Павлодарском Прииртышье 1919-1999», «Хроника целины: Павлодарская область 1953-1964 годы», «Земля Успенская», «Комсомол: документы, цифры, факты», «Экибастуз в документах 1957-2006», «Яков Геринг: Вся моя жизнь для людей», «Нас породнила Качирская земля», «Книга скорби. Расстрельные списки» т.б. құжаттар жинақтарының құрастырушысы. Архив жүргізу, тарих, құжат тану салалары бойынша мақалалар мен әдістемеліктердің авторы.

Павлодар облысының тарихы, біздің атақты жерлестеріміз туралы кітаптары жарық көрді: «Илья Ноздрин: труженик и хозяин», «Поклонимся великим тем годам. 1941-1945», «Край Железинский», «Георгий Берестовский: ученый с мировым именем», «1924-1937 гг. в истории Павлодара». Бұлар библиографиялық сирек басылымдар болып табылады.

Медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Оның есімі ҚазКСР Бас мұрағатының республикалық құрмет кітабына енгізілді.

Әдебиеттер:

Шевелева Людмила Васильевна // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 735 б.

Кожимов М. Мұрағатшылар: [Биыл Қазақ КСР-не еңбегі сіңген Мәдениет қайраткері, КСРО-ның мұрағат істерінің үздігі В. Болтина және тарихшы-мұрағатшы, КСРО-ның мұрағат істерінің үздігі Л. Шевелеваның ғылыми-шығармашылық жұмысына 40 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 31 наурыз. – 16 б.

13 наурыз

Амур Нұрмұхамбетұлы Жазиннің туғанына 90 жас (1935)



Инженер-металлург, партия, қоғам қайраткері Амур Нұрмұхамбетұлы Жазин Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында туған. 1959 жылы Ленинград политехникалық институтын бітірген. 1959-1961 жж. Балқаш тау-кен-металлургия комбинатының инженер-металлургі, 1961-1963 жж. ҚазақКСР ҒА Қарағанды химия-металлургия институтының ғылыми қызметкері, 1963-1969 жж. Павлодар алюминий зауытының ұстасы, 1969-1970 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, 1970-1973 жж. алюминий зауытының телім бастығы, 1973-1976 жж. Павлодар қаласындағы Индустриалды аудандық партия комитетінің хатшысы, 1976-1978 жж. облыстық партия комитеті бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1978-1981 жж. Павлодар қалалық партия комитетінің 2-хатшысы, 1981-1987 жж. Павлодар қалалық атқару комитетінің төрағасы, 1987-1991 жж. облыстық атқару комитетінің төрағасы, облыстық халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары, 1991-1992 жж. облыстық жұмыспен қамтамасыз ету басқармасы бастығының орынбасары, 1992-1996 жж. Павлодар алюминий зауыты кадрлар бөлімінің бастығы, 1996 жылы Индустриалды аудан ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметтерін

атқарған. 1998 жылы Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы. 4 медальмен марапатталған. Павлодар қаласының Құрметті азаматы.

Әдебиеттер:

Жазин Амур Нұрмұхамбетұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 327 б.

15 наурыз

Борис Александрович Вахламовтың
туғанына 100 жыл (1925-2000)



Экономика ғылымдарының докторы Борис Александрович Вахламов Ресей Федерациясы, Нижегород облысы Ефимовкада дүниеге келген. 1949 жылы Горькийдегі индустриалық институтты бітірген. 1949-1952 жылдары Нижнетагил металлургия зауытында инженер, 1959-1961 жылдары КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебінде оқыған. 1961 жылдан бастап Павлодар облысы партия комитетінде өнеркәсіп-транспорттық бөлімнің бастығы, 1963-1965 жылдары Павлодар қ. атқару комитетінің төрағасы болған, 1965-1985 жылдары КСРО ҒА Сібір бөлімінің экономика және өнеркәсіп институтында қызмет еткен. Экономикаға қатысты 50-ден астам ғылыми еңбектердің авторы.

Әдебиеттер:

Вахламов Борис Александрович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 265 - 266 б.

23 наурыз

Талғатбек Әбдірахманұлы Әбдіразақовтың
туғанына 105 жыл (1920-2015)



Экономика ғылымдарының докторы, профессор Талғатбек Әбдірахманұлы Әбдіразақов Баянауыл ауданы Жаңажол ауылында туған. 1947 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын, 1952 жылы Жоғары партия мектебін, 1961 жылы КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын бітірген. 1947-1950 жж. Қазақстан КП Қарағанды облысы комитетінің насихат және үгіт бөлімінің лекторы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1952-1954 жж. Қарағанды, Атырау қ. партия комитеттерінің хатшысы, 1954-1957 жж. Қазақстан ЛКЖО ОК-нің хатшысы, 1961-1978 жж. Қарағанды мемлекеттік педагогика институтында (қазіргі Қарағанды мемлекеттік университеті) кафедра меңгерушісі, 1978-1986 жж. Кооперативтік институттың ректоры қызметтерін атқарған. 1986 жылдан Қарағанды мемлекеттік университетінде профессор болы істеген.

200-ден астам ғылыми еңбектің, 3 монографияның авторы. «Құрмет белгісі», 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қарағанды қаласының Құрметті азаматы.

Әдебиеттер:

Әбдіразақов Талғатбек Әбдірахманұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 187 б.

28 наурыз

Жасұлан Құдайбергенұлы Шаймардановтың
туғанына 70 жас (1955)



Педагог, ғалым, биология ғылымдарының докторы, профессор, «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Қазақ Білім беру академиясының академигі Жасұлан Құдайбергенұлы Шаймарданов Павлодар қаласында туған.

1977 жылы Павлодар педагогика институтының биология-химия факультетін, 1985 жылы Қаз.КСР ҒА-ның Зоология институтының аспирантурасын бітірген. 1985-1992 жж. Павлодар педагогика институтында оқытушы, доцент, проректор қызметтерін атқарды. 1993-1996 жж. Кара Teniz Technic University (Түркия) докторантурасында оқыды әрі осы университеттің паразитология кафедрасында доцент болып істеді. 1996-

2001 жж. - Халықаралық серіктестік пен ғылыми жұмыстар бойынша, әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық-педагогика білім беру проректоры, 2001-2004 жж. - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 1-проректоры, 2004-2007 жж. - Павлодар педагогика институтының ректоры, 2007-2011 жж. - Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогика институтының ректоры (ҚР БҒМ (Астана қ.)).

2011 жылы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің директоры қызметтерін атқарды. 2012 жылдан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің 1-проректоры – стратегиялау-жоспарлау, әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры. 2015-2022 жж. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры болды.

Ғылыми жұмыстарының бағыты – гельментология, паразиттерді және оларға қарсы күрес тәсілдерін зерттеу. Ж. Шаймарданов 80-нен аса ғылыми басылымдардың авторы, 4 ғылым кандидатын дайындады, доктор және кандидат диссертация қорғау бойынша (Д 55.40.01) кеңес мүшесі болды. «Құрмет» орденімен, «ҚР Конституциясына 10 жыл» және «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдерімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Шаймарданов Жасұлан Құдайбергенұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 723 б.

6 сәуір Павлодар облысында Қазақстан халықтарының Кіші Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл (1995)

Қазақстан Республикасында 1995 жылы Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен бірегей институт - Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Ұлт көшбасшысы аталған Ассамблеяның төрағасы болды.

Павлодар облысының Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы облыс әкімі болып табылады. Облыс әкімінің аппараты құрамына енетін ассамблеяның хатшылығы – ассамблеяның жұмыс органы болып табылады. Ассамблея хатшылығының басшысы статусына қарай, облыстық ассамблеяның төраға орынбасары болып табылады. Жыл сайын, этномәдени бірлестіктердің төрағалары қатарынан бір кандидатура, сессия кезінде облыстық ассамблея төрағасының қоғамдық орынбасары тағайындалады.

Павлодар облысы Қазақстан халқы ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктердің жұмысы – Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңы, Ел бірлігі Доктринасы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын іске асыруға бағытталған.

Қазақстан халқы ассамблеясының негізгі міндеттері өңірдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімді сақтау, тұрақтылықты қамтамасыз ету, ұлттық бірлікті және қазақстандық патриоттылықты қалыптастыру. ҚХА хатшылығы бекітілген жұмыс жоспарына сәкес, этникааралық келісім мен толеранттылықты насихаттауға бағытталған дөңгелек үстелдер, кездесулер, сонымен қатар этномәдени бірлестіктердің бастамасымен жастарды ұлттық салт-дәстүрге және барлық қазақстан халқының толеранттылығы үлгісінде тәрбиелеуге арналған мәдениет апталықтары өткізіледі.

Өңірдегі алғашқы этномәдени бірлестіктер 80 жылдардың соңында ашыла бастады, ал 1991 жылы үш бірлестік: «Возрождение» немістер мәдени-ағарту қоғамы, татар башқұрт қоғамдық-мәдени орталығы және Т. Шевченко атындағы украин мәдени серіктестігі. 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының яғни кіші (өңірлік) ассамблеяның құрылу уақытына орай облыс көлемінде құқықтық жағынан рәсімделген, 8 ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істеді.

2018 жылғы қыркүйек айына Қазақстан халқы ассамблеясында облыстық 13 филиал, (Ақсу, Екібастұз қалаларында, Ақтоғай, Қашыр, Павлодар, Шарбақты, Лебяжі, Железин аудандарында және облыстық ҚХА филиалы – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттік ассамблеясы), 86 облыстық, қалалық және аудандық этномәдени бірлестіктер жұмыс істейді.

2009 жылдан бастап өңірдегі этникааралық және конфессияаралық келісімді қамту мәселелері бойынша Ассамблея құрамында «Ақсақалдар алқасы» жұмыс істеп келеді.

2010 жылы Қазақстан халқы ассамблеясы жанында ғылыми-сараптамалық топ құрылды, оның құрамына өңірдің үш жоғары оқу орындары – С. Торайғыров атындағы Павлодар

мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты және Инновациялық Еуразия университетінің ғалымдары кірді.

Қазақстан халқының бірлігі мен достығын насихаттау мақсатында облыста жыл сайын «Сан алуандықтағы бірлік» атты этникалық мәдениет фестивалі өткізіледі, шара негізінен қазақстандық біртұтастықты қалыптастыруға, рухани бірлік идеяларын, жастарды қазақстандық патриоттылыққа тәрбиелеу, Қазақстанда тұратын ұлттық мәдениетті әрі қарай дамытуға бағытталды.

Жыл сайын «Бір шаңырақ астында» атты жазғы фестиваль аясында қалалық мәдениет және демалыс саябағында арнайы бекітілген кестеге сәйкес ұлттық мәдениет мерекелері өткізіліп тұрады.

Жыл сайын республикалық және шекаралас өңірлердің жастар бірлестіктері лидерлерінің қатысуымен шекаралас әріптестіктің «Бірлік-Единство. KZ» жастар этномәдени форумы өткізіледі. Сонымен қатар, «Ертіс-достық өзені» атты халықаралық әріптестіктің этнофестивалін өткізу дәстүрге айналған.

«Патриот» пікірталас клубы жұмысы, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, этномәдени дәстүрлер мен достықты насихаттау оның басты мақсаты болып табылады.

Жыл сайынғы «біз Қазақстан халқы» үгіт-пойызы аясында облыс ҚХА мүшелері мен ЭМБ-нің шығармашылық ұжымдардың концерттік номерларымен және ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауын, қазақстанның Ел бірлігі доктринасын түсіндіру және ҚХА этномәдени бірлестіктерінің мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру және қоғамды -әлеуметтік жаңғыртуға қатысуы жөніндегі жұмыстарды ақпараттандыру мақсатында қалалар мен аудандардың елді-мекендеріне шығып отырады.

Облыс қалалары мен аудандарында, ірі кәсіпорындарында білім беру ұйымдарында қазақстан халқы Ассамблеясы күндері өткізіліп тұрады.

Ассамблея мен этномәдени бірлестіктер «Тілдердің үштұғырлығы» жобасының жүзеге асырылуына, басқа этнос өкілдерінің қазақ тілін үйренуіне көңіл бөліп отыр.

Қазақстанның көпұлтты халқының тарихын, ана тілін, салт-дәстүрін оқып-үйренуге бағытталған, қосымша білім беру мекемесі – Ұлттық жаңғыру мектебінің орны ерекше. Мектеп құрылымында 16 ұлттық оқу бөлім: армян, әзербайжан, болгар, белорус, грек, еврей, украин, балкар, корей, поляк, неміс, татар-башқұрт, шешен-ингуш, чуваш және қазақ, орыс екі мәдени орталығы жұмыс істейді.

Мектепте жыл сайын бес жүзден аса оқушы білім алады. Оқу бағдарламасы ұлттардың адамгершілік құндылықтарын меңгеруге, еліміздегі бейбітшілік пен ынтымақтастықты сақтауға жауапкершілікпен қарайтын жастар қауымын тәрбиелеуге бағытталған. Мектеп басты міндеттері қазақстандық патриоттылықты дамыту арқылы оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеу.

Облыстық ассамблеяның жастар қанаты құрамына облыстық этномәдени бірлестіктердің 16 жастар құрылымы кіреді, олардың басты міндеті – қазақстандық патриоттылықты тәрбиелеуде бірлесіп нәтижелі жұмыс атқару, Павлодар өңірінде тұратын этностардың мәдени және рухани құндылықтарын сақтау, оны тарату. Аталған құрылым өкілдері облыс әкімі жанындағы Жастар мәселесі жөніндегі өңірлік кеңес құрамына кіреді.

Қазақстанда ұлттық бірлікті қалыптастыру мен жетістіктерді насихаттау бойынша облыс Қазақстан халқы ассамблеясы мен этномәдени бірлестіктер жұмыстары туралы мәлімет бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жарияланып тұрады.

Облыстық радио эфирінде апта сайын «Қазақстан в современном мире», «Қазақстан – наш общий дом», «Қазақстан бүгінгі таңда» бағдарламалары, «Қазақстан-Павлодар» облыстық телеканалында айына бір рет «В семье единой», «Ортақ шаңырақ астында» бағдарламалары шығып тұрады.

Мемлекеттік ұлттық саясатты іске асырудағы нақты қадамдардың бірі 2008 жылдың қыркүйек айында облыстық Достық үйі пайдалануға берілді, шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н. Назарбаев қатысты.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін Достық үйі жақсы материалдық базамен қамтылған: дыбыстық және жарық түсіруші заманауи аппаратурамен жабдықталған мәжіліс залы және акт залы, репетиция және хореография залдары, мультимедиялық, компьютерлік, оқу сыныптары, ұлттық әдебиет кітапханасы және мұражай.

2010 жылы желтоқсан айында «Достық» концерт залы ашылды. Оның материалдық-техникалық базасы этномәдени бірлестіктер шығармашылық ұжымдарының концерттік қызметін

белсенді түрде жүзеге асыруға, мен облыс тұрғындары мен павлодарлықтардың өңірдегі сан алуан ұлт өкілдерінің мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік ашты.

Әдебиеттер:

Біз тұратын үй=Дом, в котором мы живём / бас. ред. С. Қ. Жетпісбаев; фот. А. Пархоменко. – Павлодар: Типография Сытина, 2011. – 352 б.

Павлодар облысының Қазақстан халықтары Кіші Ассамблеясы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 584 - 585 б.

Қабдуахит Ө. Ұлттық тәрбиені дәріптеген ұйым: [Облыстық мұсылман әйелдер лигасының құрылғанына - 20 жыл] / Ө. Қабдуахит // Сарыарқа самалы. – 2012. – 10 сәуір. – 3 б.

Қазақстан - алтын бесік!: [Павлодар облысының Қазақстан халқы Ассамблеясы] // Сарыарқа самалы. – 2014. – 8 сәуір. – 4 б.

Бықай Ф. Ата-ана тағылымы және Элина Паули: [Қазақстан халқы Ассамблеясының Павлодар облысы бойынша жастар бірлестігінің үйлестіру кеңесінің басшысы Э. Паули туралы] // Егемен Қазақстан. – 2014. – 10 қыркүйек. – 4 б.

Мағжан Г. 2015 - Ассамблея жылы! // Сарыарқа самалы. – 2014. – 18 қыркүйек. – 5 б.

Жетпісбаев С. Айнымас достықтың алтын кілті өзімізде: [Қазақстан халқы Ассамблеясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының орынбасары С. Жетпісбаевпен әңгіме] / әңгімелескен Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. – 2015. – 23 сәуір. – 8 б.

Жетпісбаев С. Бірлігі мықты ел озады: [Қазақстан халқы Ассамблеясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының орынбасары С. Жетпісбаевпен Қазақстан халқының бірлігі күніне орай әңгіме] / әңгімелескен Ф. Бықай // Сарыарқа самалы. – 2015. – 30 сәуір. – 4 б.

Бықай Ф. Достықтың ән мен биі жарасып...: [Қазақстан халқы Ассамблеясының Павлодар облысы бойынша жастар бірлестігінің қатысуымен мәдени шаралар өтті] // Егемен Қазақстан. – 2017. – 14 сәуір. – 9 б.

Богнат Л. «Сені білемін, сен павлодарлық белоруссың»: деп еді Елбасы», - дейді «Беларусь» этномәдени бірлестігінің төрайымы Любовь Богнат / әңгімелескен Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. – 2017. – 26 сәуір. – 3 б.

Бықай Ф. Жазушылар жаңғыруға үндейді: [«Достық» үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйытқы болуымен «Жаңғырудың негізі - тұрақтылық, келісім және бірлікте» атты алқалы жиын өтті] // Егемен Қазақстан. – 2017. – 22 маусым. – 4 б.

Бықай Ф. ЭКСПО-2017 арналған фестиваль: [Облыс орталығында этномәдени бірлестіктер арасында «Бір шаңырақ аясында» атты фестивалі өтті] // Егемен Қазақстан. – 2017. – 1 қыркүйек. – 3 б.

Хашымқызы Қ. Қанатын қазақ ұмытпайды!: [Қоғам қайраткері Қ. Б. Даржұманның туғанына биыл 80 жыл толды] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 11 қараша. – 12 б.

Жетпісбаев С. Бірлігі жарасқан берекелі елміз!: [Қазақстан халқы Ассамблеясы Павлодар облыстық филиалы төрағасының орынбасары С. Жетпісбаевпен Қазақстан халқының бірлігі күніне орай әңгіме] / сұхбаттасқан Қ. Хашымқызы // Сарыарқа самалы. – 2019. – 30 сәуір. – 4 б.

Боранбаева А. Медиация мақсаты - бітімгершілік: [«Достық үйінде» облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясындағы медиация кабинетінің ашық есік күні өтті] // Сарыарқа самалы. – 2022. – 6 тамыз. – 2 б.

Қапанұлы М. Мың үгіттен - бір үлгі: [«Достық үйіндегі» этнобірлестіктер арасында қазақ тіліне деген сұраныс артқан] // Egeмен Qazaqstan. – 2024. – 5 ақпан. – 8 б.

8 сәуір

Қасен Байырманұлының

туғанына 115 жыл (1905-1986)

Өнші, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі Қасен Байырманұлы Ақсу қаласының ауылдық аймағында туған.

1931-1932 жж. Мәскеудегі орталық өнер техникумында оқыған. 1930 жылы драма тобына қабылданып, осы сахнада Жапал («Еңлік-Кебек», М. О. Әуезов), жалшы («Шахта» және «Торсықбай», Ж. Т. Шанин) рөлдерін ойнаған. Одан кейін келесі шығармашылық қызметіне өз өмірінің 50 жылын арнаған Семей қаласының музыка-драмалық театрымен байланысты. 1944 жылы актерге, әншіге Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі атағы берілді.

Театрда Төлеген, Қаратай, Қоңқай («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты», Ғ. Мүсірепов), Жантық, Таңеке, Қараменде («Айман-Шолпан», «Түнгі дабыл», «Еңлік-Кебек», М. Әуезов) бейнелерін сомдаған. Сахна әншісі ретінде қазақ халық әндерінің шебер орындаушысы. Академик А. Қ. Жұбанов Е. Беркімбаевтың «Жайқоңыр» әнін орындаудағы Байырманұлының шеберлігін жоғары бағалаған.

Әдебиеттер:

Байырманов Хасен // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 117 б.

Байырманұлы Қасен // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 217 б.

20 сәуір

Сергей Александрович Горбуновтың туғанына 75 жас (1950)



Журналист, жазушы Сергей Александрович Горбунов Павлодар қаласында дүниеге келген.

1967 жылы орта мектепті бітірді. 1968-1970 жж. - Әскери-теңіз күштері қатарында қызмет етті. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын Главпавлодарстройдың көп тиражды «Құрылысшы» газетінің тілшісі болып бастады. 1973-1992 жж. «Сарыақа самалы» облыстық қоғамдық-саяси газетінде, «Компаньонь» газетінің редакциясында қызмет еткен, телевидениенің қоғамдық-саяси редакциясының редакторы болды. 1992 жылдан - Қазақ телеграф агенттігінің (ТАСС) арнайы тілшісі, кейін «Казахстанская правда» газетінің Павлодар облысы бойынша меншікті тілшісі. ҚР Президентінің «Терең шығармашылық ізденісі үшін» грантының иегері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Красно-белый дед» әңгімесінің авторы, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Горбунов С. Жүрек жады=Память сердца / ауд. А. Б. Қани. – Павлодар: Дом печати, 2013. – 219 б.

Сергей Александрович Горбунов // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 272 б.

Амантай Ж. Ізденіске толы ғұмыр: ["Бас редакторлар клубының" ұйымдастыруымен журналист, жазушы С. Горбуновтың еңбек жолының 45 жылдығына арналған шара өтті] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 20 маусым. – 8 б.

Боранбаева А. Қаламгермен кездесу: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде Қазақстанның Құрметті журналисі, жазушы С. Горбуновпен кездесу кеші өтті] // Сарыарқа samaly. – 2022. – 23 сәуір. – 12 б.

Журналистика - жүрек қалауы: [Бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің күніне орай Павлодар облысының журналистерімен сұхбат] / Тілдескен Қ. Қабылденова, А. Боранбаева // Сарыарқа samaly. – 2022. – 23 маусым. – 6 б.

Бевз Л. Поэтом можешь ты не быть: [Поэзия] // Звезда Прииртышья. – 2023. – 9 нояб. – С. 20.

23 сәуір

Шахмардан Қайдарұлы Әбілевтің туғанына 75 жас (1950)



Опера әншісі, педагог, профессор, Қазақстанның Халық әртісі Шахмардан Қайдарұлы Әбілев Шарбақты ауданы Арбиген ауылында туған.

1969 жылы Алматы эстрада-цирк студиясын, 1981 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияны (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. 1981-1997 жж. Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияның әншісі, Қазақ ұлттық консерваториясында оқытушы, вокалді-хор факультетінің деканы, 1997 жылдан консерваторияда ән орындау кафедрасының құрметті кафедра меңгерушісі, доценті, профессор, 1991 жылдан Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының әншісі.

Әбілевтің репертуарында қазақ және шет ел композиторларының 500-ден астам ариясы, романсы және әні бар. Оның шығармалар шыңы Абай өлеңдеріне жазылған камералық-вокалдық шығармалары. 1991 жылы Мәскеу қаласында бұл шығармаларды Әбілев пианиношы С. Костевич пен бірге қос дауыста орындады.

Қазақстан, ТМД елдері мен шет елдердің қалаларында мастер-класс және жеке концерттерін өткізіп тұрады. 17 шәкірті әр түрлі халықаралық байқаулардың лауреаттары атанды. Олар: М. Шотабаев, Т. Мұсабаев, Д. Хамзина, Ж. Ғабдуллина, Э. Сакавов, Е. Шагаров, К. Базарбаева, т. б.

2003 жылдан бері Павлодар қаласында «Шахмардан достарын шақырады» атты опера-балет өнерінің халықаралық фестивалін өткізіп тұрады.

2011 жылы Павлодар қаласында вокалдық өнер академиясын ашты.

Ш. Әбілев ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың, Халықаралық Абай атындағы сыйлықтың лауреаты, Павлодар облысының Құрметті азаматы. «Құрмет», Халықаралық шығармалар академиясының «Даңқ» ордендерімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Әбілев Шахмардан (Шақпақ) // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 83 б.

Әбілев Шахмардан Қайдарұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 192 б.

Аманжол Қ. Абай шыңындағы Шахмардан: [Опера әншісі Ш. Әбілов туралы] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 23 сәуір. – 12 б.

Күлен Қ. Шахмарданның шабыт шыңы: [Ұлттық музейде Абайдың 170 жылдық құрметіне опера әншісі Ш. Әбілов мерекелік кеш өткізді] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 9 желтоқсан. – 12 б.

Хашымқызы Қ. Барқыт дауысты бірегейлер: [«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешенінде «Шахмардан достарын шақырады» атты ХІІІ халықаралық классикалық музыка өнерінің фестивалі өтті] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 27 желтоқсан. – 8 б.

Хашымқызы Қ. Шахмарданның сыйлығы: [Шарбақты ауданының тумасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, опера әншісі Ш. Әбілов атындағы сыйлық сарапқа салынды] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 28 сәуір. – 4 б.

Нұхұлы А. Қазақ опера өнерінің мақтанышы: [Ұлағатты ұстаз, ҚР еңбек сіңірген әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, опера әншісі, жерлесіміз Ш. Қ. Әбілов жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 21 сәуір. – 8 б.

Әйгілі әншіні құттықтады: [ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаев опера әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ш. Әбіловтің 70 жасқа толған мерейтойына орай құттықтау хатын жолдады] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 25 сәуір. – 2 б.

Әбілев Ш. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шахмардан Әбілев: Шығармашылығымның темірқазығы - Абай: [Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ш. Әбілевпен әңгіме] / әңгімелескен Н. Жұмабай // Егемен Qazaqstan. – 2020. – 11 мамыр. – 10 б.; Сарыарқа самалы. – 2020. – 2 шілде. – 16 - 17 б.

Жайлыбай Ғ. Абай әні: Шахмардан Әбіловке // Ана тілі. – 2020. – 13 - 19 тамыз (№ 32). – 9 б.

Сұлтанғазиев Н. Шахмардан шыңы: [Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ш. Әбілевтің өнер жолына шолу] // Ана тілі. – 2020. – 13 - 19 тамыз (№ 32). – 9 б.

Жұмабай Н. Абай рухымен сырласу: [«Астана Операның» камералық залында Абайдың 170 жылдық құрметіне концерт өтті] // Егемен Qazaqstan. – 2020. – 10 қараша. – 26 б.

Телебай М. Абай жолы: [Жазушы М. Әуезовтің 125 жылдығы және «Абай жолы» романының 80 жылдығына орай ҚР Еңбек сіңірген әртісі, опера әншісі Ш. Әбілевтің кеші өтті] // Saryarqa samaly. – 2022. – 26 сәуір. – 8 б.

Ахмадия О. Шахмарданның шашуы: [Павлодарда опера әншісі Ш. Әбілевтің М. Әуезовтің 125 жылдығы және «Абай жолы» романның 80 жылдығына орай «Абай жолы: ой-толғау» атты монооперасының премьерасы өтті] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 28 сәуір. – 16 б.

Аханбайқызы А. Мәні зор моноопера: [Опера әншісі Ш. Әбілевтің М. Әуезовтің 125 жылдығы және «Абай жолы» романның 80 жылдығына орай «Абай жолы: ой-толғау» атты монооперасын ұсынды] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 1 маусым. – 13 б.

Аманжол Қ. Шаһи арман: [Опера әншісі Ш. Әбілевке арнау] // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 17 маусым (№ 24). – 13б.

Таңжарық Т. Шах өнердің Шахмарданы: [Опера әншісі Ш. Әбілевтің М. Әуезовтің 125 жылдығы және «Абай жолы» романның 80 жылдығына орай «Абай жолы: ой-толғау» атты монооперасын ұсынды] // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 17 маусым (№ 24). – 12 - 13 б.

Әбілов Ш. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Шахмардан Әбілов: Бізді болашаққа Абай жолы бастайды: [Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Ш. Әбіловпен сұхбат] / Сұхбаттасқан Торғын Оразалы // Saryarqa samaly. – 2022. – 27 қазан. – 14 б.

Ахмет У. Шахмардан Әбілов: [Опера әншісі Ш. Әбілов туралы] // Мәдениет. - 2023. - № 10. - 39 - 42 б.

Шахмардан Әбілов - Халық әртісі: [Павлодарлық опера әншісі Ш. Әбілов Қазақстанның Халық әртісі атанды] // Saryarqa samaly. – 2023. – 26 қазан. – 3 б.

Боранбаева А. Абай әлеміне саяхат: [Опера әншісі Ш. Әбіловтің Абайға арналған «Толық адам, ой толғау, хәкім Абай» атты моно-опера шығармашылық кеші өтті] // Saryarqa samaly. – 2023. – 5 желтоқсан. – 12 б.

5 мамыр

Владимир Семенович Молотовтың туғанына 110 жыл (1915-2008)



Журналист, өлкетанушы, ғалым-философ, философия ғылымдарының кандидаты, ҚазССР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Владимир Семенович Молотов ата-анасынан ерте айырылып, балалар үйінде тәрбиеленді. Мектеп бітіргеннен кейін көпданалы газетте жұмысшы тілші болып істеді. Оны Петропавл облыстық газетінің тілшісі елеп, жұмысқа шақырды. Кейін Мәскеудегі КПСС ОК жанындағы Ленинград Коммунистік журналистика институтын бітірді. Мордовияда «Красная Мордовия» газетінің жауапты редакторы, жоғары партиялық мектепті бітірген соң Мордовияда облыстық газет редакторы, Омбы облысындағы «Правда» газетінің тілшісі, Омбыдағы «Молодой сталинец» газетінің редакторы болып істеді. 1940 жылы В. В. Вороновский атындағы Ленинград журналистика институтын тамамдады, Мәскеудегі қоғамдық ғылымдар академиясының диссертанттар курсына оқыды. Кандидаттық диссертация қорғап, журналистикаға оралды. 1954 жылдан облыстық «Павлодарская правда» газетінің редакторы, кейін «Звезда Прииртышья». 1957 жылы Жамбыл облыстық «Коммунист» газетінің редакторы, 1961 жылы – «Партийная жизнь Казахстана» журналының редакторы, 1963 жылы – Алматы жоғары партиялық мектебінің журналистика кафедрасының меңгерушісі. 1964 жылы ол қайта Павлодар облыстық газетінің редакторы болып тағайындалады. Тың жылдары ауылда ауқымды және күрделі жұмыс жылдары болды, үлкен құрылыс алаңдарына айналды. Осының барлығы журналист жұмысында көрінді. Егер тың алдында газет таралымы 8 мыңнан сәл асса, 70-жылдары таралым 100 мыңнан асты. Бұл газет журналистерінің және редакторы В. С. Молотовтың еңбегі. Ол өзі облыс бойынша көп жүрді, көп жазды. Іс-сапарлар, адамдармен кездесулер, зерттеулер кейін «В степях Прииртышья» (1976) кітабының жазылуына себеп болды. Молотовтың жазған кітаптары: «Большевики Сибири в период гражданской войны» (1949), «Содружество рабочих и крестьян в борьбе за освоение целинных и залежных земель» (1955). Талдықорғанда аз-кем уақыт облыстық газеттің редакторы қызметін атқарды. Кейін Павлодарға қайта оралды. Бүкіл ғұмырының аралығында көптеген журналистерге тәлім берді, ал олар абыроймен журналистер мектебін бүгінде республика деңгейіндегі басылымдарда көрсетіп келеді. Молотов зейнетке шыққан соң жазушылық еңбекпен ары қарай айналыса берді. Үш мәрте «Құрмет белгісі» орденімен (1957 ж., 1962ж., 1968 ж.) марапатталған.

Әдебиеттер:

Молотов Владимир Семенович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 497 б.

6 мамыр

Майра Шамсутдинованың туғанына 135 жыл (1890-1927)



Халық әншісі, композитор Майра Шамсутдинова Павлодар қаласында туған. Қазақ даласына аты мәшһүр Майра жасынан гармон тартып, ән салған. Кереку, Баянауыл, Семей аймағындағы жәрмеңке, той-думандарда, Қоянды жәрменкесінде Иса Байзақов, Әміре Қашаубаевпен бірге өнер көрсетіп, есімі елге танылған. Ол қазақ, татар, орыс тілдерінде әнді шеберлікпен орындаған. Оның репертуарында «Ах-ау, Семей», «Гауһартас», «Ертіс», «Сәулем-ай», «Мақпал», т. б. халық әндері болды.

1926 жылы белгілі музыкант, этнограф, фольклорист А. В. Затаевичпен кездесіп, 13 әнін жаздырады. А. В. Затаевич Майраның орындауында «Мақпал», «Көк-майса», «Қарағым-ау», «Қара-көз», «Баянауыл», «Телқоңыр», «Даланың әні», «Құрбымжай», «Алқарағай көк», «Хұсни құрдас», «Смет» әндерін жазып алып, нотаға түсірген. Ол өз жанынан «Майра», «Қызыл гүл», «Өкшесі егімнің айнала жез», «Бақша» әндерін шығарған. Майра Арқаның әншілік дәстүрін ілгері дамытты. Ол әншілік өнерді кәсіби дәрежеде меңгеріп, өзіндік нақышпен сырнайға қосылып айтқан. Майраның әндерін Е. Г. Брусиловский «Қыз Жібек» операсында, А. А. Зильбер «Қайта туған Қазақстан» симфониясында, Б. Байқадамов «Майра» хор капелласында пайдаланды. Ә. Тәжібаев «Майра» атты пьеса, поэма жазды. Павлодар қаласында бір көше мен 2001 жылы М. Шамсутдинова атындағы ән-өнер шығармашылық музей-үйі ашылды. Усолка шағын ауданында 2018 жылы ескерткіш орнатылды.

Әдебиеттер:

Әшімұлы А. Майраның әні (Жар рухымен сырласу). – Алматы: Атамұра, 1995. – 239 б.

Әнші Майра: көркем шығармалар, зерттеулер, естеліктер, арнау өлеңдер / құраст. А. Бәделхан. – Павлодар: ГОФ «ЭКО», 2001. – 279 б.

Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Өнд. толық. – 2-бас. – Алматы: Дайк - Пресс, 2001. – 439 б.

Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2005. – 290 б.

Қалиев Ә. Халық-таланттар көзі / Ж. Қалиева. – Павлодар: ГОФ «ЭКО», 2006. – 415 б.

Қазақстан композиторлары=Композиторы Казахстана: анықтамалық / құраст. Б. Қуат. – Алматы: Sansam, 2011. – 214 б.

Алқалы топтың ажары: әндер, қара өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, анекдоттар, аталы сөздер / құраст., ауд. Б. Нұржеке-ұлы. – Алматы: Жалын, 2014. – 415 б.

Қазақ халқының тарихи тұлғалары: қысқаша анықтамалық. Кіт. 3: Аңыз аналар мен ару қыздар / жоба авт. Ә. Көпіш; сурет. А. Дүзелханов. – Алматы: Өнер, 2014. – 423 б.

Қазақ халық композиторларының әндері / құраст. М. Құлкенов. – Алматы: Мереке, 2017. – 223 б.

Шамсутдинова Майра Уәлиқызы // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 429 б.

Шамсутдинова Майра Уәлиқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 475 б.

Мағжан Г. «Ертістің ерке Майрасы» осындай атпен әдеби-музыкалық кеш өтті:

Майра Шамсутдинованың туғанына - 120 жыл // Сарыарқа самалы. – 2010. – 21 қаңтар. – 6 б.

Ермеков Ж. Тіл тағдыры - аналардың қолында: [Әнші М. Шамсутдинова жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2013. – 11 сәуір. – 8 б.

Шайхымова М. Күміс көмей: [Әнші М. Шамсутдинованың 125 жылына орай] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 26 ақпан. – 12 б.

Шәріпханов Е. «Асыл мұра - әсем ән»: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі Ж. Аймауытов атындағы театрда әнші М. Шамсутдинованың 125 жылына орай кеш өткізді] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 19 наурыз. – 12 б.

Иманбаева А. Керекудің Майрасы: [Әнші М. Шамсутдинова жайлы] // Мәдениет. – 2016. – № 4. – 8 - 10 б.

Молдайып С. Уақыт талабы осы!: Майра Уәлиқызы атындағы ән және өнер шығармашылық мұражайының ашылғанына - 15 жыл // Сарыарқа самалы. – 2016. – 30 сәуір. – 6 - 7 б.

Молдайып С. Өміршең қазына: [М. Шамсутдинова атындағы ән-өнер шығармашылығы мұражайындағы жәдігерлер туралы] // Сарыарқа самалы. – 2018. –1 ақпан. – 20 б.

Тауқызы С. Әнші Майраға ескерткіш!: [Павлодарда әнші М. У. Шамсутдиноваға ескерткіш орнатылады] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 21 маусым. – 4 б.

Сарай Ә. Ертістің ерке бұлбұлы: [Әнші М. Шамсутдинова жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 12 шілде. – 15 б.

Амантай М. Ертістің ерке бұлбұлы: [Усолка шағын ауданында композитор, әнші М. Шамсутдиноваға ескерткіш қойылды] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 17 шілде. – 8 б.

Хашымқызы Қ. Майраның мұрасы: [Майра Шамсутдинова атындағы ән және өнер шығармашылық мұражайы] // Sarıarqa samaly. – 2020. – 12 наурыз. – 20 б.

Хашымқызы Қ. Қазақтың Майрасы: Майра Шамсутдинованың туғанына - 130 жыл // Sarıarqa samaly. – 2020. – 22 тамыз. – 12 б.

Хашымқызы Қ. «Майраның салған ізімен»: [Майра Шамсутдинованың туғанына - 130 жыл] // Sarıarqa samaly. – 2020. – 19 қыркүйек. – 10 б.

Хашымқызы Қ. Бас жүлде Ақтөбеге бұйырды: [Аймағымызда «Майраның салған ізімен» атты дәстүрлі әнші қыз-келіншектер арасында өткен республикалық байқауының бас жүлде иегері - Ақтөбе өңірінен қатысқан Ғазиза Әбдірова] // Sarıarqa samaly. – 2020. – 24 қыркүйек. – 19 б.

Хашымқызы Қ. «Дегенде атым Майра...»: [Майра Шамсутдинова атындағы ән және өнер шығармашылық мұражайына - 20 жыл] // Sarıarqa samaly. – 2021. – 4 ақпан. – 20 б.

Жақанов И. Майраның «Бақшасы»: [Әнші М. Шамсутдинованың «Бақша» әнінің тарихы туралы] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 10 наурыз. – 13 б.

Ахмадия О. Майраның мектебі: [«Шаңырақ» облыстық халық шығармашылық орталығында М. Шамсутдинованың әншілік өнерін насихаттайтын Майра мектебі ашылды] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 7 сәуір. – 16 б.

Телегенова А. «Майраның мектебі» ашылды: [Облыстық «Шаңырақ» халық шығармашылығы орталығында жерлесіміз, халық әншісі, композитор М. Шамсутдинованың атындағы дәстүрлі ән, жыр, терме мектебінің салтанатты ашылуы өтті] // Sarıarqa samaly. – 2022. – 7 сәуір. – 20 б.

Дәстүрлі ән - ұлттың болмысы: [Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармонияның әншісі, М. Шамсутдинованың әндерін насихаттаушы Ә. Ботаевамен сұхбат] / Сұхбаттасқан Торғын Оразалы // Sarıarqa samaly. – 2024. – 1 ақпан (№ 5). – 22 б.

20 мамыр

Раузия Тәжібаеваның туғанына 70 жас (1955)



Ж. Аймауытов атындағы Қазақ музыка драма театрының әртісі Раузия Тәжібаева Қостанай облысы Пешков ауданы Батмановка ауылында туған. 1977 жылы Алматы қаласында Құрманғазы атындағы Мемлекеттік консерваториясының актерлық факультетін тамамдады. 1978 жылдан бастап С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облысындағы қазақ театрында актриса болып қызмет етті.

Арнайы шақырумен 1990 жылы жаңа құрылып жатқан Павлодар облыстық қазақ музыка-драма театрының ашылуына үлес қосу үшін шақырылды. Сахналық өмірінде 70-тен астам рольдер сомдады, сахна тарланы М. Әуезовтың «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясында Айман, С. Балғабаетовтың «Бізде ғашық болғанбыз» спектаклінде - Зияда, Д. Исабековтің «Әпкесінде» - Қамажай, Э. Филиппоның «Филумена Мартураносында» - Филумена, Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері Ақтоқтысында» - Ақтоты, Ш. Айтматовтың «Ана жер-Анасында» - Толғанай, «Қалықтаған кемпірқосақ», О. Бөкеевтің «Атау кере» - Нюра, Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» - Баян, М. Байжиевтің «Тіл табысқандар» - Болдуқан, Т. Ахтановтың «Махаббат мұңы» - Ләззат, У. Шекспир «Асауға тұсау» - Бьянка, Островскийдің «Құтырған ақша» - Линда, Ш. Құсайыновтың «Алдар Көсе» - Қарашаш, Гогольдің «Үйлену» -

Фекла, Гольдонидің «Слуга двух господ» - Клориче, С. Балғабаевтың «Ең әдемі келіншек» - Мәдина, Ш. Ыдырысұлының «Ақнұр» - Ақнұр, Б. Жакиевтің «Әке тағдыры» - Зухра және т.б.

Сонымен қатар Ш. Ыдырысұлы «Ақнұр» спектаклін қойды. Киноларда жеке өз ролін ойнады Ю. Рытхэу «След россомахи» - Айнана, Ш. Мұртаза «Клад черных гор» - Мәрзия.

Жастармен сахна тілі бойынша жұмыс жасайды.

1996 жылы Жезқазған қаласында өткен Республикалық театрлар фестивалінде О. Сүлейменов пен Б. Мұқаевтың «Заманақыр» спектаклінде Мәлика ролін сомдаған үшін «Ең үздік әйел ролі» дипломмен марапатталды.

1998 жылы Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс атағы берілді. Қазақтың ұлттық өнеріне зор үлес қосқан, талантты да, дарынды актриса, әрқашан іздес үстінде.

2007 жылы Көкшетау қаласында өткен Республикалық фестивалінде Э. Филиппоның «Филумена Мартурано» спектаклінде Филумена ролін сомдаған үшін дипломмен марапатталды.

2008 жылы Ақтау қаласында өткен Республикалық фестиваліне Э. Филиппоның «Филумена Мартурано» спектакілімен қатысып I орынға ие болды.

Әдебиеттер:

Тәжібаева Раузия // Ертістің Павлодар өңірі.: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 680 - 681 б.

Ахмет А. Қазақтың Раузасы: [Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыкалы драма театрының ҚР еңбек сіңірген артисі Р. И. Тәжібаева жайлы] // Театр.kz. – 2015. – № 5. – 70 - 72 б.

Исламбаева З. Рауза Ілиясқызының шығармашылық жолы бүгінгі дәуірдің көркем айнасындай...: [Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыкалы драма театрының ҚР еңбек сіңірген артисі Р. И. Тәжібаева жайлы] // Театр.kz. – 2015. – № 5. – 72 - 73 б.

Молдайып С. Биіктік: [Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыкалы драма театрының ҚР еңбек сіңірген артисі Р. И. Тәжібаева жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 2 маусым. – 8 б.

5 маусым

Иван Илларионович Кривенконың

туғанына 100 жыл (1925-2001)



Кеңес Одағының Батыры Иван Кривенко Павлодар облысы Ақсу ауданы Марковка селосында туған. 1929 жылы ата-анасымен бірге Горький ауданы Октябрь совхозына көшіп барды. 1938 жылы 6 класты бітіріп, Кривенко трактористер курсына түседі.

Ұлы Отан соғысына дейін МТС-те тракторист болып істеген. 1942 жылы әскер қатарына шақырылып, майданда 50-гвардия танкі бригадасының «Т-34» танкісінің механик-жүргізушісі (1-Беларусь майданы, 2-гвардия танкілі армиясы, 9-гвардия танкілі корпусы) болған.

Иван Кривенко 1945 жылы жау шабуылына ерлікпен қарсылық көрсетіп, 2 неміс танкісін жойған. Кеңес Үкіметі ержүрек батыр танкистің ерлігін жоғары бағалады. 1945 жылы 31 мамырда И. И. Кривенкоға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1946 жылы майданнан оралғаннан кейін «Октябрьский» кеңшарында трактор жүргізу бригадасының бригадирі, 1966 жылы Павлодар трактор зауытында автогараж меңгерушісі және инженері қызметтерін атқарған. 1985 жылы зейнетке шықты.

И. И. Кривенко бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталған. 1977 жылы оған Павлодар қаласының Құрметті азаматы атағын, 1994 жылы қаланың бір көшесіне оның есімі берілді, Жеңіс алаңына ескерткіш қойылған. 1995 жылы Жеңістің 50 жылдығына орай Мәскеудегі шеруге қатысқан.

Әдебиеттер:

Кривенко Иван Илларионович // Совет Одағының Қазақстандық батырлары. – Алматы, 1969. – 1 Т. – 423 - 424 б.

Кривенко Иван Илларионович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 397 б.

Павлодарлық Кеңес Одағының Батырлары // Сарыарқа самалы. – 2010. – 6 мамыр. – 16 - 17 б.; Сарыарқа самалы. – 2010. – 8 мамыр. – 6 - 8 б.

Жеңісті жақындатқан жауынгер: [Кеңес Одағының Батыры И. И. Кривенко жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 23 сәуір. – 12 б.

Жеңісті жылдар жемісі: [Кеңес Одағының Батыры И. И. Кривенко жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 23 сәуір. – 13 б.

Кривенко, Н. Нина Кривенко, батырдың жары: «Мен - бақытты әйелмін!»: [Кеңес Одағының Батыры И. Кривенко жайлы батырдың жары Н. Кривенконың әңгімесі] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 23 сәуір. – 13 б.

Кеңес Одағының Батыры Иван Кривенко // Сарыарқа самалы. – 2015. – 23 сәуір. – 11 б.

Шайқас шындығы: [Батыр И. Кривенконы поляк үкіметі «Варшава шабуылы үшін» орденімен марапаттады] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 23 сәуір. – 12 б.

Кеңес Одағының Батырлары: [Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Павлодар өңірінен шыққан Кеңес Одағының Батырлары мен «Даңқ» орденінің толық иегерлері туралы мәліметтер] // Сарыарқа samaly. – 2020. – 7 мамыр. – 5 - 8 б.

7 маусым

Юрий Алексеевич Мостовойдың

туғанына 80 жас (1945)



Ақын, саясаткер Юрий Алексеевич Мостовой Швейцберг қаласында (Германия) дүниеге келген. Балалық шағы мен жастығы Воронеж және Харьков облыстарында өтті. Павлодарда 1964 жылдан бері. «Тұрғынүйкұрылыс» трестінде жұмысшы, суретші, комсорг болып жұмыс істеді, қалалық комсомол комитетінің жетекшісі болды. 1975 жылы Семей педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. 1973-1991 жж. партиялық және кеңестік органдарда, 1993-1998 жж. облыстық экономика басқармасында жұмыс істеді. 1998 жылы облыстағы Қазақстанның Азаматтық партиясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Тарихқа қызығады. Өлең жазады. 1983-1987 жылдары П. Васильев атындағы облыстық әдеби бірлестіктің төрағасы болды. Өлеңдердің алғашқы жинағы 1968 жылы «Звезда Прииртышья» газетінде жарияланған. 2000 жылы «Поэзия» номинациясында II қалалық сыйлыққа ие болды. Мостовойдың «Пристань сердца», «Постижение вечности», «Начала», «Повесть о Консерваторе Либераловиче Демократове и его удивительных приключениях», «Стихи разных лет. Гротесковые диалоги» өлеңдер жинағы шығарылды.

Әдебиеттер:

Мостовой Юрий Алексеевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 498 б.

15 маусым

Иван Григорьевич Ледовскийдің

туғанына 105 жыл (1920-1988)



Кеңес Одағының Батыры Иван Григорьевич Ледовский Омбы облысы Калачин ауданы Беловское ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Ал 1922 жылы Ледовскийлер отбасымен Железин ауданы, Моисеевка ауылына қоныс аударады. Иван Григорьевич әкесінен ерте айырылды, сондықтан мектепті бітіргеннен кейін колхозға бу диірменінде от жағушы болып жұмысқа баруға мәжбүр болды. Соғысқа дейін «Красный Октябрь» ұжымшарында комбайн жүргізушісі болып жұмыс істеген. 1938 жылы Қарулы Күштер қатарына шақырылды. 1941 жылы соғыстың алғашқы күндерінен бастап Отан қорғаушылар қатарында болды. Ол 1941 жылы маусымда Брест қамалын қорғау кезінде отқа шомылды. И.Г. Ледовский 1939-1940 жж. кеңес-фин соғысына қатысушы. 1943 жылы саяси нұсқаушылар мен кіші лейтенанттар курстарын бітірді. 2-Беларусь майданы 250-дивизиясының 918-ші атқыштар полкінің пулемет взводының командирі болып соғыстың соңына дейін жетті. 1944 жылы жаяу әскер жүрісін қастамасыз етіп, Березин өзенінің бойындағы паромды басып алып, өзеннен өтуге жол ашқан. Паромды және өткелді басып алу біздің әскерлерді Березина арқылы жылдам өткізуге және одан әрі шабуылды дамытуға мүмкіндік берді. Осы шайқасы үшін 1945 жылы Иван Григорьевич Ледовскийге Кеңес Одағының Батыры жоғары атағы берілді.

И. Г. Ледовский сондай-ақ Ленин орденімен, 1-ші және 2-ші дәрежелі Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін И. Г. Ледовский Новокузнецкте, Талды-Қорған қаласында, ал соңғы жылдары Павлодарда тұрды. Железин ауданындағы және Павлодардағы (бұрынғы Лесозаводская) көшелер оның есімімен аталады. Павлодардағы Жеңіс алаңында Батырдың бюсті, Катаев көшесіндегі үйде мемориалдық тақта орнатылған.

Әдебиеттер:

Ледовский Иван Григорьевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 468 б.

22 маусым

Ипполит Ипполитович Виноградовтың туғанына 100 жыл (1925-1996)



Мүсінші, педагог, Ұлы Отан соғысына қатысушы Ипполит Ипполитович Виноградов Мәскеуде дүниеге келген. Сурет салуға мектептен құмар болды. Соғысқа дейін сегіз сыныпты бітіріп, тігін машинасын реттеуші, электрик болып жұмыс істеді. 1943 жылдың ақпан айынан бастап, әлі 18 жасқа толмаған кезде, Карел майданында Свир әуе-десанттық дивизиясының құрамында соғысты. Кейіннен Екінші және Үшінші Украина майдандары, Венгрия, Австрия, Чехословакия болды. Жеңіс туралы хабарды Прагадан 60 шақырым жерде кездестірді. 1949 жылы демобилизациядан кейін елге оралды. Ол экстернат бойынша оныншы курсты аяқтап, Мәскеу жоғары көркем-өндірістік училищесінің (бұрынғы Строганов мектебі) мүсін бөліміне оқуға түсті.

1957 жылы Мәскеуде өткен VI Бүкіләлемдік жастар мен студенттер фестиваліне арналған халықаралық көркемсурет көрмесінің дипломанты, 1961 жылы КСРО Суретшілер одағының мүшесі болды. 1968 - 1975 жж. дейін өнер мектебінде сабақ берді.

Мольберт және монументалды мүсін өнерімен айналысқан. Оның шығармалары патриоттық және лирикалық тақырыптармен, нақты үлгілеумен және бейнелеудің эпикалық кеңдігімен ерекшеленеді. 1970 жылдан бастап сәулетші Д.С. Витухинмен және мүсінші И.П. Лопатинмен бірге Павлодардағы Бірінші Май алаңына Даңқobelіскін жобалау және орнату жұмыстарымен айналысты. 1980 жылдан Павлодар қаласында тұрып, жұмыс істеді. Оның 1944-1945 жж. қатарлас жауынгерлерінің портреттері сақталған. Виноградовтың мүсіндік туындыларындағы жеңіс әрқашан қыз немесе жас әйел бейнесінде көрінеді («45-жылғы көктем», «Партизан көктемі»). Сондай-ақ, ол үшін Жеңістің символы – баласын иығында, қолында жасыл бұтақ ұстаған әйел-ана. Бүгінде оны Павлодарда облыстық перзентхананың жанынан көруге болады. Негізгі шығармалары: «Тың өлке» (1957), «Қорғаушы» (1970), «Партизан көктемі» (1971), «Менің таныстарым» сериялары (1976), «Күнбағыспен қыз» (1981), «Нан» (1981), «45 жылдың көктемі» (1985), Ш. Аймановтың портреті (1985).

Әдебиеттер:

Виноградов Ипполит Ипполитович // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 267 б.

Сахаба Т. Соғыс бояулары: [Облыстық көркемсурет музейінде Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестеріміз, белгілі суретшілер - М. Колмогоров, И. Лагутин және И. Виноградовтың қылқалам туындылары көрмеге қойылды] // Saғуаrqa samaly. – 2019. – 2 мамыр. – 20 б.

5 шілде

Ахат Имантайұлы Жақсыбаевтың туғанына 85 жыл (1940-2021)



Жазушы, журналист, аудармашы Ахат Имантайұлы Жақсыбаев Павлодар қаласында туған. Орта мектепті бітірген соң 1958-1960 жж. Екібастұз қаласында дренажды шахтада жұмыс істеді.

1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетіндегі филология факультетінің журналистика бөлімін бітірді. 1965-1967 жж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1967-1972 жж. «Қазақ әдебиеті»

газетінде бөлім меңгерушісі, 1972-1993 жж. «Жұлдыз» журналында жауапты хатшы, 1993-1997 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор, ал 1997-2000 жж. «Ақиқат» журналының бас редакторы қызметін атқарды. 2000 жылы жаңадан құрылған және «Ұлан», «Дружные ребята» газеттері мен «Ақ желкен», «Балдырған» журналдарын қамтитын «Жас өркен» ашық акционерлік қоғамның президенті болып тағайындалды.

Ахат Жақсыбаев аудармашы ретінде де кеңінен танылды. 1986 жылы Г. Р. Хаггардтың «Маргарет ару» романы «Жалын» баспасында қазақ тілінде жарыққа шықты. Сонымен қоса, Р. Медведевтің «Сталиннің серіктері» және Ә. Әлімжановтың «Таным» повестерін қазақ тіліне аударған болатын. Әр жылдарда «Уақыт және қаламгер», «Сөзстан», «Бесжылдық белестері» жинақтарымен жекелеген очерктері жарық көрді.

Ахат Имантайұлы 1971 жылдан бері Жазушылар одағының мүшесі, 1976 жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, ал 1993 жылы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы боп сайланды. 1991 жылы «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» атағы берілді. 1978 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, 2002 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 2007 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Әдебиеттер:

Жақсыбаев А. Бөгет: роман. – Алматы: Жазушы, 1980. – 288 б.

Жақсыбаев А. Қорған: роман. – Алматы: Жазушы, 1991. – 272 б. .

Жақсыбаев А. Қайтпас Қайсар: роман-эссе. – Алматы: Фолиант, 2002. – 303 б.

Жақсыбаев А. Балалық пен даралық: әңгімелер. – Алматы: Ол-Жас, 2006. – 79 б.

Жақсыбаев А. Жаны жайсаң жақсылар: естеліктер, сапарлар, ой-толғамдар. – Алматы: Білім, 2006. – 272 б.

Жақсыбаев А. Иса ақын: роман. 1 кітап. – Алматы: Өлке, 2010. – 399 б.

Жақсыбаев Ахат Имантайұлы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 197 - 198 б.

Жақсыбаев Ахат Имантайұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 328 б.

Жақсыбаев А. Әке туралы толғаныс // Сарыарқа самалы. – 2005. – 5 сәуір. – 5 б.

Жақсыбаев А. Ағалықтан айнымайтын: [Балалар ақыны М. Жаманбалинов дүние салды] // Шаһар. – 2010. – 28 қаңтар. – 14 б.

Жақсыбаев А. Үйлесім: [Жерлесіміз, жазушы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А. Жақсыбаевпен сұхбат] / сұхбаттасқан С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2013. – 30 мамыр. – 18 - 19 б.

Жақсыбаев А. Майдангермен әңгіме: (Халық қаһарманы Қасым Қайсеновпен сұхбат) // Найзатас. – 2015. – № 4. – 37 - 59 б.

Жақсыбаев А. Жаяу жазушы: [Жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Исабай дүниеден өтті] // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 4 - 10 желтоқсан (№ 49). – 11 б.

Жақсыбаев Ахат. Иса ақын: Роман // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 105 - 150 б.

Жақсыбаев А. Бике: Романнан үзінді // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 22 қаңтар (№ 2 - 3). – 12 - 13 б.

Ақыш Н. Мәдениетті болуға үйретті: [Жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А. И. Жақсыбаев дүниеден өтті] // Ана тілі. – 2021. – 27 мамыр – 2 маусым (№ 21). – 11 б.

Ахат Жақсыбаев: [Жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А. И. Жақсыбаев дүниеден өтті] // Ана тілі. – 2021. – 27 мамыр – 2 маусым (№ 21). – 11 б.

Сәукетаев Т. Жаны таза жан еді...: [Жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А. И. Жақсыбаев дүниеден өтті] // Ана тілі. – 2021. – 27 мамыр – 2 маусым (№ 21). – 11 б.

Әубәкірова, Клара. Клара Әубәкірова: Ол өмір бойғы менің кумиріме айналды: [Жазушы А. Жақсыбаев туралы жары К. Әубәкіровамен әңгіме] / Әңгімелескен М. Райымбекова // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 4 ақпан (№ 5). – 19 б.

Ораз Н. Бақытты адамның ұйқысы: [Жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері А. И. Жақсыбаевтың рухына] // Сарыарқа samaly. – 2022. – 26 мамыр. – 16 б.

Жаппасұлы Е. Иса Байзақов - оқырман назарында: [Жазушы А. Жақсыбаевтың "Иса ақын" романы баспадан шықты]// Қазақ әдебиеті. – 2022. – 2 желтоқсан (№ 47). – 2 б.

12 шілде

Панко Георгиевич Величконың

туғанына 95 жыл (1930-2009)



График, суретші, мұғалім Панко Георгиевич Величко Украинаның Киев қаласында әскери отбасында дүниеге келген. 1937 жылы ата-анасы репрессияға ұшырады. Жетім қалған жеті жасар Киевке Дзержинский атындағы арнайы балалар үйіне жіберілді.

Ұлы Отан соғысы басталысымен балалар үйі Қызылорда қаласына көшірілді. Кейінірек Бұхарада ағаш оюшының шәкірті болады. Оның ұстазы атақты Ағаш пен гипстен ою шебері Усто Ширин Мұрадов болды. Содан кейін Мәскеу полиграфиялық институтында және Строганов мектебінде оқыды. Германияда қызмет еткеннен кейін Ленинградтағы Көркемсурет академиясына оқуға түсіп, КСРО Этнографиялық мұражайында реставратор болып жұмыс істеді.

1954 жылы Ленинград облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен Павлодар облысы Ертіс ауданына тың игеруге келеді. 1956-1965 жж. Павлодар драма театрында бас суретші болып жұмыс істейді. 1965 жылдан облыстық телевидениенің әртісі. Белсенді педагогикалық қызметпен айналысты. 1976 жылдан Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі. П. Г. Величконың сүйікті тақырыптары – Павлодар және Баянауыл, оның сүйікті жанрлары – акварель және графика.

Негізгі графикалық сериялар 50-70 жылдардағы Павлодар қаласының өндірістік тақырыптары мен жаңа құрылыстарына арналған: 70-жылдар: «Тың өлке» линогравюра сериясы (1964-1979), триптих «Үй құрылысының ас үйі» (1969), «Павлодар алюминийі» сериясы (1975), «Павлодар тракторы» (1979), Павлодар өрт сөндіру бөлімінің тарихына арналған гравюралар сериясы (1989). Оның Ертіс алқабында, Баянауылда, Жасыбай, Ямышево және Ертіс көлдерінде салынған суреттері сол кезеңнің деректі куәсі болып табылады. 2009 жылы суретшінің есімі Мәскеуде 1999 жылдан бері Суретшілер кәсіптік одағы шығаратын «Бірыңғай өнер рейтингі» анықтамалығының 15-ші басылымына енді.

Әдебиеттер:

Величко Панко Георгиевич // Павлодардың суретшілері = Художники Павлодара. – Павлодар, 2003. – С. 86 - 89.

Величко Панко Георгиевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жакып. – Алматы, 2013. – 266 б.

15 шілде

Қабыл Боранбаевтың

туғанына 110 жыл (1915-1978)



Ақын, аудармашы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Қабыл Боранбаев Павлодар облысы Баян-ауыл ауданында дүниеге келген. Петропавл педагогикалық техникумын, содан кейін ҚазҰПУ-ды бітірген. 1936-1943 жж. Қарағанды облысында, Балқаш қаласында мектеп мұғалімі, мектеп директоры, Түркістан педагогикалық училищесінде директордың орынбасары, 1946-1952 жж. ҚазТАГ редакторы, «Пионер» (Ақ желкен) журналы редакторының орынбасары болып жұмыс істеді. 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Отызыншы жылдары өлеңдер жаза бастады. Олар алғаш рет «Қарағанды пролетариат» газетінде жарияланды. Кейін «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет майданы» және т.б. газеттер мен журналдарда жарық көрді. «Дәурен», «Ант», «Дос отряд», «Тапқыр бала» және басқа да поэтикалық жинақтардың авторы. Қ. Боранбаевтың шығармаларының көбі жас оқырмандарға арналған. Жазушы аудармашы ретінде де әрекет етеді. Орыс ақындары Б.Н. Некрасовтың, В.В. Маяковскийдің, К.М. Симоновтың, Гафур Гулямның бірқатар өлеңдерін, И. Василенконың

«Звездочка» повесін және басқа да шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қ. Борамбаев Кеңес Одағының бірнеше медалімен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Боранбаев Қабыл // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 133 б.

Әбдірахманов М. Майдангер ақын: (Қабыл Боранбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай) // Сарыарқа самалы. – 2015. – 30 мамыр. – 7 б.

25 шілде

Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның туғанына 95 жыл (1930-2002)



Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, ҚР Халық ағарту ісінің үздігі Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева Баянауыл ауданы Қ. Сәтбаев атындағы ауылда туған. 1950 жылы ҚазПИ-ді бітірген. 1954-1965 жж. ҚазҰПУ-да, 1965 жылдан Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ғылыми-зерттеу еңбектері әдебиет тарихына, салыстырмалы әдебиеттану мен әдебиеттер байланысын зерттеуге арналған. Сәтбаеваның еңбектерінде әлемдік сюжеттер, интермәтіндер, көркем аударма, әдеби сапарнама секілді компаративизм мәселелері қамтылған. Ол «Орта Азия және Қазақстан әдебиетінің тарихы» (1961) басылымында қазақ әдебиеті бөлімін әзірлеуге қатысты, «Қазақ әдебиетінің ұлтаралық байланысы» (1970), «Әдебиеттер достығы» (1986) жинақтары мен «Қазақ әдебиеті тарихының» 3-томын шығаруға белсене ат салысты. «XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» (1972), «Әдеби байланыстар» (1974), «Қазақ әдебиеті мен Шығыс» (1982) және т.б. монографиялары жарық көрді. Ш. Сәтбаеваның зерттеулерінде Фердоуси «Шахнамасының» қазақ тіліндегі нұсқасы, нәзира-гөйлік дәстүрде жазылған қазақ дастандары, Абай шығармасындағы шығыстық сюжеттер қолданысы кеңінен қамтылған. Зерттеушінің ғылыми мұрасынан қазақ елі жайлы жазылған шетел қаламгерлерінің деректерін кездестіруге болады, оған К. Клермонт (Байронның сүйіктісі) атынан жарық көрген неміс ақыны Г. Гамбстың «Владимир және Зара» атты романтикалық поэмасы (1836) жатады. Сәтбаеваның монография еңбектерінде қазақ даласында болған П. Карпини, В. Рубрук, М. Поло, т.б. Еуропа саяхатшылардың қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі жайлы жазбаларынан деректер келтірілген. Сонымен қатар Абай, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов сынды қазақ ойшылдарының батыс өркениеті жайлы ой-пікірлеріне ерекше мән берілген. Зерттеушінің ғылыми еңбектері ұлттық салыстырмалы әдебиеттану ғылымына арналған алғашқы ғылыми зерттеулер ретінде жоғары бағаға ие болды. Сәтбаева алаш-ордашыл қаламгерлердің шығармалар мұрасын зерттеген сарапшылар құрамында Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов шығармаларын жүйелеу, жарыққа шығару ісін басқарды, олардың өмірі, шығармалар жайлы зерттеулер жазды. Сондай-ақ қазақ ғылымының өркендеуі жолында еңбек еткен Сәтбаевтар әулеті, әкесі академик Қаныш Имантайұлының өмірбаянын нақтылы деректер мен дәйектеп, оның айналасы, ағайындары мен ұрпақтары туралы ғылыми зерделеген кітаптары мәліметтерінің құндылығымен ерекшеленді. Сәтбаеваның орта мектепке арналған «Қазақ әдебиеті» методика оқу құралының, орыс бөлімі студенттеріне арналған «Қазақ әдебиеті» (1979) оқулығы авторларының бірі. Ш. Уәлиханов шығармалары жайлы зерттеулері үшін Қазақстан ҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығын алды (1990).

Әдебиеттер:

Сәтбаева Ш. Әдебиет мерейі: халықтық мәдениет университеті тыңдаушыларына көмек. – Алматы: Қазақстан, 1981. – 83 б.

Сәтбаева Ш. Қ. Сәулелі әулет.- Алматы: Қазақстан, 1996. – 175 бет.

Сәтбаева Ш. Қ. Ұрпақ сыры=Память потомков. – Алматы: Үш қиян, 2003. – 223 бет.

Сәтбаева Ш. Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1: Әдеби байланыстар. Өрнекті өріс / құраст. Ж. Тілепов [және т. б.]. – Астана: Елорда, 2007. – 333 б.

Сәтбаева Ш. Қ. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 3: Шоқан Уалиханов. Шакарим Кудайбердиев / құраст. Ж. Тілепов [және т. б.]. – Астана: Елорда, 2011. – 317 б.

Сәтбаева Ш. Қ. Бес томдық шығармалар жинағы: таңдамалы мақалалар мен зерттеулер. Т. 5: Уақыт шуағы. Шакарим Кудайбердиев / құраст. Ж. Тілепов [және т. б.]. – Астана: Елорда, 2013. – 479 б.

Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызы // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 465 б.

Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2005. – 7 Т. – 619 б.

Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызы // Қазақстан ғылымы: энциклопедия. Т. 2: Қ-Я / бас. ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2010. – 307 - 308 б.

Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 644 - 645 б.

Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер: өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы: Рауан, 1991. – 255 б.

Асыл бейне=Светлый облик: Ш. Қ. Сәтбаева туралы естеліктер мен зерттеулер= Воспоминания и исследования о Ш. К. Сатпаевой / құраст. А. Е. Ментебаева, О. Е. Батырбеков. – Алматы: Үш Қиян, 2005. – 295 б.

Нұхұлы А. Асыл мұрасын асқақтаған бабалар. – Павлодар, 2005. – 91 б.

Қазақ елінің ғылыми тұлғалары: биобиблиографиялық көрсеткіш=Лидеры науки земли казахской: биобиблиографический указатель / құраст. Т. А. Макаренко, А. Қ. Бораналинова ж. б. – Павлодар: ГБОУ, 2006. – 185 б.

Ергөбек Қ. Сарасөз (Әдебиеттану, сын әлемі). – Алматы: Қазақстан, 2013. – 571 б.

Ысқақұлы Д. Қазақ әдебиеттанушылары: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 494 б.

Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы: хаттар, аудармалар. Т. 50. – Алматы: Дәуір, 2014. – 471 б.

Сұлтанова Г. Өмірін ғылымға арналған: Филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық Ғылыми Академиясының корреспондент-мүшесі Сәтбаева Шәмшиябану Қанышқызының туғанына - 80 жыл // Сарыарқа самалы. – 2010. – 24 шілде. – 6 б.

Салықов К. Қаныштың қызы: Даналықтың жалғасы туралы сөз // Егемен Қазақстан. – 2012. – 11 сәуір. – 8 б.

Баязитқызы К. Қадірліміз еді: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың баласындай болып кеткен Оразай жездеміздің 90 жасқа толуына арнаймын // Сарыарқа самалы. – 2017. – 18 мамыр. – 14 б.

7 тамыз

Зоя Александровна Соболеваның туғанына 90 жас (1935)



График, кескіндемеші, педагог Зоя Александровна Соболева Ресей Федерациясы, Курск облысы Беседа ауданы Шеховцово селосында туған. 1957 жылы Курск көркемсурет-графика училищесін бітірген. 1957 жылдан Павлодарда. Негізгі шығармалары түрлі реңк және сәнді өрнектермен өндеудің көрнекті тәсілдерімен ерекшеленеді: «Баламның портреті» (1961), «Біздің байтақ дала» (1962), «Нанмен натюрморт» (1977), «Қауын мен натюрморт» (1984), акварельдер сериясы (1995-1996), «Тасқын су» (1997), «Көк тал» (1997). Қабырғаға, тасқа салынған көлемді жұмыстардың да авторы: трамвай басқармасының интерьері, Алюминий зауытының ҚЖБ-ы, әкімшілік ғимараты, № 37 орта мектептің интерьері. 1959 жылдан барлық көрмелерге қатысқан. Баласы екеуі бірлесіп, Жеңіс алаңында Даңқ орденінің толық иегерлері И. В. Ворушин мен С. Орловтың, Кеңес Одағының Батыры И. И. Кривенконың бюсттерін жасау жұмыстарына жетекшілік етті.

Әдебиеттер:

Соболева Зоя // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 660 б.

Молдайып С. Өрісті өнер көрмесі: [Облыс орталығындағы көркемсурет музейінде облысымыздың құрылғанына 65 жыл толуына орай павлодарлық суретші З. А. Соболеваның дербес сурет көрмесі ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2003. – 4 ақпан. – 1 б.

Әбілда Т. «Адалдық»: [Облыстық көркемсурет музейінде танымал суретшілер Зоя Соболева мен Иван Лопатиннің "Адалдық" көрмесі ашылды] // Saryarqa samaly. – 2021. – 26 тамыз. – 19 б.

15 тамыз

Аллажар Теміржановтың
туғанына 115 жыл (1910-1962)



Ақын-драматург, журналист Аллажар Теміржанов Павлодар облысы Баянауыл ауданы 15 ауылда дүниеге келген. Аудандық газеттің хатшысы, сол кездегі «Советтік Қарағанды» газеті редакторының орынбасары, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі болды. Өмірінің соңғы жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық бөлімшесінде әдеби кеңесшісі болып істеді.

Алғашқы шығармалары 1935 жылы жеке кітап болып шықты. «Дарын», «Семіздікті қой көтереді», «Шөлмек мың күн сынбайды», «Кеме келсе, қайық судан таяды» атты пьесалары Қарағандының облыстық драма театры сахнасында қойылған.

Әдебиеттер:

Теміржанов Аллажар // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 500 б.

Теміржанов А. «Өлеңім бейне тасқын тау бұлағы...»: поэзия // Naizatas. – 2020. – № 5. – 64 -73 б.

Байбосын С. Қазақ әдебиетінің қос күреңі: [Жазушы З. Шашкин және ақын А. Теміржановтың 100 жылдығына орай] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 7 маусым. – 18 - 19 б.

Байбосын С. Қалың елімен қайта табысқан қаламгер: Ақын, драматург, журналист, аудармашы Аллажар Теміржанұлы жайлы аз сөз // Naizatas. – 2020. – № 5. – 59 - 63 б.

16 тамыз

Дүйсен Абақұлы Қапашевтың
туғанына 100 жыл (1925-2011)



Ұстаз, ҚазССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Ұлы Отан соғысына қатысушы Дүйсен Абақұлы Қапашев ҚазКСР Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген.

Мектепті бітіргеннен кейін бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеді. 1944 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылды. 1956 жылы Семей педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын 1954 жылға дейін мұғалім болудан бастаған. 1954-1958 жж. Ертіс қаласындағы аудандық Пионерлер үйінің директоры, 1958-1971 жж. Ертіс аудандық партия комитетінің мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1971-1978 жж. Қазақстан Компартиясы аудандық партия комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, Ертіс аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатының директоры қызметтерін атқарған. Ол еңбек еткен жылдары Ертіс өңірінде клубтар, кітапханалар, Ертіс тарихи-өлкетану мұражайы ашылып, дала лагерлерінде үгіт-насихат бригадаларының қызметі ұйымдастырылды. «КСРО Қарулы Күштерін мәдени қамқорлықтың үздігі» құрметті атағы берілді. Облыстың мәдениет жүйесіндегі көп жылғы адал еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін Павлодар облыстық мәслихатының ордендері мен медальдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Капашев Дүйсен Абақұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 433 б.



Ұлы Отан соғысының ардагері Қалмұқан Исабаев Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1954 жылға дейін КСРО Қарулы күштерінің Германиядағы батыс тобында қала коменданты болып қызмет атқарған.

1961 жылы ҚазМУ-ды бітірген, 1955-1985 жж. «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар Одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бөлімінің директоры болды.

Қ. Исабаевтың әңгіме, очерктері баспасөзде 1954 жылдан жариялана бастады. Алғашқы «Баян» әңгімелер жинағы 1959 жылы жарық көрді. Кейін «Ажал құрсауында» (1961), «Жұмбақ үй» (1962), «Бетпе-бет» (1963), «Соңғы тәулік» (1966) повесть, әңгіме, очерктер жинақтады. «Сұңқар самғауы» (1966), «Айқыз» (1967), «Жолдас комендант» (1975), «Көгілдір қазына» (1978), «Серт» (1982), «Арна» (1984) т.б. романдары басылды.

Жазушы Ертіс-Қарағанды каналының жобасымен танысып, оның бойын жаяу аралады. Он бес жыл өмірін канал құрылысшылары арасында өткізіп, ол туралы кітап жазды. Әр түрлі өзекті тақырыпқа арналған 300-дей көркем очерк, ғылыми және мәселелік мақалалары жарияланды. Кітаптары орыс, неміс және басқа тілдерде жазылған. «Қызыл жұлдыз», Еңбек Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендері және медальдарымен марапатталған. 2003 жылы Президент Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

Әдебиеттер:

- Исабаев Қ. Соңғы ерлік: деректі повесть. – Алматы: Жазушы, 1971. – 222 б.
 Исабаев Қ. Жолдас комендант: роман. – Алматы: Жазушы, 1975. – 400 б.
 Исабаев Қ. Өрде: роман. – Алматы: Жазушы, 1978. – 264 б.
 Исабаев Қ. Қарабала: повестер. – Алматы: Жалын, 1979. – 125 б.
 Исабаев Қ. Арна: роман. – Алматы: Жазушы, 1984. – 317 б.
 Исабаев Қ. Соңғы тәсіл: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 428 б.
 Исабаев Қ. Бақытты сәттер: өмірбаяндық повесть, эссе-әңгімелер / пікір жазғандар: А. Смайлов, Н. Ақышев. – Алматы: Жалын, 1989. – 288 б.
 Исабаев Қ. Серт: роман. – Алматы: Жазушы, 1991. – 464 б.
 Исабаев Қ. Шоң би: роман. – Алматы: Жазушы, 1993. – 224 б.
 Исабаев Қ. Мұндайлар болған: повестер. – Астана: Елорда, 2003. – 231 б. – (Отырар кітапханасы).
 Исабаев Қ. Өсиет: романдар. – Астана: Астана-Полиграфия, 2008. – 607 б.

- Исабаев Қалмұқан // Баянаула перзенттері. – Астана, 2001. – 96 б.
 Исабаев Қалмұқан // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. - 10 т. - Алматы, 2002. - 4 Т. - 316 б.
 Исабаев Қалмұқан // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 251 б.
 Исабаев Қалмұқан // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 368 б.

- Жұмабаева А. Қайсар да ізденімпаз қаламгер: Майдангер-жазушы Қ. Исабаев - 85 жаста // Сарыарқа самалы. – 2010. – 31 тамыз. – 7 б.
 Аманжол Қ. Ісі ұлық, өзі кішік қалаған: [Жерлесіміз, жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Исабаев жайлы] // Найзатас. – 2012. – № 2. – 37 - 45 б.
 Исабай Қ. Өткен күнде белгі бар ойлы адамға..: [Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлесіміз, жазушы Қ. Исабаевпен сұхбат] / сұхбаттасқан С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2013. – 9 мамыр. – 4 - 5 б.
 Еңбекпен келген бақыт: Жазушы жерлесіміз Қалмұқан Исабаев 90 жаста // Найзатас. – 2015. – № 3. – 61 - 69 б.
 Қалмұқанның қағытпалары: [Жазушы жерлесіміз Қалмұқан Исабаев 90 жаста] // Найзатас. – 2015. – № 3. – 184 - 188 б.
 Құсайынов А. Ерлікке куәлік: [Ұлы Отан соғыс ардагері Қ. Исабаев жайлы] // Айқын. – 2015. – 9 мамыр. – 1 б.

- Қабышұлы Ғ. Қалжыңқұмар Қалекен: [Жазушы Қ. Исабаев 90 жылдық мерейтойына орай] // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 8 мамыр (№ 17 - 18). – 6 б.
- Аманжол Қ. 90 жас және 9 мамыр: [Жазушы Қ. Исабаев Жеңістің 70 жылдығына Орайлас 9 мамырда 90 жылдық мерейтойын атап өтті] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 13 мамыр. – 7 б.
- Қазақтың Қалмұқаны: Қазақстанның Халық жазушысы Қалмұқан Исабаев 90 жаста // Сарыарқа самалы. – 2015. – 25 тамыз. – 6 б.
- Қалмұқан Исабай: [Жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Исабай дүниеден өтті] // Егемен Қазақстан. – 2015. – 4 желтоқсан. – 8 б.
- Жұматов Ғ. Қалмұқан жолдары: [Жазушы Қ. Исабаев туралы] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 9 қаңтар. – 4 б.
- Қабышұлы Ғ. «Үстімде сұр шинелім...»: [Жерлесіміз, жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Исабаев жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 24 мамыр. – 5 б.
- Аңызға айналып барады: [Жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Исабайдың жұбайы Зәбира апаймен сұхбат] / сұхбаттасқан С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2016. – 27 қазан. – 15 б.
- Аманжол Қ. Қарапайым қаһарман: [Павлодар облысының соғыс ардагері, жазушы Қ. Исабаевқа арналған өлең] // Таң-Шолпан. – 2020. – № 4. – 117 - 118 б.
- Аманжол Қ. "Уа, жаса, архив!": [жазушы Қ. Исабаевтың 95 жылдық мерейтойына орай] // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 42 - 43. – 7 - 8 б.
- Қабышұлы Ғ. "Үстімде сұр шинелім...": [Жазушы Қ. Исабаевтың 95 жылдық мерейтойына орай] // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 42 - 43. – 8 - 9 б.
- Құсайынов А. Ерлікке куәлік: [Жазушы Қ. Исабаевтың 95 жылдық мерейтойына орай] // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 42 - 43. – 6 б.
- Оспан С. Жұдырықтай ағамыз: [Жазушы Қ. Исабаевтың 95 жылдық мерейтойына арналған өлең] // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 42 - 43. – 7 б.
- Сматаев С. Қалағам менің 90-да: [Жазушы Қ. Исабаевтың 90 жылдығына арналған өлең] // Қазақ әдебиеті. – 2020. – № 42 - 43. – 9 б.
- Қабділәшім Е. Қаламгерге ескерткіш тақта орнатылды: [Баянауылдағы алғашқы мектеп үйінің ғимараты - қазіргі аудандық орталық кітапхана қабырғасына белгілі майдангер жазушы Қ. Исабаевқа арналған мемориалды тақта орнатылды] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қыркүйек. – 24 б.
- Қайыров Е. «Бір үзік сыр...»: [Жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қ. Исабаев жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қыркүйек. – 24 б.
- Қайыров Е. «Жаяу жазушы»: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде жазушы Қ. Исабаевтың Ертіс-Қарағанды каналының бойымен өткенде ұстаған қолтаяғы сақтаулы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 19 қараша. – 20 б.
- Талғатқызы Арай. «Қараңғы түнде тау қалғып...»: әнін неміске жеткізген кім? // Егемен Қазақстан. – 2021. – 30 маусым. – 13 б.
- Омарұлы Бауыржан. Комендант пен артиллерист: [Жазушылар Қ. Исабаев пен Ә. Нұршайықов туралы] // Сарыарқа самалы. – 2022. – 13 желтоқсан. – 8 б.
- Қапанұлы Мұрат. Қанаға аялдаған, Қалмұқан туған үй: [Баянауылда кезінде Қ. Сәтбаев аялдаған, жазушы Қ. Исабаев дүние есігін ашқан көне үй туралы тарихи деректер] // Егемен Қазақстан. – 2023. – 23 мамыр. – 13 б.
- Қапанұлы, Мұрат. Қалағанның неміс мәшіңкесі: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейіндегі жазушы Қ. Исабаевтың Германияда жасалған жазу мәшіңкесі туралы] / М. Қапанұлы // Егемен Қазақстан. – 2023. – 11 қыркүйек. – 16 б.

14 қыркүйек

Мұхамеджан Құрманқалиұлы Дәуренбековтің туғанына 90 жыл (1935-2011)



Жазушы, журналист Мұхамеджан Құрманғалиұлы Дәуренбеков Қостанай облысы, Әуликөл ауданы, Сұлукөл кеңшары Қарағансай ауылында дүниеге келген. 1958 жылы Алматыдағы қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ Улттық университетін журналистика мамандығы бойынша бітіріп, Павлодар облыстық «Қызыл ту», «Тың өлкесі» газеттерінде қызмет істеді. Сонымен қатар, республикалық «Ара» сатиралық журналының меншікті тілшісі қызметін қоса атқарды. Ол - ғұмырының 52 жылын журналистика саласына арнап, өз ісіне деген адалдығымен, жанашырлығымен үлгі болған жан. «Қазақстан әйелдері», «Жалын», «Ара»

журналдарында жарияланған. Баянауыл мен Лебяжьедегі халық театрларына арналған «Корреспондент», «Қиын бала» пьесаларының авторы.

Шығармашылық еңбегі: «Өнердің алтын тәжі», «Рухани құтхана», «Замандастарым, қаламдастарым», «Ой түбінде жатқан сөз». П.З. Ермаков атындағы облыстық сыйлықтың лауреаты.

Әдебиеттер:

Дәуренбек М. Қ. Өнердің алтын тәжі. – Павлодар: ЭКО, 2006. – 331 б.

Дәуренбек М. Рухани құтхана. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 44 б.

Тастемханов Ө. Шәкірттердің жетістігіне қуанған ұстаз: [Журналист Мұхамеджан Дәуренбек жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 12 маусым. – 10 б.

Сахаба, Т. Қазақ өнерінің қамқоршысы: Қаламгер Мұхамеджан Дәуренбековтің туғанына 80 жыл // Сарыарқа самалы. – 2015. – 12 қыркүйек. – 7 б.

Қоңыр Т. Есімдері елге аян...: [Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің 15 000-ыншы нөміріне орай] // Сарыарқа самалы. – 2016. – 27 қазан. – 6 б.

Қайыров Е. Мұхамеджанның мұрасы...: [Қаламгер, журналист Мұхамеджан Дәуренбеков жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 19 қыркүйек. – 12 б.

Хашым Қ. Музей қоры толықты: [Облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің алтын қоры ақын, жазушы, журналист Мұхамеджан Дәуренбековтың жеке заттарымен толықты] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 24 қыркүйек. – 24 б.

Байғалы Шолпан. Ағалардың өнегесін таныдық: [«Сарыарқа самалы» газетіне 95 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2024. – 15 ақпан (№ 7). – 18 - 19 б.

19 қыркүйек

А. П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театры құрылғанына 80 жыл (1945)

Өңірімізде театрдың пайда болуы 20 ғасырдың 20-жылдарынан басталады. 1921 жылы қаңтарда аудандық халық ағарту бөлімінде өнер бөлімі құрылып, оған Павлодарда өзінің жұмысшы театрын ашу міндеті жүктелді. Қала мен аудан билігі Базарная алаңындағы құрылысы аяқталмаған Владимир соборын театрға айналдырды. Ал қаңтардың аяғында Ф.Шиллердің «Қарақшылар» пьесасы бойынша алғашқы спектакль қойылды. Алғашқы театр Павлодарда он жылдай болды, көп ұзамай оның қызметі Жұмысшылар клубына берілді (ол қазіргі А.П. Чехов атындағы театрдың орнында орналасқан). Мұнда 20-30-жж. аяғында әуесқой театр труппасы жұмыс істеді, оның жаны Затонның жергілікті механизаторы, ынталы әуесқой театр сүйер қауым И.Н. Желнов болды. Жұмысшылар клубында қазақ драма үйірмесі де ұйымдастырылды. 1940 жылы қалалық қазақ драма театры құрылып, кейінірек соғыстан кейін облыстық орыс-қазақ біріккен театрының құрамына қосылды. Бірінші театр маусымы 1945 жылы қарашада А.Корнейчуктың «Платон Гирфалькон» пьесасы бойынша қойылыммен ашылды, ал қазақ труппасы маусымды «Амангелді» спектаклімен ашты. 1959 жылы театрға А.П. Чеховтың есімі берілді, ал 2001 жылы театр алдына ескерткіш орнатылды. 1967 жылы театр Мәскеуге шақырылды. Алғаш рет павлодарлықтар мәскеулік көрермендерге өздерінің ең үздік үш қойылымын көрсетті: «Клоп», «Город на заре» және «Я к вам приду». 1977 жылы театр және ойын-сауық кәсіпорындарының Бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындысы бойынша театр ұжымы 1 орынға иеленді. Е.И. Еникеев қойған «Панфиловцы» спектаклі КСРО Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Әр жылдары театр сахнасында қызмет етті: ҚазКСР халық әртісі К.А.Струнина, ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі Н. Козлов, В. Ермаков, З. Поджио, М. Бушуев, Р. Шадрин, Л. Монастырский, Г. Калашников, И. Чистяков, О. Белая, Ф. Миронова, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері А.Н. Михейчев, сонымен қатар О. Афанасьев, Б. Моисеенко, Р. Хаперская, К. Вольская, режиссерлері – В. Кузенков, Д. Дралук, Е. Еникеев, Д. Свидерский және т.б.

2013 жылы наурызда Мордовия астанасы Саранск қаласында өткен сегізінші халықаралық «Отандастар» театр фестивалінде Павлодар облыстық драма театры жалғыз жеңімпаз атанды.

Фестивальдегі павлодарлық өнерпаздардың өнерін көрермендер ғана емес, бәсекелес театрлардың әртістері де үздік деп таныды.

Әдебиеттер

А.П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театры // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 214 б.

Павлодар театры марапатталды: [Ресей Федерациясында өткен "Отандастар V!!! халықаралық фестивалінде Павлодар драма театрының спектаклі лауреат дипломымен марапатталды] // Шаһар. – 2013. – 5 сәуір. – 2 б.

Хашымқызы Қ. Театрда - жаңа маусым: [А. П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театры өзінің 71-інші маусымын Ф. Достоевскийдің «Бесы» қойылымымен ашты] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 13 қазан. – 1 б.

Мүсәйіп Қ. Әртістерге - құрмет: [А. П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театрына 70 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 12 қараша. – 3 б.

Өнерімен тәнті етпек: [ЭКСПО-2017 көрмесі кезінде Павлодар облысының мәдениет күндері өтеді] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 25 мамыр. – 9 б.

Мүсәйіп Қ. Чехов театрына - 75 жыл: [А. П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театрына - 75 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2020. – 10 қараша. – 8 б.

Сахаба Т. Махаббат комедиясы: [Чехов атындағы облыстық драма театрында «Два мужа по цене одного» комедия спектаклінің премьерасы болды] // Сарыарқа самалы. – 2021. – 20 сәуір. – 3 б.

Төлебай М. «Оскар» - театр сахнасында: [А. П. Чехов атындағы облыстық орыс драма театрының жаңа маусымы шымылдығын түрді] // Сарыарқа самалы. – 2021. – 21 қыркүйек. – 3 б.

Кисенко М. Кулисы, занавес, актеры...: [27 марта отмечается Всемирный день театра] // Звезда Прииртышья. – 2022. – 26 марта. – С. 12.

29 қыркүйек

Валерий Григорьевич Бутовтың

туғанына 85 жас (1940)



Ақын Валерий Бутов Павлодар облысы Качир ауданы Песчаное ауылында дүниеге келген. 1960 жылы Пермь әскери авиациялық техникалық училищесін, 1981 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. 1964-1967 жж. Минск қаласында тұрды. 1967-1998 жж. Павлодар трактор зауытының инженері, КТУ шебері, Павлодар облыстық атқару комитетінің ИБ бөлімшелерінде қызмет атқарды, саясаткер, Павлодар темір жол бөлімшесі бойынша «Целинная магистраль» газетінің жеке тілшісі. 1987 жылы Павлодар қаласы Павел Васильев атындағы әдеби бірлестігінің төрағасы болды. Алғашқы жарияланымдар «Советский воин», «Воспитание и правопорядок», «Простор» журналдарында, «Ленинская смена», «Звезда Прииртышья», «Тракторостроитель», «Нива», «Учитель Казахстана» газеттерінде жарық көрді.

3 қазан

Иса Байзақовтың

туғанына 125 жыл (1900-1946)



Ақын, әнші-композитор Иса Байзақов Ертіс ауданы Үлгілі ауылында туған. Әкесі Байзақ ескіше хат таныған, жасында ән салып, өлең шығарған, шағын шаруалы, сауыққой кісі болған. Ол 9 жаста болғанда шешесі қайтыс болып, өлеңші, әңгімеші әжесі Жанбаланың бауырында өседі. Нағашы ағасы Рахмет оған домбыра тартып, ән салуды үйретеді. Кішкентайынан «Әнші Иса» атанады. 1921 жылы Семейдегі жұмысшы факультетінде, 1922 жылы Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында, 1929-1932 жж. Қазақ педагогика институтында (қазіргі ҚазҰПУ) оқыған. 1926-1929 жж. Қазақ драма театрына (қазіргі М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры) шақырылып Әміре, Қалибек, Құрманбек, Серке, Елубай, т. б. актерлермен бірге

жаңа театрдың негізін қаласады. Театр алғаш қойған М. Әуезовтің «Еңлік – Кебегі» мен «Бәйбіше-тоқалында» басты рөлдерде ойнайды. Өзі инсценировка жасаған «Біржан – Сара» қойылымындағы Біржан рөлінде нағыз актерлік дарынын танытқан. 1932-1940 жылдары Алматы, Қарағанды, Семей қалаларында радиода, филармонияда, Жазушылар одағында қызмет істеді. Өлеңдері 1924 жылдан жариялана бастаған. Сан қырлы талант иесі Байзақовтың, әсіресе, суырыпсалма ақындық өнері қазақ әдебиетіндегі осы бір ерекше құбылыстың жалғасындай еді. Байзақов жазба әдебиет өкілі ретінде де шоқтығы биік көркем туындылар қалдырды. Ақын өлеңдерінде фольклорлық сипат басым. Бұл – оның суырып салмалық талантына байланысты ерекшелігі. Байзақовтың жұрт алдында айтылатын ұзақ толғау алдындағы кіріспе іспетті, өзіндік әні бар желдірмелері халық арасына кең тараған. Иса поэма жанрын дамытуға да зор үлес қосты. «Ұлы құрылыс» (1933), «Алтай аясында» (1934), «Он бір күн, он бір түн» (1938), «Кавказ» (1940), «Ақбөпе» (1941), «Қырмызы – Жанат», «Қойшының ертегісі», т.б. көлемді шығармаларында өткен заман оқиғалары, кейінгі дәуір шындығы көрініс тапқан. «Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмаларында жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды» заманындағы қазақ тұрмысы шынайы суреттеліп, ел бірлігі, патриотизм идеясы көтеріледі. Әлеуметтік қайшылықтарға толы «Ақбөпе» поэмасында ақын өз кейіпкерлері Ақбөпе мен Әміржан бойына бұрынғы қазақ жастарының ең жақсы қасиеттерін жинақтаған. Ақбөпе - өз бақыты үшін күрескен ер мінезді қазақ қызының бейнесі. Байзақов 40-тан астам әннің өлеңін жазып, көптеген қазақ әндерін нотаға түсіртті. Оның шығармалары – қазақ поэзиясындағы жарқын белестердің бірі. Актерлік, әншілік, жыршылық дарынымен қазақ мәдениетінде терең із қалдырған. Исаның өмірі мен шығармасын Е. Ысмайылов, М. Хасенов, Р. Бердібаев, т.б. зерттеген. Жазушы Н. Ановтың «Ән қанаты» романында (1956), осы аттас кинофильмде (1962) әнші-ақынның көркем бейнесі жасалды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған (1939).

Ертіс ауданындағы ауылға Байзақов есімі берілген (1992). Павлодар қаласы мен Ертіс ауданында көшеге, Павлодар облыстық филармониясына есімі берілген. Туған ауылы Үлгіліде музейі жұмыс істейді және бюсті орнатылған.

Әдебиеттер:

Байзақов И. Екі томдық таңдамалы шығармалар: поэмалар. Т. 1. – Алматы: Жазушы, 1983. – 232 б.

Байзақов И. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 2: Өлеңдер мен естеліктер / құраст. М. Хасенов; сурет. К. Турекулов. – Алматы: Жазушы, 1983. – 191 б.

Байзақов И. Ақбөпе: таңдамалы. – Астана: Елорда, 2000. – 368 б.

Байзақов И. Құралай сұлу: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2007. – 191 б.

Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 320 б.

Медеубекұлы С. Ақыл, нақыл, өсиет: қазақ ауыз әдебиетінің терме жанры. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

Негимов С. Өнерпаздық өрнектері: әдеби мақалалар. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 88 б.

Ақын Иса / құраст. А. Бәделханов. – Павлодар: ЭКО, 2000. – 159 б.

Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы / сурет. Р. Арсланов. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2002. – 333 б.

Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2005. – 290 б.

Иіпұлы Т. Егемен елміз, еркінбіз!: энциклопедия. – Астана: Фолиант, 2005. – 168 б.

Қалиев Ә. Халық-таланттар көзі / Ж. Қалиева. – Павлодар: ҒӨФ "ЭКО", 2006. – 415 б.

Балтабай Ғ. Қ. Иса ақын және оның ұрпақтары. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 405 б.

Әбдесұлы Қ. Таным көкжиегі. – Алматы: Арыс, 2009. – 270 б.

«...деген екен!» / ел аузынан жинаған А. Сейдімбек. – Астана: Елорда, 2009. – 335 б.

«Ән дүлдiлі-Иса» (1900-1946): биобиблиографиялық құрал / құраст. Ж. Р. Баширова, Ә. Ж. Нургалиева. – Павлодар: Типография Сығина, 2010. – 31 б.

Жақсыбаев А. Иса ақын: роман. 1 кітап. – Алматы: Өлке, 2010. – 399 б.

Ысқақұлы Д. Қазақ әдеби сынының тарихы. Т. 1. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 462 б.

Жақанов И. Зәуреш: эссе-элегия, әндер тарихы, мәтіндері және ноталары. – Астана: Фолиант, 2012. – 422 б.

Қазақ әндері. Т. 2 / құраст. М. Ілиясов. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013. – 378 б.

Нұрқатов А. Шығармалары. Т. 3 / құраст. С. Негимов. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 383 б.

Дербісәлин Ә. Үш томдық шығармалар жинағы: монография, ғылыми-әдеби зерттеулер. Т. 2: Дәстүр және жалғастық / құраст. Ж. Тілепов [және т.б.]. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2018. – 479 б.
Тұрысов Е. Бәйдібек. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2018. – 568 б.

Байзақов Иса // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1990. – 2 Т. – 56 б.

Байзақов Иса // Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық. – Алматы, 2004. – 67 б.

Байзақов Иса // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 109 - 110 б.

Байзақов Иса // Тарихи тұлғалар: танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған / құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. - 5-ші бас. – Алматы, 2011. – 189 б.

Байзақов Иса // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ә. Жақып. – Алматы, 2013. – 214 б.

Байзақов И. Ақынмен соңғы кездесу: [Ақын Қ. Аманжоловтың 100 жылдығына орай Иса Байзақовтың кітабынан естелік] // Сарыарқа самалы. – 2011. – 7 маусым. – 4 б.

Байзақов И. Түрксіб: [Өлең] // Сарыарқа самалы. – 2017. – 10 тамыз. – 14 б.

Кәкішев Т. Исаны тани алдық па?: [Жерлесіміз, ақын И. Байзақов жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2007. – 1 қаңтар. – 6 б.

Бәделханұлы А. Ақбөпенің прототипі кім?: [Ақын И. Байзақовтың "Ақбөпе" поэмасы] // Сарыарқа самалы. – 2007. – 25 қазан. – 16 б.

Сайтова А. Өнер әлеміндегі сөнбес шамшырақ: Ақын Иса Байзақовтың туғанына 110 жылдығы қарсаңында // Сарыарқа самалы. – 2010. – 14 қыркүйек. – 6 б.

Игібаева Р. Қайталанбас туғанына - 110 жыл: Иса Байзақовтың туғанына - 110 жыл // Сарыарқа самалы. – 2010. – 28 қыркүйек. – 5 б.

Болатханұлы Ә. Ісі қазақтың Исасы: Иса Байзақовтың 110 жылдық мерейтойы қарсаңында // Сарыарқа самалы. – 2010. – 30 қыркүйек. – 4 б.

Жұматов Е. Ақын атына қалай таластық?: Иса Байзақовтың 110 жылдық мерейтойы қарсаңында // Сарыарқа самалы. – 2010. – 30 қыркүйек. – 5 б.

Түгелбай Г. Той өтті шаттығы мен тәтті үні тарқамайтын: Иса Байзақовтың 110 жылдық мерейтойы облыста кең көлемде аталып өтті /А. Есімханова, Ф. Әміренов // Сарыарқа самалы. – 2010. – 5 қазан. – 1 - 2 б.

Иса Байзақовтың айтқандары: «Деген екен» кітабынан // Найзатас. – 2013. – № 1. – 198 б.

Молдайып С. Өлмейтұғын артына сөз қалдырған: [халық ақыны, әнші, домбырашы, композитор И. Байзақов жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2013. – 30 наурыз. – 4 б.

Ісі қазақтың Исасы - өнердің Иранбағы: [Ақын Иса Байзақов жайлы] // Регион.kz. – 2013. – 20 қыркүйек. – 9 б.

Нұрбекқызы Қ. «Құралай сұлу» құпиясы: [Ақын Иса Байзақовтың өмірі мен шығармашылығына арналған сабақ] // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2014. – № 6. – 138 - 143 б.

Молдайып С. Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды?: [Әнші, ақын Иса Байзақовтың 115 жыл толуына орай туған ауылы Үлгіліде оқулар өтті] // Сарыарқа самалы. – 2014. – 25 қараша. – 5 б.

Жұматов Е. Екі сыр: [Естелік] // Найзатас. – 2015. – № 6. – 98 - 113 б.

Темірғалиева Ж. Салыстырмалы грамматика: [Ақын Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесі, И. Байзақовтың «Алтай аясында» поэмасы бойынша сабақ] // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2015. – № 11. – 31 - 37 б.

Сағынбекова А. Елін әйгілеп, тарихын тұғырлап.: [Халық ақыны, әнші, домбырашы, композитор И. Байзақовтың туғанына 115 толуы орай Ертіс ауданының Иса Байзақов ауылында шаралар өтті] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 1 қазан. – 12 б.

Ахметова Г. С. Қазақтың дүлдiл ақыны - Иса Байзақов: [Ақын И. Байзақовқа арналған әдеби сазды кеш] // Мектептегі кітапхана=Школьная библиотека. – 2016. – № 2. – 10 - 11 б.

Айтмағанбетова А. Иса Байзақов. «Құралай сұлу»: [Ақын И. Байзақовтың "Құралай сұлу" поэмасына арналған сабақ] // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2016. – № 5. – 133 - 136 б.

Анов Н. Ақын Иса Байзақов / орыс тілінен аударған С. Сатыбалдин // Найзатас. – 2017. – № 6. – 138 - 150 б.

- Хашымқызы Қ. Иса Байзақовтың мұражайы ашылды: [Ертіс ауданы Үлгілі ауылындағы Иса Байзақов атындағы мектепте мұражай ашылды] // Saryarqa samaly. – 2019. – 28 қараша. – 24 б.
- Жақсыбаев А. Иса ақын: (Романнан үзінді) // Naizatas. – 2020. – № 4. – 14 - 32 б.
- Бисембаева Қ. Ж. Тектінің тегін білейік, ағайын!: Иса Байзақовтың туғанына - 120 жыл // Naizatas. – 2020. – № 5. – 104 - 109 б.
- Нұрқатов А. Халық ақыны Иса Байзақовтың туғанына 120 жыл!: [Ақын И. Байзақовтың 120 жылдығына орай] // Айгөлек. – 2020. – № 10. – 4 - 5 б.
- Хашымқызы Қ. Дауылпаз ақынның мұрасы: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің қорында әнші, ақын Иса Байзақовтың құнды жәдігерлері сақтаулы тұр] // Saryarqa samaly. – 2020. – 16 қаңтар. – 20 б.
- Қожанов О. Аламан бәйге күтіп тұр: [Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ертіс ауданының әкімі А. Бейсекин жобалар жайлы тарқатып айтып берді] // Saryarqa samaly. – 2020. – 20 ақпан. – 3 б.
- Хашымқызы, Қ. Ақынның ардақтаған Үлгілі: Иса Байзақовтың туғанына - 120 жыл // Saryarqa samaly. – 2020. – 16 маусым. – 12 б.
- Қайыров Е. Жәдігер: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейіндегі құнды жәдігерлер тарихынан] // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 19 маусым (№ 24). – 12 - 13 б.
- Қайыров Е. Сарыарқаның бұлбұлы: Иса Байзақовтың туғанына - 120 жыл // Saryarqa samaly. – 2020. – 8 қазан. – 14 б.
- Төлеутай Е. Дүлдүлі дархан даланың: [Дәстүрлі әнші, өнертанушы Е. Төлеутаймен ақын, әнші Иса Байзақовтың туғанына 120 жылдығына орай әңгіме] / сұхбаттасқан Т. Сахаба // Saryarqa samaly. – 2020. – 8 қазан. – 15 б.
- Құлбаев Ж. Жаны жаз, көңілі көктем еді: [Иса Байзақов туралы естелік] // Abai. – 2021. – № 1. – 91 - 94 б.
- Хамзина А. Өлең өлкесінің дарабоз дарыны: [Иса Байзақовтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды кештің сценарийі] // Мектептегі кітапханашы=Библиотекарь в школе. – 2021. – № 3. – 2 - 3 б.
- Жақсыбаев А. Иса ақын: Роман // Жұлдыз. – 2021. – № 7. – 105 - 150 б.
- Мұқаева С. Ән тербеген Ертіс - Баян: [И. Байзақов атындағы облыстық филармониясының ашылғанына 75 жыл] // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 24 желтоқсан (№ 52). – 9 б.
- Елемесұлы А. Жыр жампоздары жарысты: [Ертіс ауданында дауылпаз ақын Иса Байзақовтың құрметіне және Наурыз мейрамына орай облыстық жас ақындар айтысы өтті] // Saryarqa samaly. – 2022. – 24 наурыз. – 20 б.
- Жамашова Э. Иса ақынның сүйіншіге берген домбырасы: [Түркістан облысы Бәйдібек ауданындағы Сәулет-көркем музейде сақталған И. Байзақовтың домбырасы туралы] // Egemen Qazaqstan. – 2022. – 29 маусым. – 12 б.
- Балтабай Ғ. Аманат арқалаған актриса: [ҚР еңбек сіңірген әртісі, М. Әуезов атындағы театрдың актрисасы М. Байзақова жайлы] // Saryarqa samaly. – 2023. – 12 қаңтар. – 16 -17 б.
- Балтабай Ғ. Дауылды жырдың дүлділі - Иса ақын: [Аын, композитор, әнші-актер, ағартушы И. Байзақов туралы] // Saryarqa samaly. – 2024. – 1 ақпан (№ 5). – 24 - 25 б.
- Қапанұлы, Мұрат. Иса ақыннан қалған домбыра: [Павлодарда Иса ақынның досы Мүфтий Ахметовке сыйлаған домбырасы табылды] // Egemen Qazaqstan. – 2024. – 20 наурыз. – 14 б.
- Боранбаева, Айдана. Иса ақынның домбырасы: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінің қоры ақын Иса Байзақовтың домбырасымен толықты] // Saryarqa samaly. – 2024. – 21 наурыз (№ 12). – 14 б.

4 қазан

Григорий Николаевич Потаниннің туғанына 190 жыл (1835-1920)



Потанин Григорий Николаевич - орыс саяхатшысы, этнограф және географ, Орта Азияны зерттеуші, ол тек саяхатшы ғана емес, ғылым әлемінде де өз орнын тапқан тұлға, жазушы, журналист, қоғам және саясат қайраткері. 22 қыркүйек (4 қазан) 1835 жылы Павлодар губерниясы Ямышево ауылында дүниеге келген.

Сібір казак әскерінің хорунжийінің отбасында тәрбиеленді, Омбы кадет корпусында оқыды, оны 1852 жылы казак офицері атағын алып, бітірді. Казак әскерінің қатарында борышын өтеді, 1858 жылы әскер қатарынан шығып, 1859

жылы Петербург университетінің ерікті тыңдаушысы болды. 1861 жылы студенттік толқуларға қатысқан үшін Сібірге жер аударылды. Босағаннан соң, оқуды жалғастырмай Сібірге қайта оралды, Омбыда, кейін Томскта өмір сүрді, сол жерде 1864-1865 жж. губерниялық статистикалық комитетте жұмыс жасады, ерлерге және қыздарға арналған гимназияларда сабақ берді, «Томск губерниялық ведомстволарда» қызмет етті. 1876-1893 жж. Монғолияға және Қытайға 4 экспедиция жасап, алдыңғы қатарлы ресейлік саяхатшы – географтар қатарына шықты. Ол зоологиялық және геологиялық жиындар жасады, метеорологиялық, гидрологиялық байқаулар жүргізді, экономиканың жағдайын зерттеді, этнография және фольклор туралы мәліметтер, одан бұрын әдебиетте танылмаған 300-ге жуық халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, ертегілер, аңыздар жинады. Оның қаламынан 235-тен аса ғылыми жарияланым, оның ішінде 10-нан аса монография шықты.

1902 жылы Потанин Томск қаласына көшті. Потаниннің бастамасы және қатысуымен Томскіде көптеген мәдени-ағартушылық бастамалар жүзеге асырылды. Ол бастауыш білімге Қамқорлық жасау қоғамын басқарды (1902), Сібір студенттер үйірмесін ұйымдастыруға (1907), Сібірді зерттеу қоғамын (1909), әдеби-драма қоғамын (1909), әдеби-әртiстiк үйiрменi (1910) ұйымдастыруға қатысты, Монғолиямен орыс саудасын зерттеу қоғамының төрағасы (1910) болды, Томскіде Сібір ғылыми-көркем мұражайдың жобасын жасауға қатысты (1911), Қолданбалы білім музейінің кеңесіне мүше болды.

Потанин есімі Сібір, Қазақстан (Павлодар, Семей), Монғолия Алтайындағы мұздыққа, Тянь-Шань тауындағы жотаға берілген. Ақсу ауданындағы ауыл, Қара ауылында мектеп, облыстық тарих-өлкетану мұражайы Потанин есімімен аталады. Томск университетінің шағын бағында, Павлодар қаласында Потанинге ескерткіш орнатылған.

Әдебиеттер:

Потанин Григорий Николаевич // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 610 - 611 б.

Айтқұлова А. Ұлы даланың шежірешісі: Г.Потаниннің 175 жылдық мерейтойы қарсаңында // Сарыарқа самалы. – 2010. – 2 қазан. – 4 б.

Шоқан мен Потанинге ескерткіш ашылды: [Павлодар қаласының орталығында ғалым-этнограф, саяхатшы, ағартушы Ш. Уәлиханов пен географ, этнограф, публицист, ботаник Г. Потаниннің ескерткіші ашылды] // Сарыарқа самалы. – 2012. – 25 қыркүйек. – 1 б.

Вервекин А. Потаниннің ізімен ..: [Үкіметтік емес "Павлодар облыстық географиялық қоғамы" қоғамдық ұйымның төрағасы, облыстық "Звезда Прииртышья" газетінің тілшісі А. Вервекинмен сұхбат] / сұхбаттасқан А. Есімханова // Сарыарқа самалы. – 2013. – 6 тамыз. – 5 б.

Өзкембаев Қ. Әлімхан Ермеков және Григорий Потанин: [Мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, ұстаз, ағартушы Ә. Ермековтың 123 жылына және жерлесіміз, географ, этнограф, саяхатшы Г. Н. Потаниннің 180 жылдық мерейтойына орай] // Абай. – 2015. – № 2. – 36 - 44 б.

Сакаева Д. Н. Білгір географ: (Г. Н. Потаниннің 180 жылдығына арналған сайыс сабақ) /Д. С. Хасенова // Мектептегі кітапхана=Школьная библиотека. – 2016. – № 6. – 39 - 40 б.

Хасан С. Потанин және қазақ зиялылары // Айқын. – 2016. – 29 шілде. – 17 б.

Қабылденова Қ. Ескерусіз ескерткіштер: [Облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиын барысында аймақтағы ескерткіштерді тіркеу, оларды күту мәселелері талқыланды] // Сарыарқа самалы. – 2018. – 6 қыркүйек. – 2 б.

Аупбаев Ж. Потаниннің туысы: [Ғалым, этнограф, саяхатшы Г. Н. Потаниннің туысы туралы] // Ана тілі. – 2019. – 16 - 22 мамыр (№ 20). – 7 б.

13 қазан

Есентай Ерботиннің
туғанына 85 жыл (1940-1992)



Белгілі журналист, балалар жазушысы Есентай Ерботин Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Мәшһүр Жүсіп ауылында колхозшы шаруаның отбасында дүниеге келген.

1959 жылы онжылдық мектепті бітірді. Сол жылы әскери қатарына шақырылған. Германияда Кеңес әскерінің қатарында азаматтық борышын өтеп жүрген Есентай Ерботин аудандық, облыстық газеттеріне балауса өлең жолдарын жолдап тұрған. Үш жыл әскери қатарында болған Есентай Ерботин Қарағандыдағы

педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1967 жылы бітіріп шығады. Біраз уақыт ауылда мұғалім болады.

Әдебиет мұғалімі Е. Ерботин енді өзін журналистика саласында байқап көргісі келеді. Ақын облыстық «Қызыл ту» газетінде жұмыс істейді. Содан кейін облыстық телерадио комитетіне ауысады. 1981 жылдан бастап өмірінің соңғы сәтіне дейін Павлодар облысындағы Қазақ радиосының тілшісі болып істейді. Өлеңдері облыстық газетте, республикалық «Балдырған» журналында жиі жарияланып тұрды. 1975 жылы «Жазушы» баспасынан «Өркен» атты тұңғыш жинағы жарық көрді. Арада екі жыл өтпей «Жалын» баспасынан «Өнеге» деген екінші жинағы шықты. 1981 жылы осы баспадан «Серік пен Берік», 1984 жылы «Менің досым», 1991 жылы «Далаға саяхат» жинақтарын шығарды. Бұдан басқа ұжымдық жинақтарда «Кім боламын?», «Жаңылтпаштар», «Балдырған базарлығы», «Айналайын анашым» атты өлеңдері мен топтамалары жарияланды.

Белгілі жазушы, журналист, ақын Мұзафар Әлімбаев Есентай Ерботиннің ақындығын таныған шығармашылығына қол ұшын берген, келешегіне жол ашқан ұстазы. Балалар ақыны болу оңай емес, Қазақстанның балалар ақыны атануы Есентай Ерботинға да оңай келген жоқ. Қазақстанның халық жазушысы Дихан баба Әбілев атанған ақын-жазушының 1981 жылы Есентайға берген кепілдемесінде ақынның жинақтарына тоқталып келіп, оны балалар ақыны деп атаған. Қазақстан жазушылар одағының мүшелігіне қабылдануға ұсыныс жасаған.

Есентай Ерботин көптеген кітаптардың авторы. Міне осы кітаптарды асықпай оқып отырғанда ақынның алдымен өзінің кішкентай оқырмандармен ұғынысуға тырысатынын аңғару қиын емес. Ойын түсініктерін жеткізу үшін әр-түрлі өлең формаларын пайдаланады. Жұмбақтар, өтірік өлеңдері ойнақы ұйқастарға құрылған. Е. Ерботиннің өлең өлкесіндегі еңбектерінің тоқтар тұсының бірі - «Балалар бала болғанда» атты жинағы. Бұл жинаққа өлеңдер, бірнеше аңыздар мен толғаулар енген.

Е. Ерботиннің алғашқы өлеңі 1959 жылы облыстық «Қызыл ту» газетінде жарияланған екен. Автор өлеңдерінің бір тақырыбы - туған өлкенің тарихы, бүгінгі тынысы. Өмірінің соңғы сәтіне дейін қолынан қаламын тастамады. Шығармашылығын балаларға арнады. Өзінің балалар ақыны екендігін іштей мақтан тұтатын.

Әдебиеттер:

Ерботин Е. Серік пен Берік. – Алматы: Жалын, 1981. – 24 б.

Ерботин Е. Менің досым: өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 31 б.

Ерботин Е. Далаға саяхат: өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы: Жалын, 1991. – 80 б.

Алақай: хрестоматия: көркем сөз әлемі / Р. Б. Нұрғазина [және т.б.]; бас ред. К. Т. Байғабылова; сурет Ж. К. Кошен. – Алматы: Аруна Ltd, 2003. – 105 б.

Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы: 3 кітап / құраст. Ш. Ахметов; сурет. С. Б. Пернебаева. - 3-ші бас., өнд., толықт. – Алматы: Арман-ПВ, 2005. – 369 б.

Дайындауыш немесе қазақ тілінен 55 сабақ: оқу құралы / құраст. М. К. Абаева-Бегалиева [және т.б.]. – Астана, 2014. – 262 б.

Ерботин Есентай // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: анықтамалық. – Алматы, 2004. – 111 б.

Ерботин Есентай // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 181 б.

«Бәрі де екі жол өлеңнен басталады»: [Балалар ақыны Е. Ерботин жайлы] // Балалар бағының бағбандары. – Алматы, 2008. – 116 - 118 б.

Ерботин Есентай // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 301 - 302 б.

Ерботин, Е. «Білгіш бала»: [Балалар ақыны Е. Ерботиннің өлеңдері] // Балабек. – 2018. – № 8. – 7 б.

Баязитұл, С. Азамат еді ау Есентай! : [Есентай Ерботин туралы естелік] // Сарыарқа самалы. – 1995. – 19 қаңтар. – 3 б.

Қоңыр Т. Балалар ақыны: [Балалар ақыны Е. Ерботин жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2000. – 17 қазан. – 12 б.

- Игібаев, Р. Е. Көркемсөз оқу кеші (Ақын Есентай Ерботиннің шығармашылығына арналды) // Сарыарқа самалы. – 2000. – 24 қазан. – 12 б.
- Қарашашева Д. Ерботин : өлең // Қарашашева Д. Сезім серпіні. – Павлодар, 2005. – 78 б.
- Қайыров Е. Бала жүрегіне жол тапқан: [Балалар ақыны Е. Ерботин жайлы] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 31 қазан. – 5 б.
- Қайыров Е. Бала әлемін жырлап өткен: Есентай Ерботиннің 70 жылдығына // Шаһар. – 2010. – 15 сәуір. – 14 б.
- Қайыров Е. Ақын бақыты: Балалар ақыны Есентай Ерботиннің туғанына - 70 жыл // Сарыарқа самалы. – 2010. – 18 мамыр. – 4 б.
- Дала тәрбиесін алған балаң көңілді қаламгер: [Ақын Е. Ерботиннің 80 жылдығына орай] // Naizatas. – 2020. – № 5. – 92 - 93 б.
- Мұрсалова А. Жырлаған туған жердің әр қыратын: Ақын Есентай Ерботин туралы толғаныс // Naizatas. – 2020. – № 5. – 94 - 103 б.
- Мұрсалова А. Ақын еді ауылын шексіз сүйген: Есентай Ерботиннің туғанына - 80 жыл // Saryarqa samaly. – 2020. – 13 қазан. – 6 б.
- Қайыров Е. Ақын бақыты: Есентай Ерботиннің туғанына - 80 жыл // Saryarqa samaly. – 2020. – 20 қазан. – 8 б.
- Сағымбек Б. «Бала тілін тапқан қарымды қаламгер»: [Балалар ақыны, журналист Е. Ерботин жайлы] // Saryarqa samaly. – 2023. – 31 қазан. – 6 б.

16 қазан

Ерсайын Қандержанұлы Тәпеновтің
туғанына 80 жыл (1945-2020)



ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, режиссер Ерсайын Қандержанұлы Тәпенов Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында туған. 1968 жылы Москва қаласындағы мемлекеттік театр өнері институтының (қазіргі Ресейдің театр өнер Академиясы) режиссерлік факультетін (педагогтары Н. П. Охлопков, А. В.Эфрос пен В. Д. Дудин) бітірді.

1974-1976 жж. Москваның Сатира театрында стажировкада (В. Н. Плучектің жетекшілігімен) болды. 1968-1974 жж. Семей облысы драма театрының (қазіргі Семей музыкалық драма театры) режиссері, 1976-1979 жж. бұрынғы Торғай облыстық музыкалық драма театрында, ал 1990 жылдан Павлодар облыстық музыкалық драма театрының бас режиссері болды.

Е. Тәпеновтің 1970-1990 жж. қойған спектакльдері: М. Әуезовтің «Айман-Шолпаны», Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтоқтысы» мен «Қозы Көрпеш-Баян сұлуы» («Махаббат туралы поэма» деген атпен), Б. Майлиннің «Шұғасы», Қ. Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астындасы», Т. Ахтановтың «Махаббат мұңы» мен «Күшік күйеуі», Ә. Таразидің «Жақсы кісісі», Д. Исабековтің «Әпкесі», О. Сүлейменов пен Б. Мұқаевтың «Заманақыры», Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысы», Н. Гогольдің «Үйленуі», Еврипидтің «Медеясы», У. Шекспирдің «Асауға тұсауы» және т.б.

Поэзияға, пластикалық пен біртұтас сахналық әсерлі шешімге ден қою - оның режиссурасына тән қасиет. 1986 жылы С. Жүнісовтің «Өліара» спектаклінің қойылымы (1982) үшін Е. Тәпеновке ҚазКСР-нің Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Тәпенов Е. Өнер белестері. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 219 б.

Тәпенов Ерсайын Қандержанұлы // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 573 б.

Тәпенов Ерсайын Қандержанұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 681 б.

Қани А. Сен және мен: жыр жинағы. – Астана: Фолиант, 2012. – 294 б.

Жұматов Ғ. Биіктерді өнерге табындырған: [ҚР еңбек сіңірген қайратері,

мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрының бас режиссері Ерсайын Тәпенев 60 жаста] // Сарыарқа самалы. - 2005. - 29 қыркүйек. - 16 б.

Тәпенев Е. "Өнер ордасының отын жақтық": [Ж. Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалы драма театрына - 25 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2015. – 5 желтоқсан. – 7 б.

Тәпенев Ерсайын Қандержанұлы: [Қазақ театр өнерінің көрнекті өкілі, режиссер, педагог, «Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е. Қ. Тәпенев дүниеден озды] //Saryarqa samaly. – 2020. – 4 тамыз. – 10 б.

Омаров М. Өзіне де, өзгеге де талапшыл еді: [Қазақ театр өнерінің көрнекті өкілі, режиссер, педагог, «Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е. Қ. Тәпеневтың рухына] // Saryarqa samaly. – 2020. – 15 қазан. – 17 б.

Хашымқызы Қ. Қазақ руханиятының қарашаңырағы: Облыстық Ж. Аймауытов атындағы қазақ музыка драма театрына – 30 жыл // Saryarqa samaly. – 2020. – 19 қараша. – 14 б.

Сахаба Т. Театр қайраткері – ел жадында: [Ж. Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка– драма театрының іргетасын қалаушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ерсайын Тәпеневке арналған меммориалды тақта ашылды] // Saryarqa samaly. – 2021. – 21 қазан. – 3 б.

Балтабай Ғ. Қ. Облыс театрының алғашқы режиссері: [Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі театр режиссері Е.Тәпенев жайлы] // Saryarqa samaly. – 2024. – 23 мамыр (№ 21). – 26 б.

18 қазан

Жаяу Мұса Байжановтың
туғанына 190 жыл (1835-1929)



Әнші, ақын, композитор Жаяу Мұса Байжанов Баянауыл ауданы Жасыбай көлінің маңында туған. 1851 жылы Қызылжарға (қазіргі Петропавл) келіп, орыс тілін үйренеді. Ол домбыра, қобыз тартумен қатар, сырнай мен скрипка ойнауды да меңгереді. Қаладағы оркестрлердің, әншілердің орындауындағы концерттерді қызыға тыңдайды. Бұл оның музыкалық-эстетикалық талғамын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Жаяу Мұсаның Ш. Уәлихановпен бірге жүруі, Ы. Алтынсариннің өлеңіне («Кел, балалар, оқылық») ән шығаруы, өлеңмен күнделік жазуы, Абайға өлең арнауы, Л. Н. Толстой кейіпкерінің атын баласына қоюы – оның заман лебін терең сезінгендігін байқатады. Жаяу Мұса 1854 жылы Омбы қаласындағы орыс мектебінде оқыды. Осындағы кітапханадан Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан, Орынбор, Ақмола, т.б. қалаларда шығатын газет-журналдармен, кітаптармен танысады. Жаяу Мұсаның тырнақалды туындысы «Қыздар-ай» Омбыда дүниеге келді. Билігі жүріп тұрған Шормановтар әр түрлі жала жауып, 1860 жылы оны Тобылға 12 жылға жер аудартады. «Сүйіндік», «Тұтқын зары» әндері осы кезде шыққан. Тұтқында 2 жыл болғаннан кейін өзі сұранып әскерге кетеді. Оны Литвада Орталық Азия жорығына дайындалып жатқан Г. Черняевтің отрядына жібереді. 1863-1965 жылдары Жаяу Мұсаның әншілік, композиторлық өнері халық музыкасымен тығыз байланыста дамыды. Сол тұста өмір сүрген Тоқсанбай, Жанак, Түбек, Көтеш, Жаңабай сынды ақын-жыршылардың дәстүрлерін үлгі тұтып, жаңалыққа құлаш ұрды. Жаяу Мұсаның әлеуметтік теңсіздікті әшкерелейтін «Ақсиса», «Хаулау», «Шормановқа», «Толғау», «Бұзау зары», «Тұтқын зары», «Сүйіндік», туған жер табиғатын суреттейтін «Баянауыл», «Жаздың күні», «Жазда», «Ұлытау», «Сарын»; аңшылық-саятшылық туралы «Тұрымтай», «Қаршыға», «Көгершін», күлдіргі «Құлбай», «Қазан қыздары», махаббатты жырлайтын «Сұрша қыз», «Шолпан», «Сәулем қыздар», «Гауһар қыз», «Ләйлім»; өмірлік серігі Сапарға арналған «Келдім, Сапар, басыңа» атты әндері бар. Сондай-ақ, ол – лирикалық сипаттағы «Қыз күйі», «Қызбала күйі», «Қызқарқара», «Қамшылау» сияқты күйлердің де авторы. Көптеген мысқыл өлеңдерімен қатар «Шал мен торғай», «Бөдене мен қаншыр» атты мысалдары да бар. Жаяу Мұса көңілге түйгендерін орысша, қазақша қағазға түсіріп отырған. Қазақ қоғамының әлеуметтік істеріне белсене араласып, ұлт мәдениетіне елеулі үлес қосты. Жаяу Мұсаның көптеген қолжазбалары Алматы, Қазан, Санкт-Петербург, Омбы мұрағаттарынан табылды. Оның әндері мен күйлерін алғаш нотаға түсіріп, жазып алғандар – А. В.

Затаевич, А. Жұбанов, Б. Г. Ерзакович, М. Лалинов; әндерін айтып берушілер – Қ. Бабақов, Қ. Байжанов, Ә. Қашаубаев, Қ. Лекеров, Ж. Елебеков және Жаяу Мұсаның баласы Салық Мусин. Оның музыкалық мұрасын қазақ композиторлары опера («Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Бір жан – Сара», «Бекет»), симфония, эстрада жанрларында пайдаланды. Жаяу Мұса әндері Е. Серкебаев, Қ. Байбосынов, т. б. әншілердің репертуарынан орын алды. Әнші бейнесі көркем шығармаларда (З. Ақышевтың «Жаяу Мұса» романы) сомдалды. Павлодар облысының Ақсу қаласындағы мәдени-ағарту училищесі және Павлодар қаласының бір көшесі Жаяу Мұса есімімен аталады.

Әдебиеттер:

Жаяу Мұса. Ақ сиса: әндер мен күйлер. - 2-ші бас. – Алматы: Өнер, 1985. – 110 б.

Жаяу Мұса Байжанұлы // Қазақстан: ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – 3 Т. – 612 - 613 б.

Жаяу Мұса Байжанұлы // Қазақ мәдениеті: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2010. – 244 - 245 б.

Жаяу Мұса Байжанұлы // Тарихи тұлғалар: танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған / құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова. - 5-ші бас. – Алматы, 2011. – 240 - 241 б.

Жаяу Мұса Байжанұлы // Ертістің Павлодар өңірі: энциклопедия / бас ред. Б. Ө. Жақып. – Алматы, 2013. – 339 - 340 б.

Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Т. 5: XX ғасыр басындағы ақындар шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1986. – 216 б.

Бес ғасыр жырлайды: екі томдық. Т. 1 / құраст. М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. 2 томдық. Т. 2 / құраст. М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.

Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. - Өнд. толық. - 2-бас. – Алматы: Дайк – Пресс, 2001. – 439 б.

Қазақ әндері және халық композиторларының әндері. – Алматы: Кочевники, 2002. – 336 б.
Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 206 б.

Әбенбаев, С. Эстетикалық мәдениет негіздері: оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2005. – 290 б.

Әлімбек Г. Қазақ тілі: музыкалық жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінің жалғастырушы топ студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2005. – 124 б.

Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы / Т. Жұмалиева, Д. Ахметбекова, Б. Ысқақов, Ә. Қарамендина, З. Қоспақов. – Алматы, 2005. – 560 б.

Асыл Ұ. А. Қазақ әдебиеті: орыс тілінде жалпы білім беретін мектептің қоғамдық– гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Т. К. Жумажанова. – Алматы: Мектеп, 2006. – 246 б.

Аллаберген Қ. Айдабол Сары батыр: тарихи әдеби шығарма. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 387 б.

Жеті ғасыр жырлайды. Т. 2: XIV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын– жырауларының шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2008. – 526 б.

Артықбаев Ж. О. Баянауыл. – Астана: Фолиант, 2009. – 310 б.

Әбентегі Қ. М. Рух нәрі - ұлы сөз. – Павлодар: ЭКО, 2009. – 237 б.

Әлемдік өнертану: 3 томдық. Т. 3: Музыка өнері – Тынысбек Қоңыртбай / томдың авт. Т. Қоңыртбай. – Алматы: Өлке, 2009. – 479 б.

Бегалин Қ. Империя құрамында: қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2010. – 220 б.

Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 11: Жиған-тергендер. – Алматы: Ел-шежіре, 2010. – 356 б.

- Ақышев З. Жаяу Мұса: роман. – Алматы: Жібек Жолы, 2011. – 455 б.
- Ғабитов Т. Х. Қазақ философиясы. – Алматы: Раритет, 2011. – 278 б.
- Қанатбаев Д. Таңдамалы өлеңдер жинағы. Т. 2. – Алматы: Қазығұрт, 2011. – 375 б.
